Астана қаласы мәслихатының
2015 жылғы 11 желтоқсандағы
№ 427/61-V шешіміне
қосымша
2016 ж. 27 желтоқсандағы
өзгерістермен

# 2016-2020 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасы

**АСТАНА ҚАЛАСЫ, 2015 ЖЫЛ**

# МАЗМҰНЫ

**1-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ ..... 3**

**2-БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ ..... 9**

**2.1. Экономиканы дамыту ..... 9**
**2.2. Әлеуметтік сала ..... 29**
**2.3. Қоғамдық тәртіп және құқықтық тәртіп ..... 52**
**2.4. Инфрақұрылымды дамыту ..... 57**
**2.5. Экология ..... 73**
**2.6. Мемлекеттік қызметтер ..... 76**

**3-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ ..... 79**

**1-бағыт. Заманауи бәсекеге қабілетті қала. ..... 79**
1-мақсат. Елорда экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру ..... 79
2-мақсат. Астананың Еуразияның іскерлік орталығы ретінде қалыптасуы . 84
**2-бағыт. Әлеуметтік-бағдарланған, мәдени және креативті қала ..... 86**
1-мақсат. Жеке табыстылықты қалыптастыру және тұрғындардың құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасау ..... 86
2-мақсат. Денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және сау, салауатты өмір салтын насихаттау ..... 88
3-мақсат. Экономиканың басымды секторларында жалақысы жоғары жұмыс орындарын құруды және халықтың атаулы топтарын әлеуметік қолдаудың сапасын ынталандыру жолымен халықтың әл-ауқатын жақсарту ..... 91
4-мақсат. Астананы мәдениеттің өңірлік орталығы ретінде дамыту ..... 94
**3-бағыт. Астананы қауіпсіз қалаға айналдыру ..... 95**
1-мақсат. Қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету ..... 95
**4-бағыт. Өмір сүру үшін қолайлы қала ..... 99**
1-мақсат. Байланыс пен ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту ..... 99
2-мақсат. Қалалық ортаны өзгерту жолымен қоғамдық кеңістіктерді дамыту ..... 100
3-мақсат. Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру ..... 102
4-мақсат. Көлік инфрақұрыоымын дамыту ..... 103
5-мақсат. Халықты қолжетімді коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету үшін ТҮКШ саласы кәсіпорындарының өнімділігін ұлғайту ..... 105
**5-бағыт. Қолайлы экологиялық орта қаласы ..... 109**
1-мақсат. Таза қоршаған ортаны сақтау ..... 109
**6-бағыт. Қаланы басқару тиімділігін арттыру. ..... 112**
1-мақсат. Мемлекеттік құрылымдардың қызмет тиімділігін арттыру жолымен мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен анықтығы ..... 112

**4-БӨЛІМ. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР ..... 114**

# 1-БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| **Бағдарлама атауы** | 2016-2020 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасы |
| **Әзірлеулер үшін негіз** | Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығы |
| **Негізгі аумақтар мінездемесі** | Астана қаласы – Қазақстан Республикасының елордасы барлық Еуразиялық кеңістікте қарқынды өсіп жатқан мегапоистердің бірі болып табылады.<br>Алаңы 710 км2 елорда аумағында 1,0 млн. адам немесе еліміздің халқының жалпы санының 5,7% (17 671,0 мың адам) өмір сүруде. Халықтың тығыздығы 1 км2-ге 1190,1 адамды құрайды.<br>Өңірлік қимада елорда үлесіне шамамен 11,8% ЖӨӨ, 11,1% тартылған инвестициялар, 14,2% мемлекеттік бюджетке түсімдер, 19,7% пайдалануға берілген тұрғын үй, 23,8% шағын және орта бизнес субъектілері өндірген өнім көлемі ие.<br>Экономика құрылымында қызмет көрсету саласы алда, оның үлесіне 60,8%, сауда үлесіне 20,9%, құрылыс және өнеркәсіпке тиісінше 9,1% және 4,4% тиесілі. |
| **Бағыттар** | Заманауи бәсекеге қабілетті қала<br>Әлеуметтік-бағдарланған, мәдени және креативті қала<br>Астананы қауіпсіз қалаға айналдыру<br>Өмір сүру үшін қолайлы қала<br>Қолайлы экологиялық орта қаласы<br>Қаланы басқару тиімділігін арттыру |
| **Мақсаттар** | Елорда экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру<br>Астананың Еуразияның іскерлік орталығы ретінде қалыптасуы<br>Жеке табыстылықты қалыптастыру және тұрғындардың құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасау<br>Денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және сау, салауатты өмір салтын насихаттау<br>Экономиканың басымды секторларында жалақысы жоғары жұмыс орындарын құруды және халықтың атаулы топтарын әлеуметік қолдаудың сапасын ынталандыру жолымен халықтың әл-ауқатын жақсарту<br>Астананы мәдениеттің өңірлік орталығы ретінде дамыту<br>Қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету<br>Байланыс пен ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту<br>Қалалық ортаны өзгерту жолымен қоғамдық кеңістіктерді дамыту<br>Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру<br>Көлік инфрақұрыоымын дамыту<br>Халықты қолжетімді коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету үшін ТҮКШ саласы кәсіпорындарының өнімділігін ұлғайту<br>Таза қоршаған ортаны сақтау<br>Мемлекеттік құрылымдардың қызмет тиімділігін арттыру жолымен мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен анықтығы |

| | |
|---|---|
| **Нысаналы индикаторлар (2020 жылдың соңына қарай)** | Жалпы өңірлік өнім· көлемі 7577,7 млрд. теңгеге жетеді;<br>Жалпы өңірлік өнім көлемінің өсу индексі 2014 жылдың деңгейіне 1,3 есені құрайды;<br>Инфляция деңгейі 8,0% деңгейінде ұсталып тұратын болады;<br>Халықтың адам басына шаққандағы ЖӨӨ 6 713,8 мың теңгені құрайды;<br>Басқа өңірлерге жіберілген өнімдердің көлемі (саны 50 адамнан артық өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша) – 257,5 млрд. теңге;<br>Өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 30,7 мың АҚШ долларын/адамды құрайды.<br>Индустриялық парк аумағындағы өнеркәсіп өнімдерін шығару көлемі – 310,4 млрд. теңге;<br>Қолданыстағы кәсіпорындар санынан ақпаратты – белсенді кәсіпорындар үлесі 23,0%-ға дейін ұлғаяды.<br>ЖӨӨ жалпы көлеміндегі инновациялық өнім үлесі 4,3% құрайды.<br>Шағын және орта кәсіпкерліктің қолданыстағы субъектілерінің үлесі тіркелгендердің жалпы көлемінде 90% құрайды.<br>Бөлшек сауданың көлемі 134% ұлғайды;<br>«Бөлшек сауда» қызмет түрімен, сауда алаңы 2000 ш.м. кем емес сауда объектілері санының ұлғаюы - 7;<br>Басқа облыстардың резиденттерінен және бейрезиденттерден сатып алынған тауарлардың үлесті салмағы (жұмыс істейтіндердің саны 50 адамнан артық көтерме кәсіпорындар бойынша) – 71,2 %;<br>Салықтық және салықтық емес түсімдер өсімінің көлемі 1,6 есе;<br>ШОБ саласында тіркелген салық төлушілер санының өсім қарқыны - 106,5%;<br>2014 жылғы деңгейге негізгі капиталға инвестициялардың көлемі 1,4 есе;<br>Жан басына шаққанда негізгі капиталға салынатын инвестицияның өсу қарқынының көлемі 152%;<br>Негізгі капиталға салынатын инвестицияның жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі 5,7%;<br>2015 жылғы деңгейге тікелей инвестицияның өсуі 200,0%;<br>Шикізаттық емес сектордың негізгі капиталына инвестициялардың 2015 жылға қатысты өсімі (мемлекетітк бюджеттен бөлінетін инвестицияларды қоспағанда) 103,0%;<br>Мерзімі бұзылып берілген субсидия үлесін төмендету 0%;<br>Тамақ өнімі өндірісінің негізгі капиталына салынатын инвестицияның НКИ 102,0%;<br>Өткен жылмен салыстырғанда кіру туризмі бойынша орналасу орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің санын ұлғайту бей(резиденттер) 103,9%;<br>Ұсынылған кереуеттік сөткелерді ұлғайту 102,0%;<br>15 жастан 28 жас аралағындағы жастардың жалпы санындағы NEET үлесі 6,7%-ға қысқарады;<br>3 жастан 6 жасқа дейінгі мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытумен балаларды қамту 100,0%, оның ішінде жеке меншік мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту есебінен 40,0% құрайды;<br>Техникалық және кәсіби оқыту білім беру ұйымдары түлектерінің жұмысқа орналасқандар үлесі, оқытудың бірінші жартыжылдығында 96,0%;<br>Жұмыс істейтін үш ауысымдық және апатты мектептер саны, 0 бірлікке жетеді; |

| | |
|---|---|
| | Табиғи-математикалық пәндер бойынша мектеп түлектері арасында білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген жақсы (өте жақсы/жақсы) оқитын оқушылар үлесі 62%;<br>Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санынан инклюзивті білім берумен балаларды қамту, 52%;<br>Үлгілік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіби білім берумен қамту үлесі 23,3%;<br>Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға 14-29 жастағы халықтың қанағаттандырылу деңгейі 79%;<br>Мемлекеттік нормативке сәйкес орта білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету 100%;<br>Қосарлы білім үлгісімен қамтылған ТжКБ мекемелерінің үлесі 100,0%;<br>Толық мектептердің саны, 0 бірлікті құрайды;<br>Халықтың саны – 1145,4 мың адам;<br>Ана өлімін төмендету, тірі туған 100 мың балаға шаққанда көлемі 13,5-ке дейін қысқарады;<br>Сәби өлімін төмендету, 1000 тірі туған балаға шаққанда көлемі 5,7-ге дейін қысқарады;<br>Қан айналымы жүйесі ауруынан өлім, 100 мың адамға шаққанда көлемі 104,0-ге дейін қысқарады;<br>Ісік ауруларынан өлімді төмендету, 100 мың адамға шаққанда көлемі 75,0-ге дейін қысқарады;<br>Туберкулезден өлім, 100 мың адамға шаққанда көлемі 2,4-ке дейін;<br>ВИЧ таралуы (15-49 жас тобындағы) 0,49%;<br>Халықтың нашақорлықпен ауыруы деңгейі, 100 мың адамға шаққанда көлемі 30;<br>Шетелден келген «медициналық» туристер саны, 1500 адам;<br>Дене тәрбиесімен және спортпен айналысатын адамдарды қамту 30%;<br>7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің жалпы санынан балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінде, балалар мен жасөспірімдерге арналған клубтарда дене тәрбиесімен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдердің қамтылуы 27,0%;<br>Жұмыссыздық деңгейі, 4,5% қысқарады;<br>Жастар жұмыссыздығы (15-28 жас аралығы), 4,6% дейін;<br>Әйелдер жұмыссыздығы 4,8%;<br>1000 адамға шаққанда еңбек қызметіне байланысты оқыс жағдайлар кезінде зардап шеккендердің сан 0,44 адам;<br>Анықталған бұзушылықтардың жалпы мөлшеріне еңбек заңнамасының жойылған бұзушылықтардың үлесті салмағы 98%;<br>Жұмыспен қамту мәселесі бойынша жүгінген тұлғалар санынан жұмысқа орналасқандар үлесі 51,2%;<br>Жұмыспен қамту мәселесі бойынша жүгінген тұлғалар санынан тұрақты жұмысқа орналасқандар үлесі 30,3%;<br>Заңды тұлғалар тартатын шетел жұмыс күшінің құрамындағы білікті мамандардың үлесті салмағы (шетел жұмыс күшін тарту жөніндегі квота бойынша 50%;<br>Құрылған жұмыс орындарының саны 95 700 бірлік;<br>Жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге жүгінген еңбек жасындағы мүгедектердің жұмысқа орналасқандарының саны 578 адам;<br>Табысы күн көріс мигимумынан төмен халық үлесі 0,3%;<br>Атаулы әлеуметтік көмек алғандар санынан жұмысқа қабелеттілер үлесі 23%; |

| | |
|---|---|
| | Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулермен қамтылған тұлғалардың үлесті салмағы (оларды алуға мұқтаж тұлғалардың жалпы санында) 100%;<br>Жеке сектор субъектілері ұсынған арнайы әлеуметтік қызметтермен қамтылғандар үлесі (оның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен) 11,1%;<br>Әлеуметтік, көліктік инфрақұрылым объектілерінің жалпы санынан мүгедектер үшін қол жетімді құралдармен жабдықталған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің үлесі 100%;<br>1000 адамға шаққанда мәдениет ұйымына барушылардың орташа саны:<br>Кітапханалардың (қолданушылар) – 182,9;<br>Театрлардың – 314,5;<br>Мұражайлардың – 1140,1;<br>Концерт ұйымдарының – 1939,9;<br>Мемлекеттік тілді меңгерген ересек халықтың үлесі 90%;<br>Ағылшын тілін меңгерген ересек халықтың үлесі 27%;<br>Үш тілді (мемлекеттік, орыс, ағылшын) меңгерген ересек халықтың үлесі 12,0%;<br>Этникаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты оң бағалаған халық үлесі 95%;<br>Көшелерде жасалған қылмыстардың үлесті салмағы 32,7%;<br>Кәмелет жасқа толмағандар жасаған қылмыстардың үлесті салмағы 1,85%;<br>Бұған дейін қылмыс жасағандардың қылмыстарының үлесті салмағы 12%;<br>100 зардап шеккендерге шаққанда жол-көлік оқиғаларда қайтыс болғандардың саны – 15,3;<br>1000 бірлікке шаққанда автокөлік апатын төмендету - 40%<br>Есірткімен байланысты қылмыстардың жалпы санынан есірткі сатумен байланысты немесе сату мақсатында жасалған анықталған қылмыстардың үлесі – 18,7%;<br>Тіркелген қылмыстардың санынан есірткімен байланысты қылмыстардың үлесі – 0,62%;<br>Нашақорлық жағдайында қылмыс жасағандардың қылмыстың жалпы көлеміндегі үлесі - 0,1%;<br>Алып қойылған наша заттарының жалпы салмағы 250 кг, оның ішінде героин 16 кг;<br>Кешенді алдын алу жұмыстарымен қамтылған радикалды идеологияларға жақын, тартылған жастар мен тұлғалардың үлесі - 100%;<br>Діни экстремизим және терроризм идеяларын насихаттайтын мақалаларды жариялауға жүргізілген мониторинг материалдарының көлемі:<br>БАҚ баспа 240 белгі;<br>БАҚ электронды 295 сағат;<br>Интернет көздері 1000 бірлік;<br>Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымын қамтамасыз ету деңгейі, 100%;<br>Су объектілеріне батып кеткендер үлесі, 19 адам;<br>100 тұрғынға шаққанда телефон байланысының тіркелген желілерінің тығыздығы 26,7;<br>Интернет пайдаланушылар үлесі, 88,2%<br>Халықтың сандық сауаттылық деңгейі, 89,2%<br>Жаңа тәсілмен жабдықталған қоғамдық кеңістіктердің саны, 50 бірлік; |

| | |
|---|---|
| | Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі, 102,5%;<br>Пайдалануға енгізілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы ауданы, 1344,0 ш.м.<br>Халықтың баспанамен қамтамасыз етілуі, бір адамға шаққандағы 32м;[2]<br>2015 жылғы деңгейге әлеуметтік баспана алуға мұқтаж адамдардың санын төмендету, 50,0%;<br>Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу 22,8 км;<br>Жолаушылар айналымының мөлшері 25 687,9 пкм;<br>Қоғамдық көлікті пайдаланатын халықтың саны, 45,0%;<br>Қалада:<br>Орталықтандырылған сумен қамту жүйесімен қамтылған халықтың үлесі, 95,7%;<br>Орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтылған халықтың үлесі, 91,5%;<br>Жылумен қамту қызметтерімен қамтамасыз етілу деңгейінің ұлғаюы, 95,0%;<br>Жалпы ұзақтықтан жаңғыртылған желілердің үлесі:<br>жылу жүйесі - 0,8%;<br>сумен қамту жүйесі – 1,5%;<br>су бұру жүйесі – 0,6%;<br>электр жүйесі – 0,4%;<br>2015 жылғы деңгейдегі 100 км электр жүйесінің апаттық саның төмендету 20% құрайды;<br>Апаттық жағдайдағы кондоминиум объектілеріінң саны, 3,8%<br>Күрделі жөндеуді қажетсінетін кондоминиум объектілерінің үлесін төмендету – 12,4%;<br>Жөндеуді қажетсінетін аула аумақтарының үлесін төмендету, 6,8%;<br>2013 жылмен салыстырғанда 2002 жылға қарай ішкі өңірлік өнімнің энергия жұмсалуын 10% төмендету (2000 жылғы бағада мың АҚШ долларына шаққанда 0,06 тнэ на тыс.долларов) 0,054 құрайды;<br>Нормативтік ластаушы заттардың мөлшері:<br>атмосфералық ауаға шығарылымдар 135,0 мың тонна;<br>су объектілеріне шығарылымдар 180,0 мың тонна;<br>Қатты тұрмыстық қалдықтарды жоюдың үлесі 50,0% құрауы;<br>Халықты қалдықтарды жинау және жүктеу қызметтерімен қамту, 100%;<br>Экологиялық талаптарға және санитарлық ережелерге сәйкес келетін қатты тұрмыстық қалдықтардың үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан), 100%;<br>Елорданың бір тұрғынына шаққанда жасы желектердің ауданын ұлғайту, 18,0 м2;<br>«Жасыл белдеу» аумағында отырғызылған желектердің саны, 1000 мың бірлік;<br>Ауаның ластану индексі ИЗА$_5$ 5,0 % көп еместі құрайды;<br>Жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасымен қанағаттану деңгейін арттыру, 96%;<br>Мемлекеттік қатысуы бар шығынды залалды ұйымдардың үлесін төмендету – 2,0%. |
| **Қажетті көздер** | Қаржыландыру көздері: республикалық және жергілікті бюджет, инвесторлардың жеке қаражаты, қарызға алынған қаражат.<br>Қаржыландыру көлемдері:<br>2016 жыл – 1 141 342,9 млн. теңге, в т.ч.:<br>республикалық бюджет– 206 899,7 млн. теңге; |

| | |
|---|---|
| | жергілікті бюджет– 174 346,3 млн. теңге;<br>жеке және қарызға алған қаражат – 759 752,2 млн. теңге;<br>ұлттық қор – 344,7 млн. теңге.<br>2017 жыл – 1 081 077,6 млн. теңге, в т.ч.:<br>республикалық бюджет– 153 194,9 млн. теңге;<br>жергілікті бюджет– 182 847,3 млн. теңге;<br>жеке және қарызға алған қаражат – 745 035,4 млн. теңге.<br>2018 жыл – 944 647,9 млн. теңге, в т.ч.:<br>республикалық бюджет– 44 123,8 млн. теңге;<br>жергілікті бюджет– 158 865,7 млн. теңге;<br>жеке және қарызға алған қаражат – 741 658,4 млн. теңге.<br>2019 жыл – 999 352,6 млн. теңге, в т.ч.:<br>республикалық бюджет– 34 056,2 млн. теңге;<br>жергілікті бюджет– 168 255,7 млн. теңге;<br>жеке және қарызға алған қаражат – 797 040,7 млн. теңге.<br>2020 жыл – 1 083 299,7 млн. теңге, в т.ч.:<br>республикалық бюджет– 36276,1 млн. теңге;<br>жергілікті бюджет– 143037,9 млн. теңге;<br>жеке және қарызға алған қаражат – 903985,7 млн. теңге.<br>Барлығы – 5 249 720,7 млн. теңге, оның ішінде:<br>республикалық бюджет– 474 550,7 млн. теңге;<br>жергілікті бюджет– 827 352,9 млн. теңге;<br>жеке және қарызға алған қаражат – 3 947 472,4 млн. теңге;<br>ұлттық қор – 344,7 млн. теңге. |

# 2-БӨЛІМ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

## 2.1. Экономиканы дамыту

2014 жылыдң қорытындысы бойынша Астана қаласының ЖӨӨ көлемі 4019,6 млрд. теңгені құрады, қала үлесіне ЖӨӨ жалпы көлемінде 10,1% тиесілі. 2015 жылы еліміздің ЖӨӨ елорда үлесі 11,8%-ға дейін ұлғайды, ЖӨӨ көлемі 4 809,6 млн. теңгені құрады. 2012 жылдан бастап нақты мәндегі экономиканың негізгі көрсеткіштерінің жыл сайынғы қсуі серпіні орта есеппен 10,2% құрайды.

**1-диаграмма**

**Астана қаласының жалпы өңірлік өнімінің өсу қарқыны, млрд. теңге**




ЖӨӨ құрылымында ең жоғары үлесті қызмет көрсету мен сауда (86,8%) құрайды, оның ішінде қызмет көрсету – 64,2%, бөлшек және көтерме сауда – 22,6%. Өнеркәсіп өндірісі мен құрылыс үлесі тиісінше 3,6% және 9,6% құрайды.

**1-кесте**

**Экономика салалары өсімінің қарқыны**

| | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | НКИ, % | млн. теңге | НКИ, % | млн. теңге | НКИ, % |
| **ЖӨӨ көлемі, оның ішінде** | **3 483 325,1** | **110,6** | **4 019 602,8** | **109,4** | **4 809 636,5** | **106,4** |
| ТАУАРЛАРДЫ ӨНДІРУ | **452 212,4** | **93,2** | **537 149,4** | **117,3** | **653 837,2** | **111,4** |
| Ауыл, орман өсіру және балық шаруашылығы | 5 004,9 | 110,1 | 5 168,6 | 98,0 | 5 647,9 | 91,9 |
| Өнеркәсіп, оның ішінде: | 126 666,9 | 106,3 | 146 750,7 | 98,2 | 210 496,2 | 105,1 |
| Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу | 0,5 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 |
| Өңдеу өнеркәсібі | 103 299,3 | 108,6 | 119 721,4 | 96,1 | 177 736,9 | 105,0 |
| Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау | 19 566,9 | 103,8 | 23 333,3 | 111,6 | 28 677,8 | 106,0 |
| Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын жабдықтау | 3 800,2 | 80,2 | 3 696,0 | 85,1 | 4 081,5 | 102,3 |
| Құрылыс | 320 540,6 | 89,0 | 385 230,1 | 125,1 | 437 693,1 | 114,0 |
| **ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨНДІРУ** | **2 797 714,7** | **113,3** | **3 240 049,3** | **108,1** | **3 932 254,8** | **105,7** |
| Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу | 773 798,6 | 120,2 | 907 427,6 | 107,1 | 1 005 895,4 | 103,1 |

| | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | НКИ, % | млн. теңге | НКИ, % | млн. теңге | НКИ, % |
| Көлік және қоймалау | 330 167,8 | 107,2 | 343 080,7 | 105,4 | 411 147,6 | 109,2 |
| Ақпарат және байланыс | 246 198,9 | 110,2 | 260 394,6 | 110,2 | 263 898,0 | 100,5 |
| Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар | 379 357,2 | 105,1 | 445 059,7 | 116,0 | 545 164,0 | 115,2 |
| Басқа қызмет көрсетулер | 1 068 192,2 | 114,3 | 1 284 086,7 | 106,5 | 1 706 149,8 | 104,3 |

Адам басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 2014 жылдың қорытындысы бойынша 4 821,6 мың теңгені құрады, бұл республика бойынша орташа көрсеткіштен артық (2 294,8 мың теңге). Қарастырылып отырған көрсеткіштің номинальды өсуі 2013 жылмен (4 374,3 мың теңге) салыстырғанда 10,2% құрады, 2012 жылға ұлғаю (3 479,6 мың теңге) 38,6%. 2015 жылы адам басына шаққандағы ЖӨӨ көлемі 2014 жылмен салыстырғанда номинальды түрде 15,6%-ға ұлғайды және 5 574,8 млн. теңгені құрады, көрсеткіш республикалық деңгейден 2,4 есеге өсті.

**Өңіраралық ынтымақтастық**

2015 жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласының Қазақстанның өзге де өңірлерімен өзара сауда айналымы 336,0 млрд. теңгені құрады, оның ішінде елорда кәсіпорындары 50,1 млрд. теңге сомасына немесе 20,8% өндіріс өнімдері тиелді, олардың негізгі үлесі – 88,8% немесе 44,5 млрд. теңге Алматы қаласына тиесілі.

2015 жылы өңіраралық сауданың оң серпіні байқалды, оның көлемі 570,9 млрд. теңгені құрады. 2014 жылмен салыстырғанда заңды тұлғаларыдң өзге обыстың резиденттерімен абсолютты, сондай-ақ, салыстырмалы мәнде сауда көлемдерін ұлғайту байқалды. Мысалы, 2015 жылы сатып алынған тауарлар көлемі 402,5 млрд. теңгені құрады, бұл тауар айналымының жалпы көлемінің 70,5% құрайды, ал 2014 жылы тауар айналымы 204,8 млрд. теңгені немесе 61,0% құрады.

Астана қаласына жеткізу құрылымында аса үлкен үлеске Оңтүстік Қазақстан (25,6% немесе 62,1 млрд. теңге), Шығыс Қазақстан облысы (21,8% немесе 53,1 млрд. теңге) және Павлодар облысы (11,4% немесе 27,7 млрд. теңге) ие.

Түсімдер көзіне сүйене отырып, Астана қаласында сатып алынған тауарлардың мөлшері 2014 жылы 336 млрд. теңгені немесе жалпы республикалық көлемнің 11% құрады, бұл Алматы қаласынан кейін екінші көрсеткіш (1 612,6 млрд. теңге немесе 52,8%) болып табылады.

**2-диаграмма**

**2014 жылы түсім көздері бойынша сатып алынған тауарлар мөлшерінің құрылымы,**
млрд. теңге







Сатып алу құрылымында елорда үлесі республикалық көлемде (3049,7 млрд. теңге) 11% құрайды. Елордалық кәсіпкерлер сатып алудың жалпы көлемінен 10,7% немесе 36,1 млрд. теңгені қамтамасыз еткенін айтып өту керек, бұл өндірістің орналасу өңіріне өнім жеткізудің республикалық көлемінің шамамен 4% құрайды. Сонымен қатар, басқа өңірлердің резиденттерінен сатып алудың көлемі шамамен 26% немесе 204,8 млрд. теңге сомасындағы ең жоғары үлестердің бірі болып табылады, бұл Алматы қаласының деңгейіне сәйкес келеді (26,1% или 205,7 млрд. теңге).

Шетелдік компаниялардың өнім жеткізу көлемі 95,1 млрд. теңгені немесе 28,3% құрады, бұл жалпы республикалық көлемнің 7,2% құрайды.

20013 жылмен салыстырғанда елорданың басқа өңірлердің резиденттерінен сатып алу көлемі 43,5%-ға 2013 жылғы 142,7 млрд. теңгеден 2014 жылы 204,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Алайда, елорда қажеттілігін қамтамасыз етудегі өңірлердің жалпы салмағы тиісінше 68,7%-ден 61%-ға дейін азайды. Резидент еместердің жеткізетін өнім көлемі 46%-ға, 65,1 млрд. теңгеден 95,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал үлесті салмағы керісінше, 31,3%-дан 28,3%-ға дейін қысқарды.

**Өнеркәсіп**

Өнеркәсіп өндірісінің құрылымында негізгі үлесті өңдеуші сектор құрайды – 84,1% (2012 жылы 81,1%, 2013 жылы 83%), өндіріс және электр энергиясын, газды және суды бөлу – 15,9% (талданып жатқан жылдар бойынша тиісінше 18,9% және 17 %).

2015 жылы салалар құрылымы сол деңгейде маңызды емес ауытқушылықтармен сақталды – өңдеуші өнеркәсіп үлесі 83,4%, электр энергиясын, газ бен суды өндіру және тарату – 16,6% құрады.

Индустриялық парк аумағында, сондай-ақ 2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Үдемелі индустриялық – инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі - ҮИИДМБ) Индустрияландыру картасы шеңберінде жаңа кәсіпорындарды пайдалануға енгізу өңдеуші секторда әртараптандыру деңгейінің ұлғаюына әсер етті. Бүгінгі күні машина жасау саласының кәсіпорындары барлық өнімнің 33% өндіреді, металлургия саласы

0,6 %-дан 15,2%-ға дейін өсті, басқа бейметалл минералды өнім үлесі 27 % құрайды.

Тауарларды шығару номенклатурасының кеңеюі нәтижесінде 2014 жылы кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандардың саны 20 мың адамға артты немесе жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 7,5% құрады (17,1 мың адам – 2012 жылы және 19 мың адам - 2013 жылы).

Жалпы, республикалық көлемде Астана қаласы үлесінің 2012 жылғы 1,3%-дан 2013 жылы 1,5% және 2014 жылы 1,9%-ға дейін ұлғаюы байқалады.

**3-диаграмма**

**2012-2014 жылдары**
**өңдеуші өнеркәсіп салалары құрылымының өзгеруі**




Талданып жатқан кезеңде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2013 жылғы 276,2 млрд. теңгеден 2014 жылғы 389,1 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. 2013 жылы өсу индексі 2013 жылмен салыстырғанда 6,7% құрады, 2015 жылы 2%-ға дейін төмендеу байқалады.

**4-диаграмма**

**Өнеркәсіп өнімі өндірісінің өсу**
**серпіні,** млрд. теңге, %




2014 жылы 32 еседен астам даму серпіні металлургия өнеркәсібінде байқалды, дайын металл бұйымдарын шығарудың өсімі 31%, басқа бейметалл бұйымдарының өндірісі 21%, резинадан және пластмассадан жасалған бұйымдардың өсімі 6,8%, тамақ өнімдері 6,6% құрады және т.б.

Керісінше, 2012-2013 жылдардың қорытындылары бойынша бірінші қатарларда болған машина жасау саласының нақты көлемдері (15% мөлшеріндегі орташа өсіммен) 2014 жылы 43,2%-ға төмендеді, жиһаз өндірісі 30,8% түсті, ал жеңіл өнеркәсіп пен қағаз өнімі 14,1%-ға қысқарды.

Машина жасау кәсіпорындары өңдеу өнеркәсібі өнімінің төрттен бірін (27,8%) өндіреді. 2014 жылдың қорытындылары бойынша тауар өнімінің көлемі 95,9 млрд. теңгені құрды, 2013 жылға нақты көлем индексі (НКИ) - 56,8%. НКИ төмендеу себебі технологиялық үдерісінің өзгеруі, машина жасау саласында жеке бөлшектерді жинауда оқшауландыру болып табылады.

Бұдан басқа, мемлекеттік тапсырысқа жоғары дәрежедегі тәуелділікке байланысты құрастыру кәсіпорындары 2014 жылы 42 локомотив пен 71 вагон, 2013 жылы - 75 және 160, ал 2012 жылы –тиісінше 74 және 52 шығарды.

Құрылыс материалдарының өндірісі барлық өңдеу өнеркәсібінің 25% құрайды, 2012-2014 жылдар кезеңінде орташа жылдық өсім қарқыны 20,3% құрды. 2014 жылы сала кәсіпорындары 72,2 млрд. теңгеге өнім өндірді (НКИ – 121,4%), 2013 жылы 53,8 млрд. теңге (НКИ – 124,9%), 2012 жылы – 38,0 млрд. теңге (114,5%).

Өндіріс көлемінің ұлғаюы мына позициялар бойынша байқалады: бетон өндірісі 30%, құрылыс қоспасы 11,9%, құрылыс мақсаттары үшін бетоннан жасалған бұйымдар 8,6%.

2014 жылы ресейлік рубльдің шетел валютасымен салыстырғанда құлдырауына және аса тиімді конъюнктура бағасына байланысты құрылыс материалдарының елеулі бөлігі шетелден әкелінді, тиісінше, жергілікті өндірушілер шығарылатын өнімнің көлемдерін қысқартуға мәжбүр болды. Нарықтық өзгерістерге шалдыққыш еңбек өнімділігі төмен және технологиялары ескірген кәсіпорындар болып табылды.

Металлургия өндірісі өнеркәсіптің перспективалы секторларының бірі болып табылады, оның үлесіне 23,8% тиесілі. Сала асыл металлдар өндіру бойынша кәсіпорынның басты бейнесі «Таукент Алтын» ЖШС-мен ұсынылды, ол 2014 жылы 5,9 тонна, 2015 жылы 10,1 тонна алтын өндірді.

Кәсіпорын қуаттылығы жүктемесінің ұлғаюы елдегі алтын-валюталық қорлардың толықтырылуына және құрамында алтын бар шикізатты елден тыс шығаруға тыйым салуға мүмкіндік тудырды.

Тамақ өнеркәсібі өңдеуші сектордың 7,2% құрайды, ол жерде ұннан жасалған және нан-бөлішке өнімдерін шығару жоғары көлемге ие, тиісінше 35,1% және 32,4%.

Елордада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көкөніс қоймаларын және жылыжай салу жобалары іске асырылуда.

2012 жылдан бастап пайдалануға қуаттылығы 2,5 мың тонналық 2 жылыжай, сақтау көлемі 29,0 мың тоннаны құрайтын 7 көкөніс қоймасы және «А» сыныбындағы «Астық Логистик» ЖШС қойма кешені (32 730 паллеторын) пайдалануға енгізілді, елорданың Индустриялық парк аумағында «Казглавпродукт» ЖШС тоғанақтау желісі бар көлік-логистикалық орталығының құрылысы аяқталды.

Жеңіл өнеркәсіп саласында 2015 жылы 2 810,9 млн. теңгеге өнім өндіріліп, қызмет көрсетті, бұл 2014 жылдың деңгейінен 29,7%-ға жоғары, 2013 жылы – 1 034,0 млн. теңге.

Бұл бағытта негізгі қызметті тігін ательелері мен салондар тәрізді шағын кәсіпорындар жүзеге асырады, олар дәмханалар, мейрамханалар, қонақүйлер үшін арнайы киім, төсек-орын және т.б. әзірлейді.

Қазіргі уақытта ҮИИДМБ шеңберінде «ASTANA Ютария Ltd» өндірістік инновациялық компаниясы» ЖШС «KazTexExpo» автоматтандырылған өндірістік кешені» жобасы іске асырылуда, ол жерде тігін құрал-жабдығы, сондай-ақ үй тоқымасы, синтепоннан жасалған киім, тау-шаңғы костюмдері және басқа тоқыма бұйымдары өндірілетін болады.

Өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялар. 2013-2015 жылдары негізгі капиталға 72,2 млрд. теңге инвестицияланды, оның ішінде 2013 жылы – 22,0 млрд. теңге (НКИ 108%), 2014 жылы – 24,8 млрд. теңге (8%-ға өсу), 2015 жылы – 25,3 млрд. теңге (НКИ – 98,2%).

ҮИИДМБ бойынша шамамен 3 мың жұмыс орнын құрумен 232,6 млрд. теңге сомасына 24 жоба пайдалануға берілді, оның ішінде 2015 жылы – 2 жоба, 2014 жылы – 3 жоба, 2013 жылы – 9. 2013-2015 жылдар кезеңінде осы кәсіпорындар 289,7 млрд. теңге сомасына (2012 жылы – 9,0 млрд. теңге, 2013 жылы – 54,7 млрд. теңге, 2014 жылы – 90 млрд. теңге) өнім өндірілді.

2014 жылы еңбек өнімділігі 1 адамға шаққанда 45,0 мың АҚШ долларын, 2015 жылы – 32,8 мың АҚШ долларын құрады.

**Жергілікті мазмұн**

Жергілікті мазмұнды дамыту мақсатында тұрақты негізде отандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұлғайтуға бағытталған іс-шаралар өткізілуде.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша мониторингке жататын 6 жүйе құрайтын кәсіпорындар бойынша ("Стройконструкция" ЖШС, "Экотон +" ЖШС, "Фирма "Алкон+" ЖШС, "Цесна-Астық" концерні» ЖШС, «Қазақстан құбыр зауыты» ЖШС, "Стальцинк" ЖШС) 2014 жыл бойынша сатып алу көлемі 18049,4 млн. теңгені құрады, қазақстандық мазмұнның үлесі 66,2% құрайды (оның ішінде 15449,7 млн. теңгеге (61,4%) тауар сатып алынды; 2599,7 млн. теңгеге (қазақстандық үлес – 95,1%) қызмет көрсетілді.

Бүгінгі күні Астана қаласының әкімдігі мен 9 ұлттық компаниялар арасында («Қазақстан теміржолы» ҰК АҚ, «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» ҰК» АҚ, «Транстелеком» АҚ, «КазтрансОйл» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Казатомпром» ҰҰК» АҚ) 10 меморандум жасалды, оның ішінде біреуі «Қазақтелеком» ҰК» АҚ мен «LED Solution» ЖШС арасында 100 млн. теңгеден артық сомаға өнім жеткізу бойынша өзара ынтымақтастық туралы.

Қазіргі уақытта жалпы сомасы 89,9 млрд. теңгеге 120 шартқа қол қойылды (90%). Бұл шарттарға электровоздар үшін металлдан жасалған бұйымдарды,

ТБ бұйымдарын, бетон, газоблок, шыны пакет, мамандандырылған аяқ-киім және басқа да өнім сатып алу үшін қол қойылды.

ЕХРО -2017 халықаралық мамандандырылған көрме (бұдан әрі – ЭКСПО-2017) шеңберінде жергілікті тауар өндірушілерін тарту бойынша қазіргі уақытта «Астана ЭКСПО – 2017» ҰК» АҚ өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды (жалпы сомасы 50 млрд. теңге), барлығы жалпы сомасы 9 млрд. теңгеге 67 шартқа қол қойылды.

Ең ірілердің ішінде елорданың мына кәсіпорындарымен жасалған шарттарды айтып өту қажет: «Стройконструкция» АҚ-мен темір - бетон бұйымдарын (бұдан әрі - ТББ) жеткізуге 3,2 млрд. теңгеге, «АБК Максат» ЖШС (ТББ) 1,4 млрд. теңгеге, «Базис» ЖШС бетон жеткізуге 650 млн. теңге сомасына, «Завод АБК Бетон» ЖШС (бетон) – 259,2 млн. теңге, «КСС Астана» ЖШС шыныпакет жеткізуге – 258,3 млн. теңге, «ПСК Титан» ЖШС (ЖББ) – 110,7 млн. теңге және басқалары.

ҮИИДМБ іске асырудың бірінші бесжылдығының қорытындылары бойынша жергілікті (қазақстандық) мазмұн үлесінің 2010 жылғы 22,7%-дан 2014 жылы 66,2%-ға дейін ұлғаюының жыл сайынғы оң серпінін айтып өтуге болады.

**Инновациялар мен инвестициялар**

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 01-7.6 тапсырмасы шегінде әкімдік «ақылды» қала принциптерін өндіру бойынша жұмыстар жүргізуде, Астана қаласының әлемнің 50 «ақылды қаласы» рейтингіне кіруі бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді».

Ernst&Young халықаралық консалтингтік компаниясының қатысуымен әрі қарай инновациялық дамыту мақсатында Астана қаласының «ақылды қалалар» рейтингіне енуі бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді. Сондай-ақ, бағалаудың әр түрлі рейтингтері зерделенді, олардың ішінен «ақылды» бірлестіктердің халықаралық рейтингтері - Intelligent Communities Forum (бұдан әрі - ICF) ұсынылды, ол әлеуметтік – экономикалық дамудың барлық аспектілерін теңгерімді ретінде болды. ICF мәліметтеріне сәйкес Астана қаласы әлемнің 21 зияткерлік қалаларының тізіміне енді.

2014 жылы PricewaterhouseCoopers компаниясы Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 қыркүйектегі № 180-1526 қаулысымен бекітілген әлемнің 50 «ақылды қаласы» рейтингіне Астана қаласының енуі үшін жағдайлар және инфрақұрылымдар құру бойынша іс-шаралардың жол картасын (бұдан әрі – Жол картасы) әзірледі.

Жол картасын әзірлеудің мақсаты озат технологияларды ендірумен, дамудың ұлттық бағдарламасын іске асыруда көшбасшылықты сақтай отыра, озат технологияларды енгізумен өмір тіршілігінің барлық бағыттары бойынша Астана қаласын жоспарлы орнықты дамыту болып табылады.

Жол картасын әзірлеу барысында әлемнің өзге қалаларында технологияларды ендіру мониторингі жүргізілді, қол жеткізген тиімділік талданды және Астана қаласына енгізілуі мүмкін сол сәттегі үздік технологияларды қарастыру үшін ұсынылды.

Smart City жобасы негізіне 6 бағыттың өзара әрекетіне негізделген еуропалық ақылды қалаларды дамыту үлгісі жатты.

Smart Astana жобасы шегінде білім беру, денсаулық сақтау, қалалық инфрақұрылым, қызметтер, қауіпсіздік және өзге де салаларда пилотты Smart жобалар (*Smart Astana, Smart мектеп, Smart емхана, Smart көшелік жарықтандыру, Smart tracking, Smart tickets, Smart payments, ӨСКЖ, 109 Зияткерлік байланыс – орталығы, 13-00 бірыңғай медициналық Call- орталық, Open Wifi әлеуметтік жоба, Болашақтың мектебі – бүгін, 3D технологиясының құзіреттілік орталығы, Е-жедел жәрдем*) іске асырылды

«Ақылды» қаланы құрудың негізгі мақсаты елорда тұрғындары мен қонақтарының қажеттіліктерін қанағаттандыру, олардың өмір сүруі және жұмыс істеуі үшін аса жоғары қолайлы жағдайлар жасау.

Қауіпсіздікті бақылау және қамтамасыз ету мақсатында аумақтағы құқық бұзушылықтарға, лаңкестік қауіптерге автоматты түрде әсер ету және тіркеу жүйелері орнатылды, олар қазіргі уақытта күндіз және түндегі көріністі түсіретін 223 бейнебақылау камерасы.

Қазіргі уақытта, қаланың 17 мектебінде барлық мектеп оқушыларын электронды куәліктермен қамтамасыз етумен «Болашақтың мектебі - бүгін» ақпараттық жүйесі» жобасы іске асырылуда, олардың көмегімен балалардың мектепке және қзге де қоғамдық орындарға баруын автоматты түрде бақылауға, мектеп және көқпшілік кітапханаларда кітаптарды тіркеу және алуды қамтамасыз етеді.

Денсаулық сақтау саласында тиісті түрде қызмет көрсету үшін «113 Бірыңғай медициналық ақпараттық call-орталығы» жобасы іске асырылуда, ол пилотты түзімде «№ 10 қалалық емхана» МКК-да жүргізілуде. «Smart емхана» жобасының арқасында 300-ден астам жұмыс орындары автоматтандырылды, 315 бірлік персонал оқытылды, зерттеу хаттамаларының 750-ден астам түрі енгізілді, 106 мыңнан астам емделушіге қызмет көрсетілді, интернет және өз-өзіне қызмет көрсету терминалы арқылы онлайн-түзімде дәрігердің қабылдауына шамамен 2 мыңнан астам пациентке қызмет көрсетілді. Пилотты жоба 2015 жылдың маусымынан бастап Астана қаласының № 4 емханасында жұмыс істеп тұр.

Smarttracking пайдалану шығыстарын төмендету, орнатылған GPS трекер және жүйелердің көмегімен көлік құралдарының айналымын төмендету және тиімді басқару мақсатында іске асырылады.

Жоба орнатылған GPSтрекерлердің көмегімен коммуналдық қызметтің көлік құралдарының мониторингін және бақылауды және жүргізілген жұмыстар бойынша есеп құруды тәулік бойы іске асырады.

2015 жылдың желтоқсанында пилотты жоба «Астана - Тазалық» ЖШС және «Астана Көгалдандыру Құрылысы» АҚ құрамында іске асырылды, оларда 20 көлік құралы «Smarttracking» жүйесіне қосылды.

Пилотты жобаны іске асыру нәтижесінде шамамен 25% жанар май шығысын үнемдеуге қол жетті, сондай-ақ, шамамен 27% автокөлік құралдарының айналымы қысқарды.

Аталған жобаларыдң кеңеюі және көпшілікке таралуы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, денсаулықты жақсартуға, қызметтер мен үрдістерді

автоматтандыруға, электр энергиясын тұтынуды үнемдеуге, мәдени мекемелерге баруды ұлғайтуға, коммуналдық қызметтердің көлік құралдарын мониторингілпуге және бақылауға, бюджетті үнемдеуге, елорда тұрғындарының қаражаты мен уақытын үнемдеуге бағытталған. ,

2013-2015 жылдар кезеңінде Астана қаласында өндірілген инновациялық өнім көлемі 356,7 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 2015 жылы – 111,2 млрд. теңге немесе республикалық көлемнің 29,5%.

Астана қаласында инновациялық – белсенді кәсіпорындардың саны жыл сайын артуда, сонымен 2013 жылы – 179, 2014 жылы – 214 және 2015 жылы – 541 бірлік кәсіпорын немесе 2014 жылға өсім 16,3% және 2015 жылы 60,4%.

Инновация саласында инновациялық белсенділік деңгейі бойынша елорда 2015 жылыдң қорытындысы бойынша 2 орынға ие (1-сурет), инновация саласындағы инновациялық белсенділік 2013 жылы 11,1%, 2014 жылы – 10,7% және 2015 жылы – 13,2%.




**1-сурет. Облыстар бойынша 2015 жылғы инновация белсенділігінің деңгейі, %**

Жалпы 2015 жылы өндірілген инновациялық өнім көлемі 111,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылыдң деңгейінен 23 есеге жоғары (4,8 млрд. теңге). Инновациялық белсенділік деңгейі 2015 жылы 13,2%, 2014 жылы – 10,7%, 2013 жылы – 11,1% құрады.

Елорда экономикасына тартылған капитал салымдарының жалпы көлемі 2013-2015 жылдары 1976,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде бюджеттік инвестциилар -748,3 млрд. теңге, кәсіпорындардың жеке қаражаты – 937,7 млрд. теңге, қарыз қаражаты – 277,8 млрд. теңге. 2015 жылыдң қорытындысы бойынша 782,3 млрд. теңге тартылды, бұл 2013 жылдың деңгейінен 30%-ға жоғары (547,5 млрд. теңге), қарыз қаражатын ұлғайту есебінен тиісінше 53,5 млрд. теңгеден 65,6 млрд. теңгеге дейін, 2-кестеге сәйкес. Бұл Астана қаласына тартылған инвестицияларыдң Республикалық көлемге 11%-дан астамын құрайды.

**2-кесте**

**Тартылған инвестициялар көлемі**

| Көрсеткіштің атауы | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|

| | млн. теңге | үлес, % | млн. теңге | үлес, % | млн. теңге | үлес, % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі капиталға құйылатын инвестиция көлемі, оның ішінде | 547 489,8 | 100 | 646 633,9 | 100 | 782 326,1 | 100 |
| бюджет қаражаты | 224 527,7 | 41 | 213 858,1 | 33 | 309 899,9 | 39,6 |
| жеке қаражат | 251 969,9 | 46 | 315 739,6 | 48,8 | 369 985,4 | 47,2 |
| банктердің несиелері | 17 498,6 | 3,2 | 23 462,3 | 3,6 | 36 837,6 | 4,7 |
| басқа қарыз қаражаты, оның ішінде: | 53 493,6 | 9,8 | 93 573,8 | 14,4 | 65 603,2 | 8,3 |
| Резидент еместердің қарыз қаражаты | 1 175,3 | 0,2 | 2 299,8 | 0,3 | 3 330,9 | 0,4 |

Инвестицияны қаржыландыру құрылымында 2015 жылдың қорытындылары бойынша бюджет қаражаты үлесінің 2014 жылғы 33%-ға және 2013 жылғы 41%-ға қарсы 39,6%-ға дейін қысқаруын айтып өту керек. Шетел инвесторларының қаражат үлесі 2013 жылғы 0,2%-дан 2015 жылы 0,4%-ға дейін, немесе 1,2-тен тиісінше 3,3 млрд. теңгеге дейін.

**5-диаграмма**

**Инвестиция көздерінің құрылымы, млрд. теңге**




Инвестициялардың технологиялық құрылымында ғимараттар мен құрылыстарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына арналған шығыстар жоғары үлеске ие, олар бойынша 2015 жылдың қорытындылары бойынша үлес 56,3% немесе 3,9 млрд. теңгені құрады. 2013 жылмен салыстырғанда (3,0 млрд. теңге) осы ерекшелік бойынша инвестиция көлемінің тиісінше 23%-ға ұлғаюы байқалады.

Елорданың инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру соңғы жылдары машина мен құрал-жабдық, құралдар мен керек-жарақ сатып алуға бағытталған инвестиция көлемінің өсуіне мүмкіндік тудырды. Ол жерде 2014 жылдың қорытындылары бойынша 183,8 млрд. теңге тартылды, бұл 2013 жылғы қорытындыдан 8%-ға артық (170,1 млрд. теңге) және 2012 жылдан 28%-ға (257,7 млрд. теңге) төмен.

2011-2015 жылдар кезеңінде жеке инвестициялар үлесі 2 есеге ұлғайды (25,7%-2011, 55%-2015 жж.).

**6-диаграмма**

**Негізгі капиталға құйылатын инвестициялардың технологиялық құрылымы, млрд. теңге**




Инвестиция тарту үшін өз қызметін Инвесторларға қызмет көрсету орталығы жүзеге асырады, ол «бір терезе» қағидаты бойынша инвесторларды қолдау қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ, қаржыландыруды қажетсінетін инвестициялық жобалар базасы құрылып, тұрақты негізде көкейкесті етіледі. Бұл басқа өткізіліп жатқан іс-шаралар, роуд-шоулар шеңберінде шетелде және өңірде инвестор арасында таралған. «AstanaInvestForum» инвестициялық форум өткізу шегінде 2015 жылы 1,7 млрд. АҚШ долларына 33 меморандумға қол қойды.

**Шағын және орта бизнес**

Елорданы дамытудың басымды бағыты шағын және орта бизнесті дамыту болып табылады.

Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны (бұдан әрі – ШОК) 2014 жылы 124 315 бірлікті құрады, бұл 2013 жылғы деңгейден (107 981 бірлік) 15,1%-ға жоғары және 2012 жылғы деңгейден (93 979 бірлік) 32,3%-ға жоғары.

ШОК құрылымында ұйымдастыру-құқықтық нысан бойынша тіркелген субъектілердің ең жоғары үлесін жеке кәсіпкерлер құрайды (2012-2014 жылдары орташа есеппен – 66,2%).

ШОК белсенді субъектілерінің саны 2012 жылы 51 871 бірлікті құрды, 2013 жылы – 58 810 бірлік (2012 жылғы деңгейден 13,4% жоғары), 2014 жылы – 64 504 бірлік (2012 жылғы деңгейден 24,3% және 2013 жылғы деңгейден 9,6% жоғары).

2014 жылы тіркелгендердің жалпы санынан ШОК белсенді субъектілерінің үлесі 2012 жылдың деңгейіне 3,3%-дан 51,9%-ға дейін қысқарды. Бұл ШОК белсенді субъектілері санының өсімі ШОК тіркелген субъектілерінің жалпы санының өсімінен шамамен 2 есеге төмендігімен негізделеді.

2016 жылыдң 1 қаңтарына тіркелген субъектілер саны 2014 жылдың деңгейінде қалды және 124 мың бірлікті құрайды. Ұйымдастыру – құқықтық құрылым қимасында 2013-2014 жылдардың ұқсас деңгейіне заңды тұлғалардың үлесі – 36,5%, жеке кәсіпкерлер – 63,5%.

Қолданыстағы субъектілер саны 99,2 мың бірлікті немесе тіркелгендердің жалпы санының 80% құрады, оның ішінде заңды тұлғалар үлесі – 27,2%, жеке кәсіпкерлер – 72,8%. 2013-2014 жылдардағы көрсеткіштермен салыстырғанда қолданыстағы жеке кәсіпкерлер үлесі 14%-ға дейін төмендеуі байқалады.

ШОК субъектілері құрылымында ұйымдастыру-құқықтық нысан қимасында белсенді субъектілердің ең жоғары үлесін жеке кәсіпкерлерге (орташа есеппен 2012-2014 жылдары – 87%) тиесілі.

2012 жылы жұмыспен қамтылғандардың саны 161 893 адамды құрады. 2013 жылы шағын және орта кәсіпкерлікте 198 065 адам жұмыс істеді, бұл 2012 жылғы деңгейден 22,3%-ға жоғары. 2014 жылы жұмыспен қамтылғандардың саны 253 277 адамды құрды. Бұл көрсеткіш 2012 жылғы деңгейден 56,4%-ға және 2013 жылғы деңгейден 27,8%-ға жоғары.

ШОК субъектілері құрылымында ұйымдастыру-құқықтық нысан бойынша жұмыспен қамтылғандардың ең жоғары үлесін заңды тұлғалар құрайды (орташа есеппен 2012-2014 жылдары – 60,4%).

ШОК субъектілерінің 2013 жылы өнім шығаруы 1 452,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы деңгейден 25,5% жоғары (2012 жылы - 1 102,3 млрд. теңге). 2014 жылдың қорытындылары бойынша ШОК субъектілері шығаратын өнім мөлшері 2013 жылғы деңгейден 40%-ға, 2012 жылғы көлемнен 75%-ға ұлғайып, 3 653,8 млрд. теңгені құрады.

Ұйымдастыру-құқықтық нысан қимасында ШОК субъектілері өндірген өнімнің ең жоғары үлесін заңды тұлғалар құрайды (орташа есеппен 2012-2014 жылдары – 94,5%). Жеке кәсіпкерлер (бұдан әрі – ЖК) ШОК субъектілері шығаратын өнімнің жалпы көлемінен орташа есеппен 5,5% шығарады.

Шұғыл статистикалық деректер бойынша 2014 жылдың қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнімде ШОК үлесі 58,8% құрады. Бұл көрсеткіштің көлемі бойынша Астана қаласы Қазақстан өңірлері арасында бірінші орынға ие. Сонымен қатар, 2012 жылмен (28,6%) және 2013 жылмен (29,1%) салыстырғанда ЖӨӨ-дегі ШОК үлесі 2014 жылы 29,7%-ға ұлғайды. Өсімнің осындай деңгейі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жүз адамнан артық емес орташа жылдық саны бар субъектілерді жатқызу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізуге байланысты статистика органдарының көрсеткіштерді есепке алу әдістемесінің өзгеруімен байланысты.

**3-кесте**

## Өңірде ШОК дамуының негізгі көрсеткіштері

| Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|
| ШОК тіркелген субъектілерінің саны | бірл. | 108 | 124,3 | 124 |
| ШОБ жұмыспен қамтылғандардың саны | мың адам | 198,1 | 253,3 | 287,7 |
| ШОБ субъектілерінің өнім шығаруы | млрд. теңге | 1 452,8 | 3 653,8 | 3 215,8 |

Жалпы, ШОБ сегменті салықтардың (66 %-дан астам) және жұмыс орындарының негізгі көзі болып қалуда. Осыған байланысты, шағын бизнес қызметін дамыту негізгі бағыттардың бірі болып қалып отыр.

2010 жылдан бастап шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы (бұдан әрі – БЖК-2020) іске асырылуда.

2015 жылы салалық қолдау және кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету шегінде несиелер бойынша марапаттау мөлшерлерін субсидиялау шегінде жалпы сомасы 12,1 млрд. теңгеге 64 жоба мақұлданды, несиелерді жекелеп кепілдендіру бойныша – 1,2 млрд. теңгеге 37 жоба, гранттық қаржыландыру – 15 млн. теңгеге 5 жоба, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету – 81,8 млн. теңгеге 3 жоба.

БЖК-2020 іске асыру үшін Астана қаласына республикалық бюджеттен 5905,6 млрд. теңге бөлінді.

2012-2014 жылдары БЖК-2020 шеңберінде 324 жоба субсидияланды, 45 несие бойынша ішінара кепілдік берілді, 16 грант ұсынылды. 9 600 адам үшін 10 мыңнан артық қызмет көрсетілді.

**4-кесте**

**«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде құралдар бөлігінде қолдау алған жобалар саны**

| Қолдау құралдары | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| Субсидиялау, оның ішінде 3 бағыт бойынша | 103 | 110 | 64 |
| Кепілдік беру | 12 | 27 | 37 |
| Гранттар | 4 | 6 | 5 |
| Өндірістік инфрақұрылымды дамыту | 1 | 4 | 3 |

БЖК-2020 бойынша шараларды іске асыру нәтижесінде 2012-2014 жылдары 8 мыңнан артық жұмыс орындары сақталды және 4 мыңнан артық жаңа жұмыс орындары құрылды.

2011 жылдан бастап БЖК-2020 шеңберінде «Кәсіпкерлерді қаржылық емес тұрғыдан қолдау» деген 4-бағыты іске асырылуда.

**5-кесте**

**«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде компоненттер бөлігінде оқытылған қатысушылардың саны**

| Қолдау құралдары | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|---|---|---|---|
| Бизнес кеңесші 1 | 664 | 1094 | 1017 |
| Бизнес кеңесші 2 | - | 140 | 41 |
| Топ-менеджмент оқыту | 48 | 44 | 3 |
| Іскерлік байланыстар | 79 | 180 | 151 |
| Аға сеньорлар | 2 | 1 | 2 |
| Жас кәсіпкер мектебі | 120 | 90 | 0 |

Шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылық емес тұрғыдан қолдау шеңберінде «Бизнес кеңесші» құрамы бойынша 2012-2014 жылдары 2578 кәсіпкер

оқытылды, «Топ-менеджментті оқыту» құрамының шеңберінде - 111 ШОК басшылары, «Аға сеньорлар» құрамы бойынша - 3 сараптамалық миссия, «Іскерлік байланыстар» құрамы бойынша – 412 кәсіпкер, шетелде 68 адам тәжірибеден өтті, 210 адам жас кәсіпкер мектебін аяқтады.

**Сыртқы сауда айналымы**

Астана қаласының сыртқы саудасын дамытуда өтіп жатқан интеграциялық үдерістер, сондай-ақ, дүниежүзілік экономикалық конъюктураның өзгеруінің жалпы үрдістері үлкен роль атқарады.

Осылайша, 2012-2014 жылдары сыртқы сауда көлемі 25,3%-ға 2012 жылғы 9818,1 млн. АҚШ долларынан 2014 жылы 7340,8 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды. Сонымен қатар, сыртқы сауда теңгерімінің сальдосы 62,4%-ға, 5114,2 млн. АҚШ долларынан тиісінше 1925,4 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды.

Сыртқы сауда құрылымында экспорттың 38%-ға, 2012 жылғы 7466,2 млн. АҚШ долларынан 2014 жылы 4633,1 млн. АҚШ долларына дейін қысқаруы байқалады. Бұл үрдіс минералды шикізат жеткізілімінің 43%-ға, 2012 жылғы 5592,4 млн. АҚШ долларынан (үлес – 75%) 2014 жылы 3189,1 млн. АҚШ долларына дейін (үлес – 68,8%), азық-түлік тауарларының 35%-ға, 679,8 млн. АҚШ долларынан (үлес – 9%) 440,4 млн. АҚШ долларына дейін (үлес – 9,5%) және химия өнеркәсібі өнімінің 17,3%-ға, 1166,4 млн. АҚШ долларынан 964,3 млн. АҚШ долларына дейін қысқаруына байланысты.

Сыртқы сауда құрылымында экспорттың 38%-ға 2012 жылғы 7466,2 млн. АҚШ долларынан 2014 жылғы 4633,0 млн. АҚШ долларына дейін қысқаруы байқалады. Бұл үрдіс минеральды шикізат жеткізілімінің 43%-ға, 2012 жылғы 5592,4 млн. АҚШ долларынан (үлесі – 75%) 2014 жылғы 3189,1 млн. АҚШ долларына (үлесі – 68,8%) дейін, азық – түлік тауарларының тиісінше 35%-ға 679,8 млн. АҚШ долларынан (үлесі - 9%) 440,4 млн. АҚШ долларына дейін және химия өнеркәсібінің өнімі тиісінше 17,3%-ға 1166,4 млн. АҚШ долларынан 964,3 млн. АҚШ долларына дейін қысқаруымен түсіндіріледі.

Сыртқы сауда айнылымы 2015 жылы 5360,4 млн. АҚШ долларын құрады және 2013-2014 жылдар деңгейімен салыстырғанда 27%-ға төмендеді. Экспорттық жеткізілімдер 28,6%-ға 3309,8 млн. АҚШ долларына дейін, импорттық – 24,3%-ға 2050,6 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды.

Тауарлардың негізгі топтары бойынша минеральды шикізатты тасымалдау 44,5%-ға 1769,4 млн. АҚШ долларына дейін, азық – түлік тауарлары мен шикізат – 42,2%-ға төмендеуі байқалады. Химия өндірісінің өнімдерін шетелге жеткізу көлемі 27,1%-ға 1225,8 млн. АҚШ долларына дейін жетті.

Импорт құрылымында машиналар мен құралдар сатып алу көлемдері 34,4%-ға 1013,5 млн. АҚШ долларына дейін, химиялық өнеркәсіп өнімдері – 10,3%-ға 264,9 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды.

Сонымен қатар, импорт 15%-ға, 2012 жылғы 2351,9 млн. АҚШ долларынан 2014 жылы 2707,7 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды. Бұл машина мен құрал-жабдықты жеткізудің 9,4%-ға, 1412,6 млн. АҚШ долларынан (үлес - 60%) 1545,3 млн. АҚШ долларына дейін (үлес – 57%), сондай-ақ химия өнеркәсібі өнімінің

12,4%-ға, 262,7 млн. АҚШ долларынан (үлес – 11,2%) 295,4 млн. АҚШ долларына дейін (үлес – 11%) өсуімен байланысты болды.

Еуразиялық одақ елдерімен өзара сауда мөлшері 2012-2014 жылдары 24%-ға, 2012 жылғы 1965,1 млн. АҚШ долларынан2014 жылы 2435,4 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сонымен қатар, экспорттың өсімі 3,5% - 358,7 млн. АҚШ долларынан 371,1 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды, ал импорттық жеткізілімдер 28,5%-ға, 1606,4 млн. АҚШ долларынан 2064,3 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды.

Ресей Федерациясының үлесі Астана қаласынан экспорттық жеткізілімдердің шамамен 99% және Еуразиялық одақ елдерінен елордаға 93% импортты құрайды.

Экспорт құрылымында шикізат мұнайының және мұнай өнімдерінің үлесі 48% немесе 179,3 млн. АҚШ долларын, уран – 27,4% немесе 101,5 млн. АҚШ долларын, электр энергиясы – 5,9% немесе 21,8 млн. АҚШ долларын құрайды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша ЕАЭЫ елдерімен сауда айналымы 2421,9 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2014 жылыдң деңгейіне сәйкес және 2013 жылыдң деңгейінен 18%-ға артық. Сонымен бірге, экспорт көлемі 2014 жылдың деңгейіне 2,1 есеге, 2013 жылы – 2,6 есеге өсумен 765,1 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды; импорт көлемі 19,7%-ға 2014 жылғы 2064,3 млн. АҚШ долларына қарсы 1656,9 млн. АҚШ долларына дейін 19,7%-ға және 2013 жылғы 1748,1 млн. АҚШ долларына қарсы 5,2%-ға дейін қысқарды.

Экспортты жеткізілімдерді жеткізу құрылымында мұнай мен мұнай өнімдерінің үлесіне 76,3% тиесілі.

Импорттық жеткізілімдер әртүрлі өнімнің кең таңдауымен ұсынылады, ең жоғары үлесті 10,6% немесе 219,7 млн. АҚШ долларын жеңіл дистилляттар (мұнайдың қайта өңдірілген өнімдері), сондай-ақ пошта маркалары құрайды – 6% немесе 122,3 млн. АҚШ доллары.

**6-кесте**

**Сыртқы және өзара сауда,** млн. АҚШ доллары

| Сауда бағытының атауы | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| Сыртқы сауда (Кеден одағы елдерін қоспағанда) | | | |
| **Экспорт** | 4650,7 | 4632,7 | 3309,8 |
| **Импорт** | 2741,9 | 2709,2 | 2050,6 |
| Өзара сауда (Кеден одағы елдерімен) | | | |
| **Экспорт** | 294,7 | 361,0 | 765,1 |
| **Импорт** | 1748,1 | 2064,3 | 1656,9 |

Осылайша, орын алып жатқан интеграциялық үдерістердің нәтижесінде Астана қаласының сауда теңгерімінің тапшылығы Еуразиялық одақ шеңберінде 35,7%-ға, 1247,7 млн. АҚШ долларынан 1693,2 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайды.

Жалпы, 2012-2014 жылдар кезеңінде сыртқы сауданың жиынтық көлемінің 17%-ға, 2012 жылғы 11783,3 млн. АҚШ долларынан 2014 жылы 9776,2 млн. АҚШ

долларына дейін қысқаруы кезінде оң сальдо 16,5 есеге, 3866,7 млн. АҚШ долларынан 232,2 млн. АҚШ долларына дейін қысқарды. Бұл импорттық жеткізілімдердің 20,6%-ға, 3958,3 млн. АҚШ долларынан 4772 млн. АҚШ долларына дейін ұлғаюына және экспорттың 36%-ға, 7825 млн. АҚШ долларынан 5004,2 млн. АҚШ долларына дейін төмендеуіне байланысты болды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша сыртқы сауданың көлемі 7782,3 млн. АҚШ долларына дейін немесе 2014 жылдың деңгейіне қатысты 20,3%-ға дейін және 2013 жылдың деңгейіне 17,5%-ға қысқарды. Экспорт жеткізу құрылымында 4075 млн. АҚШ долларына дейін тиісінше 18,4%-ға және 17,6%-ға , импорт – 3707,5 млн. АҚШ долларына 22,3% және 17,4%-ға қысқарды.

2013-2015 жылдар бойы ЕАЭЫ-на мүше елдер үлесінің 2013 жылы 21,7%-ға, 2014 жылы 24,8%-ға және 2015 жылы 31,1%-ға ұлғаюымен сыртқы экономикалық сауда құрылымында жеткізу жағрапиясының өзгеруінің орнықты тренді байқалады.

**Ішкі сауда**

Елорданың ЖӨӨ құрылымында сауда ең серпінді дамып жатқан салалардың бірі болып табылады. Сауданың ЖҚҚ 2012 жылғы 585,9 млрд. теңгеден (ЖӨӨ үлес – 22,7%) 2013 жылы 773,8 млрд. теңгеге дейін (ЖӨӨ үлес – 22,2%) және 2014 жылы 882,9 млрд. теңгеге дейін (ЖӨӨ үлес – 22,4%) өсті. Бұл салада орташа жылдық өсім қарқыны 16,7% құрды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша сауда саласындағы ВДС 2014 жылға 3,1%-ға, 2013 жылға 10,4%-ға өсумен 1005,9 млрд. теңгеге жетті. Орташа жылдық өсу қарқыны 2013-2015 жылдары 10,1% құрады.

Бөлшек тауар айналымының мөлшері нақты көріністе 62,6%-ға, 2012 жылғы 429,1 млрд. теңгеден 2013 жылы 543,7 млрд. теңгеге дейін және 2014 жылы 615,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Сонымен қатар, орташа жылдық өсім қарқыны 2012-214 жылдары 17,6% құрады.

**7-диаграмма**

**Бөлшек тауар айналымының мөлшері,** млрд. теңге




2012-2014 жылдары ресми тіркелген дистрибьюторлардың құрылымында ірі компаниялардың үлесі 2012 жылғы 8% -дан 2014 жылы 26,4%-ға дейін өсті.

Нарықта шағын кәсіпорындардың болуы шағын, тисініше 34,6%-дан 37%-ға дейін ұлғайды.

2015 жылы жоғары инфляциялық қысым негізінде бөлшек тауар айналымы серпінінің 2013 жылғы 122,4%-дан және 2014 жылғы 116%-дан 101,7%-ға дейін төмендеуі байқалады.

Елордада сауда кәсіпорындарының желісі 2012-2014 жылдары 16,3%-ға, 2012 жылғы 5 461 бірліктен 2013 жылы 4 774 бірлікке дейін және 2014 жылы 4 575 бірлікке дейін қысқарды. Бұл үрдіс сауда жасайтын жеке кәсіпкерлер санының 18,8%-ға, 2012 жылғы 4 893 бірліктен 2013 жылы 4 219 бірлікке дейін және 2014 жылы 3 974 бірлікке дейін төмендеуіне байланысты болды. Ал сауда кәсіпорындарының саны 5,8%-ға, 2012 жылғы 568 бірліктен 2013 жылы 555 бірлікке дейін және 2014 жылы 601 бірлікке дейін ұлғайды.

Сауда алаңы 6%-ға, 2012 жылғы 512 234 шаршы метрден 2013 жылы 518 363 шаршы метрге дейін және 2014 жылы 542 483 шаршы метрге дейін ұлғайды, оның ішінде жеке кәсіпкерлер бойынша 22,7%-ға, 191 762 шаршы метрден 201 157 шаршы метрге дейін және тиісінше 235 343 шаршы метрге дейін ұлғайды.

Сауда базарларының саны 1 бірлікке, 2012-2013 жылдардағы 26-дан 2014 жылғы қорытынды бойынша 25-ке дейін, ал олардың ауданы 2012 жылғы 412 388 шаршы метрден 2013 жылы 324 830 шаршы метрге дейін және 2014 жылы 304 889 шаршы метрге дейін қысқарды.

2015 жылы сауда кәсіпорындарының алаңы 2014 жылыдң деңгейіне 15,5%-ға, 2013 жылы - 21%-ға өсумен 626,6 мың шаршы метрді құрады. Сауда нарығының саны сауда алаңдарының 3,2%-ға 314,8 мың шаршы метрге дейін өсуімен 2014 жылдың деңгейінде қалды.

2013 жылмен салыстырғанда сауда кәсіпорындарының жалпы санының 3,3%-ға 4774 бірліктен 4617 бірлікке дейін қысқаруы байқалады, бұл жеке кәсіпкерлер санының 5,4%-ға 4219 бірліктен 3993 бірлікке дейін азаюымен негізделеді. Ал сауда кәсіпорындарының саны 12,4%-ға 555 бірліктен 624 юірлікке дейін ұлғайды.

**7-кесте**

**Сауда инфрақұрылымының дамуы**

| **Көрсеткіштің атауы** | **2013 жыл** | | **2014 жыл** | | **2015 жыл** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Объектілердің/субъектілердің мөлшері, бірлік | Ауданы, ш.м. | Объектілер-дің/субъектілердің мөлшері, бірлік | Ауданы, ш.м. | Объектілер-дің/субъектілердің мөлшері, бірлік | Ауданы, ш.м. |
| Сауда кәсіпорындарының желісі, оның ішінде: | 4 774 | 518 363 | 4 575 | 542 483 | 4 617 | 626 648 |
| Жеке кәсіпкерлер | 4 219 | 201 157 | 3 974 | 235 343 | 3 993 | 260 596 |
| Сауда жасайтын кәсіпорындар | 555 | 317 206 | 601 | 307 140 | 624 | 366 052 |
| Сауда базарларының саны | 26 | 324 830 | 25 | 304 889 | 25 | 314 770 |

## Бюджетті жоспарлау мен атқарудың тиімділігін арттыру

Бюджеттің кіріс бөлігі және шығыстарының негізгі бағыттары

Экономикалық өсудің серпінді қарқыны елорда бюджеті көлемінің өсуіне әсер етеді. Сонымен, мемлекеттік бюджетке кірістер 2013 жылдан 2015 жылға дейін 40 %-ға, 610,2 млрд. теңгеден 853,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Астана қаласы бюджетінің кіріс бөлігі 2013 жылғы 141,7 млрд. теңгеден 2015 жылы 191,2 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Бюджет кірістерін қалыптастырудың негізгі құрылымында 2015 жылдың нәтижесі бойынша жоғары үлесті салықтық түсімдер (89,3% немесе 170,7 млрд. теңге) құрайды, салықтық емес түсімдер 3,7 % немесе 7 млрд. теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 6,5% немесе 12,4 млрд. теңгені құрайды. Салықтық түсімдер үлесінің 2013 жылғы 86%-дан 2014 жылғы 87,7%-ға және 2015 жылы 89,3%-ға дейін ұлғайғандығы байқалады.

2012-2013 жылдармен салыстырғанда салықтық түсімдер үлесінің 2012 жылғы 83,8%-дан 2013 жылғы 86%-ға және 2014 жылғы 87,7%-ға дейін ұлғаюы байқалады.

Елорданың өңірлік қимасында республиканың шамамен 14,2% қамтамасыз етіледі, ал 1 тұрғынға шаққанда (916,8 мың теңге) Атырау облысынан кейін 2 орында (1088,8 мың теңге).

**8-диаграмма**

**Қалыптастыру көздері қимасында бюджеттің**
**кіріс бөлігінің өсу серпіні,** млрд. теңге




Бюджеттің кіріс бөлігінің өсуі басымды инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды қаржыландыруды ұлғайтуға, сондай-ақ халықтың экономикалық белсенділігін ынталандыруға және экономиканы кредиттеуге қосымша қаражат бағыттауға мүмкіндік берді.

Бюджеттің кіріс бөлігінің құрылымы даму шығыстарымен (52 %) және ағымдағы шығындармен 48%) ұсынылады.

Солай, инфрақұрылымдық кешенді дамытуға бағытталған қаржыландыру көлемі 2015 жылдың қорытындысы бойынша 2014 жылғы деңгеймен салыстырғанда өсіммен, 193,6 млрд. теңгені құрды. Салалар құрылымында ең жоғары үлесті тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (20,7% немесе 79,9млрд.

теңге) құрайды, көлік саласы 17,6% немесе 67,8 млрд. теңгені, құрылыс 10,6 % немесе 40,8 млрд. теңгені, экология – 1,3% немесе 5,1 млрд. теңгені құрайды.

**8-кесте**

**Негізгі бағыттар бөлігінде бюджет шығыстары өсімінің серпіні**, млрд. теңге

| **Бағыттың атауы** | **2013 жыл** | | **2014 жыл** | | **2015 жыл** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **млрд. теңге** | **үлес, %** | **млрд. теңге** | **үлес, %** | **млрд. теңге** | **үлес, %** |
| Әлеуметтік сала, оның ішінде: | 102,7 | 30,9 | 121,0 | 32,1 | 123,6 | 32,1 |
| Білім | 39,0 | 11,7 | 46,1 | 12,2 | 47,5 | 12,3 |
| Денсаулық сақтау | 36,3 | 10,9 | 38,8 | 10,3 | 40,3 | 10,5 |
| Әлеуметтік қорғау | 6,3 | 1,9 | 7,6 | 2,0 | 8,2 | 2,1 |
| Мәдениет және спорт | 18,7 | 5,6 | 25,8 | 6,8 | 22,8 | 5,9 |
| Жұмыспен қамтылуды және кәсіпкерлікті ынталандыру | 2,4 | 0,7 | 2,7 | 0,7 | 4,8 | 1,2 |
| Инфрақұрылымдық кешен, оның ішінде | 172,4 | 51,9 | 180,6 | 47,9 | 193,6 | 50,2 |
| Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 73,6 | 22,1 | 84,2 | 22,3 | 79,9 | 20,7 |
| Көлік инфрақұрылымы | 40,7 | 12,2 | 49,6 | 13,2 | 67,8 | 17,6 |
| экология | 2,8 | 0,8 | 4,2 | 1,1 | 5,1 | 1,3 |
| Құрылыс | 55,3 | 16,6 | 42,6 | 11,3 | 40,8 | 10,6 |
| **ЖИЫНЫ** | **275,1** | **100,0** | **301,6** | **100,0** | **317,2** | **100,0** |

## SWOT-талдау

| **Күшті жақтары (S)** | **Осал жақтары (W)** |
|---|---|
| 1. «Көліктік магистральдардың қиылысындағы ұтымды экономикалық-географиялық орналасу.<br>2. Қаланың жоғары инвестициялық тартымдылығы.<br>3. Шағын және орта бизнесті, қызмет көрсету секторын дамыту үшін қолайлы жағдайлар.<br>4. «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы шеңберінде Индустриялық парктің және ерекше шарттардың бар болуы.<br>5. Қажет етілетін өндірісті дамыту үшін инфрақұрылымдық сүйемелдеу. | 1. Сыртқы, сондай-ақ, ішкі нарықта өндірістің көптеген саласының бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі.<br>2. Экспортталатын өнімнің аз номенклатурасы.<br>3. Неселік көздердің жоғары құны, сондай-ақ, кепілдікті қамтамасыз етуге талаптардың бар болуы.<br>4. Жылжымайтын мүліктің жоғары бағасы (қоймаларды, өндірістік және сауда орын-жайларын жалдау). |
| **Мүмкіндіктер (O)** | **Қауіптер (T)** |
| 1. ЕАЭС кіруге байланысты нарықтың кеңеюі.<br>2. ЭКСПО – 2017 өткізу.<br>3. Көптеген дамыған елдер үшін | 1. Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар бойынша импорттық жеткізілімдерден тәуелділік<br>2. Кәсіпорындарды жабу және |

| | |
|---|---|
| жеңілдетілген визалық тәртіп.<br>4. Өндірісі жоғары заманауи технологиялық өндірістердің ашылуы.<br>5. Астана маңында азық-түлік белдеуінің дамуы.<br>6. ШОБ қызметі саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру<br>7. «Назарбаев Университет» АҚБ ғылыми кластерінің негізінде инновациялық әзірлемелерді коммерциаландыру инфра-құрылымының дамуы | жұмыссыздықтың өсуі - бәсекелестікке және жұмыссыздықтың бел алуына төтеп бере алмаған ең осал кәсіпорындар қатарын жабуға әкеледі.<br>3. Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі.<br>4. Ғылыми – іздестіру және тәжірибелік – құрамалық әзірлемелерді (бұдан әрі - ҒІЖТҚӘ) жеткіліксіз түрде қаржыландыру.<br>5. Салық салынатын пайданы төмендету мақсатында кірісті жасыру.<br>6. Капитал салымының жалпы көлемінде шетелдік инвестициялардың жоғары емес үлесі |

**Негізгі проблемалар:**

**өңіраралық ынтымақтастықта:**

басқа өңірлердің отандық өндірушілері есебінен елорда нарығының қажеттілігін қанағаттандыру бойынша импортты алмастыру әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік бермейтін жеткіліксіз дамыған көліктік-логистикалық инфрақұрылым.

**өнеркәсіпте:**

техникалық және инженерлік білімдері бар кадрлардың, сондай-ақ, орта техникалық және кәсіптік білімі бар жұмысшы мамандардың тапшылығы және жеткіліксіз біліктілігі;

кәсіптік және білім стандарттарының жеткіліксіз үйлесімділігі;

еңбек өнімділігінің төмендігі және тауарлар мен қызметтер нарығында шетел компаниялары тарапынан жоғары бәсекелестік.

**инновациялар саласында:**

құзыретті кадрларды даярлау инфрақұрылымынң жоқтығы;

ғылыми әзірлемелерді коммерцияландырудың төмен деңгейі;

ғылыми – зерттеу тәжірибелік – құрастырмаларды әзірлеуге шығыстардың төмен деңгейі;

технологиялар трансфертінің жоғары құны;

**инвестицияларды тарту саласында:**

инвесторларды ақпараттық қолдаудың төмен деңгейі;

әкімшілік тосқауылдардың болуы;

елорда аумағын инфрақұрылымдық қамтамасыз ету бойынша жоғары деңгейлі шығындар.

**шағын және орта бизнесте:**

несиелік ресурстардың жоғары құны, сондай-ақ кепілдікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар;

шетелдік өндірушілер тарапынан өсіп келе жатқан бәсекелестік;

лизинг пен инновациялардың осал дамыған институттары;

жылжымайтын мүліктің, оның ішінде қоймалардың, өндірістік және сауда орын-жайларын жалдау төлемдерінің жоғары бағасы;

**саудада:**

осал дамыған көлік-логистикалық инфрақұрылым;

жоғары көліктік шығын;

білікті кадрлардың жетіспеушілігі.

**бюджеттік қатынастар саласында:**

конкурстық үрдістердің мерзімінде өтпеуі, орындалған жұмыстар актісінің ұсынылмауы, өнім берушілердің шарттарды орындамауы.

## 2.2. Әлеуметтік сала

### Демография

Елорда халқының саны 2015 жылғы 872,6 мың адаммен салыстырғанда 1 млн. адамға дейін өсті.

**9-диаграмма**

**Қала халқының өсу құрылымы, адам**




Табиғи өсім үлесі 2012 жылғы 45%-дан 2013 жылғы 50,7%-ға дейін және 2014 жылы 53,5%-ға өсті. Бұл туу деңгейінің қарқынды өсуіне байланысты, ол 13%-ға 2012 жылғы 25,6-ден (өңірлер арасында 6 орын, ҚР бойынша орташа – 22,6) 2013 жылы 27,5-ға дейін (өңірлер арасында 4 орын, ҚР бойынша орташа – 22,7) және 2014 жылы 29-ға (өңірлер арасында 3 орын, ҚР бойынша орташа – 23,2) ұлғайды. Жаңа туған балалар саны 2012 жылғы 19,4 мыңнан 2013 жылы 21,9 мыңға дейін және 2014 жылы 24,2 мың балаға дейін ұлғайды.

Өлім көрсеткіші 2012 жылғы 6,7%-дан (ҚР бойынша орташа – 8,5) 2013 жылы 4,44-ке дейін (ҚР бойынша орташа - 8) және 2014 жылы 4,3-ке (ҚР бойынша орташа – 7,65) азайды және Қазақстан өңірлері арасында ең төмен болып табылады. Өлім себептері құрылымында қан айналымы жүйесі аурулары үлесті салмаққа ие, оның салдарынан 2014 жылы 1193 адам немесе 33% қайтыс болды.

2016 жылдың басына елорда халқының саны 872,6 мың адамды құрады және 2014 жылмен салыстырғанда 2,3%-ға немесе 19,7 мың адамға және 2013 жылға 7,1%-ға немесе 58,2 мың адамға ұлғайды. 2015 жылы халықтың өсуі табиғи өсім есебінен қамтамасыз етілді, ол 22,2 мың адамды құрады, бұл 2014 жылдың деңгейінен 7,8% және 2013 жылға 20,7%-ға жоғары.

Туу коэффициенті 2015 жылы 30,23 құрады (РК бойынша өңірлер арасында 2 орын) және 2014 жылға 4,2%-ға және 2013 жылға 9,8%-ға ұлғайды. Жаңа туған сәбилер саны 2013 жылғы 21,9 мыңнан 2013 жылғы 24,2 мыңға және 2015 жылы 26 мыңға ұлғайды. Өсудің жыл сайынғы серпіні 8,9% құрады.

Өлім коэффициенті 4,47 құрады, бұл 2014 жылдың деңгейінен 5,2%-ға жоғары және 2013 жылдың деңгейіне сәйкес.

Көші – қон өсуінің қарқыны жыл сайын шамамен 17-19 мың адамды құрайды. Сонымен, 2014 жылы көші – қон сальдосы 17,9 мың адамды құрады (Алматы қаласынан кейін өңірлер арасында 2 орын – 22,1 мың адам), оның ішінде шамамен 70,8% еңбекке қабілетті халыққа және 23,5% еңбекке қабілетті жастарға тиесілі.

Өңіраралық алмасу бойынша Астана қаласына көбінесе Ақмола, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс – Қазақстан облыстарынан және Алматы қаласынан келеді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша Астанада бірінші рет 2,4 мың адамға көші – қонның теріс сальдосы тіркелді, бұл 2014 жылғы 48,1 мың адамнан 2015 жылғы 42,9 мың адамға дейін келгендер саны 10,2%-ға төмендеуімен негізделеді.

Жыныстық жас құрылым қимасында Астана Қазақстанның жас өңірлерінің бірі болып табылады – тұрғындардың орташа жасы 30 жасты құрайды, ал күтілетін өмір сүру ұзақтығы елордада ең жоғары және Алматы қаласындағы 74,7 жасқа қарсы 74,9 және орта есеппен республика бойынша 71,6 жасты құрайды.

2012-2014 жылдар бойы халықтың жалпы санында әйелдердің аса жоғары үлесі тұрақты түрде байқалады, ол 2012 жылы 51,6% немесе 383,5 мың адамды құрады, 2013 жылы – 51,7% немесе 402,5 мың адам, 2014 жылы – 51,87% немесе 421,3 мың адам. Ұқсас қарқынмен еркектер саны 2012 жылғы 359,4 мың адамнан 2013 жылғы 375,7 мың адамға дейін ұлғайды және 2014 жылы 393,2 мың адам.

**10-диаграмма**

**Елорда халқы санының жыныстық жас құрылымы,** мың адам




2014 жылдың нәтижесі бойынша елордада ер адамдар саны жастар тобы қимасында 19 жасқа дейін (орта есеппен 6%) және 29 жастан 34 жасқа дейін (орта есеппен 2%), сонда әйелдер саны 19 жастан 28 жасқа дейінгі аралықта жоғары

(орта есеппен 10%). Гендерлік теңгерімсіздіктің сыни нүктесі 35 жас тобы болып табылады, ол кейіннен 19,5%-ға ұлғаюмен 58 жаста 2% деңгейінде және 70 жас тобында 40%-ға артық.

Ерлер мен әйелдерге пайыздық қатынас 2015 жылыдң қорытындысы бойынша 2014 жылдың деңгейінде пропорциялы түрде 51,8% әйел және 48,2% ер адамдар деңгейінде сақталынды. 2014 жылмен салыстырғанда ерлер саны 7% немесе 27 мың адамға, әйелдер – 7,3% немесе 30,6 мың адамға, 2013 жылмен салыстырғанда тиісінше 12% немесе 45 мың адамға және 12,3%-ға немесе 49,4 мың адамға ұлғайды.

15 жасқа дейінгі жастағы балалар үлесі 23%-бен жыл сайын тұрақты түрде дамыды немесе 2012 жылғы 171,1 мың адамнан 24%-ға дейін немесе 2013 жылы 186,9 мың адам және 25,2% немесе 2014 жылғы 205,6 адам. Осы жас тобында ер адамдардың үлесі жоғары, ол 2012-2014 жылдар бойы 51,4% деңгейінде болды.

Демографиялық өсудің ұзақ мерзімді трендіне кері әсерін тигізетін өзге де факторлар арасында ажырасудың жоғары деңгейін байқауға болады, ол елордада 2014 жылдың қорытындысы бойынша 1000 бірлікке шаққанда 4,25 немесе Қазақстан өңірлері арасында Павлодар облысынан кейін (4,34) 2 орынды құрады, бұл ОҚО аз көрсеткішінен 2,6 есеге (1,6) артық.

Сонымен қатар, 2013 жылмен салыстырғанда (4,06 немесе өңірлер арасында 2 орын) бұл коэффициент 4,7%-ға ұлғайды, 2012 жылмен (3,7 немесе өңірлер арасында 5 орын) – 14,8%. Айырылысқандар саны абсолютті есептеуде 2012 жылғы 2814 бірліктен 2013 жылғы 3236 бірлікке дейін (15%-ға) және 2014 жылы 3541 бірлікке (25,8%-ға) ұлғайды. Осындай жолмен, Астананың үлесі республиканың ажырасуының жалпы көлемінде 2012-2013 жылдары 6%-ға қарсы 7% құрайды.

**11-диаграмма**

**Неке және айырылысу коэффициенті, бірлік**




2012-2014 жылдардағы неке коэффициенті 2012 жылғы 13,06-дан 2013 жылы 13,28-ға дейін (1,6%-ға) және 2014 жылы 13,67-ға (4,7%) ұлғайды. Сонда неке саны 2012 жылғы 9934-бірліктен 2013 жылғы 10573-ке дейін (6,4%-ға) және 2014 жылы 11399-ға дейін (14,7%-ға) өсті. Елордада қиылған некенің 7%

үлесінде (2012-2013 жылдары - 6%) неке коэффициенті бойынша елорда Қазақстанның өңірлері арасында 1 орынға ие.

2015 жылдың қорытындысы бойынша некелесу коэффициенті 13 құрады және 2014 жылмен салыстырғанда 5%-ға, 2013 жылмен - 2%-ға өсті. Тіркелген некенің жалпы саны – 11,2 мың бірлік, бұл 2014 жылыдң деңгейіне сәйкес. Ажырасу коэффициенті 4,39 – ға жетті және 2014 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға, 2013 жылмен – 8,1%-ға ұлғайды. Ал ажырасу саны 2014 жылмен салыстырғанда 8,6%-ға, 2013 жымен – 18,8%-ға ұлғайды.

**Білім беру**

2015 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша 302 білім беру ұйымы бар, оларда 168 247 бала оқып, тәрбиленеді. 2012-2014 жылдар бойы оқушылар құрамы жыл сайын ұлғаюда: 2013 жылмен салыстырғанда (152 мың адам) өсу 10,5% құрады, 2012 жылмен салыстырғанда (143,6 мың адам) - 17% құрады.

2016 жылдың басында білім беру ұйымдарының саны 315 бірлікке дейін ұлғайды, оларда 175 170 бала оқытылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,1%-ға көп. 2013 жылмен салыстырғанда оқушылар деңгейі 15,1%-ға өсті.

2015 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша 12 522 педагогты құрады, оның ішінде жоғары білімі бар – 80,7% немесе 10 111 адам, жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдер үлесі 45,6% құрайды. 2013 жылмен салыстырғанда (11 856 адам) өсу 5,6%, 2012 жылмен салыстырғанда (11 142 адам) – 12,4 % құрады.

2015 жылдың қорытындысы бойынша оқытушы құрамының саны 13760 адамға жетті, оның ішінде жоғары білімге 12 059 адам немесе 87,6%, бірінші және жоғары білікті санатты – 45,3% ие. 2014 жылмен салыстырғанда оқутыш құрам 9,8%-ға, 2013 жылмен - 16%-ға ұлғайды.»;

Астананың мектепке дейінгі желісін 181 мекеме ұсынады, оның ішінде 72 мемлекеттік бала бақшаны, 5 «Мектеп – бала бақша» мемлекеттік кешендерін, мемлекеттік емес нысандағы меншіктегі 73 бала бақша, 2 ведомстволық, 25 шағын орталықты құрайды, жалпы контингенті 3 жастан 6 жас аралығындағы 101 бала.

2015 жыл бойы мектепке дейінгі ұйымдар саны 188 бірлікке дейін ұлғайды, оның ішінде 4 мемлекеттік және 3 коммерциялық бала бақша ашылды.

Мектепке дейінгі мекемелерде 2982 педагог жұмыс істейді, оның ішінде, 29% немесе 868 адам жоғары және бірінші біліктілік санатына ие. 2013 жылмен салыстырғанда (2552 педагог) оқытушылар құрамы 16,8%-ға ұлғайды.

Мектепке дейінгі мекемелер желісінің кеңеюімен жұмыс істейтін педагогтар саны 3179 адамға дейін немесе 2013 жылмен салыстырғанда 24,5%-ға ұлғайды.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шегінде мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қабабарды қамтамасыз ету үшін 33 жаңа бала бақша және 16 шағын орталық, 3 қосымша құрылыс енгізілді, 1 объектіні қайта жаңарту және 12 ғимаратты қайтару іске асырылды.

**12-диаграмма**

**Мектепке дейінгі мекемелер құрамы, адам**




Мектепке дейінгі мекемелер құрамы жыл сайын орта есеппен 7%-ға 2012 жылғы 26,2 мың адамнан 2013 жылғы 28,4 мың адамға және 2014 жылы 30,1 мың адамға дейін ұлғаяды.

Осындай жолмен, мектепке дейінгі біліммен балаларды қамту бүгінгі таңда 64,5% құрайды.

Қаладағы 7 жасқа дейінгі балалар саны 20%-ға немесе 2012 жылғы 110,8 мың баладан 2015 жылғы 133 мың балаға дейін 32 мың балаға өсті.

Нәтижесінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы негізгі проблема мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығы болып табылады, ол 2012 жылғы 16 мың орыннан 2015 жылғы 17,3 мың орынға дейін 8%-ға ұлғайды.

Осыған байланысты, 2014-2020 жылдарға арналған Астана қаласының бала бақшаларында орын тапшылығы проблемаларын шешу жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес шамамен 80 бала бақшаны пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Мемлекеттік жалпы орта білім беру жүйесі 2011 жылдан абстап 9 бірлікке 2011 жылғы 68 мектептен 2014 жылғы 77 мектепке дейін ұлғайды. Бұдан басқа, қалада оқуында және дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін 1 арнайы түзету мектеп – интернаты, 1 кешен (ауысымдық), 1 бала бақша және 11 мемлекеттік емес жұмыс істейді.

77 мемлекеттік мектептің 49 мектебінде (2013 жылы – 47 мектеп, 2012 жылы – 33 мектеп) дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін инклюзивті оқыту қамтамасыз етіледі. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған білім беру ұйымдарының үлесі олардың жалпы санының 63,6% құрады. Жалпы алғанда инклюзивті білім беру қызметтерін 175 бала пайдаланады.

2016 жылдың басына орта мектептер саны 83 бірлікке дейін ұлғайды, олардың 53-нде (63,8%) дамуында мүмкіндіктері шектеулі 205 бала үшін инклюзивті білім берумен қамтамасыз етілген.

Жалпы білім беру мектептерінде 7154 педагог жұмыс істейді, оның ішінде 54% немесе 3861 адам жоғары және бірінші біліктілік санатына ие. 2013 жылмен салыстырғанда (5873 педагог) оқытушылар құрамы 21,8%-ға, 2012 жылмен салыстырғанда (5609 педагог) 27,5%-ға ұлғайды.

**13-диаграмма**

**Орта мектептер оқушалырының саны, адам**




Мектеп оқушыларының құрамы жыл сайын орта есеппен 10%-ға 2012 жылғы 86,6 мың адамнан 2013 жылы 94,7 мың адамға және 2014 жылы 106 мың адамға дейін ұлғаюда.

2015 жылы жалпы білім беру мектептері оқушыларының саны 2014 жылмен салыстырғанда 10,4%-ға және 2013 жылмен салыстырғанда 23,5%-ға өсумен 117 мың адамға дейін жетті.

Білім беру сапасының деңгейлерін талдай отыра, Бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелері бойынша оқушылардың орта балын 2013 жылғы 81,3 балдан 2014 жылғы 87,6 балға дейін және 2014 жылғы 86,8 балға дейін ұлғайтудің оң серпіні байқалады. «Алтын белгі» белгісін растаған түлектер үлесі 52,5%-дан 60%-ға дейін ұлғайды.

**9-кесте**

**Білім сапасының негізгі көрсеткіштері**

| Индикатор атауы | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Бірыңғай ұлттық тестілеу орташа баллы | балл | 81,3 | 87,6 | 86,8 |
| «Алтын белгі» белгісін растаған түлектер үлесі | % | 52,5 | 71,2 | 60 |
| Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми байқаулар жеңіскерлерінің саны | адам | 144 | 237 | 238 |
| «Жақсы» және «өте жақсыға» оқығандар саны | адам | 47 800 | 52 126 | 69 790 |

Жалпы «жақсы» және «өте жақсыға» білімдерін бағалау деңгейімен оқушылардың жалпы саны 2013 жылғы 47,8 мың адамнан 2013 жылғы 52,1 мың адамға және 2015 жылғы 69,8 мың адамға дейін ұлғайды. Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңіскерлерінің саны 2013 жылғы 114 адамнан 2015 жылғы 238 адамға дейін өсті. Астана қаласының командасы жыл сайын 2012 жылдан бері республкиалық олимпиадаларда және ғылыми жобаларда 1 орынға ие болды.

Астана қаласының техникалық және кәсіби білім беру оқу орындарының желісі 34 колледжді құрайды, оның ішінде 12 мемлекеттік және 22 жеке меншік колледж.

**14-диаграмма**

**ТжКО оқушыларының саны, адам**




Білім алушылардың жалпы құрамы жыл сайын 2012 жылғы 30,7 мың адамнан 2013 жылғы 29,8 мың адамға дейін және 2014 жылы 28 мың адамға дейін төмендеуде, оның 12072 оқушысы мемлекеттік және 16014 жеке меншік колледждерінде оқиды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша ТжКО жүйесі оқушыларының саны 1774 педагогтарға қысқарды, бұл 2014 жылыдң деңгейінен 3,6%-ға және 2013 жылдың деңгейінен 6,8%-ға төмен.

Осы бағыт бойынша әлеуметтік серіктестікті дамыту бойынша шаралар қабылданды. Сонымен, 2015 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша әлеуметтік серіктестіктермен 2298 шарт және 11 меморандум жасалды.

Негізгі проблема еңбек нарығында сұраныстың және ұсыныстардың теңгерімсіздігі болып табылады, бұл ТжКБ ұйымдары шығаратын кадрлар санымен және мамандар қимасындағы бос орындардың сәйкессіздігімен негізделеді.

2012-2014 жылдар бойы өндіріс саласында дайындалған мамандар саны құрылған жұмыс орындары санынан 1,9 есеге немесе 4104 бос орында 7917 түлекке артық. Осындай ұқсас жағдай көлік және байланыс салаларында да байқалады, ұсыныстың артықтығы 40% (2965 бос орын болған жағдайда 4250 түлек) құрады.

Қарама – қайшы жағдай білім беруде және денсаулық сақтауда қалыптасты, онда кадрлар шығару мамандарға деген тапшылықты тек қана 72,2% немесе 11821 бос орын болған жағдайда 8538 түлектің орнын толтырды. Тағы да құрылыс және коммуналдық шаруашылық саласында теңгерімсіздік байқалады, онда 3 есепті жылы 11478 жаңа жұмыс орындары құрылды, сонда кадрлар шығару 1 мың адамды құрады.

Осындай жолмен, ТжКБ мекемелерінің жұмысқа орналастырылған кадрларының үлесі 80%-дан артық емес, яғни, әрбір бесінші түлек жұмыссыздар нарығын толықтырады.

**Жастар саясаты**

Астана қаласында жастар саны 2015 жылдың 1 қаңтарына 213,4 мың адамды құрады, немесе халықтың жалпы санының 25,0%.

Елорданың жоғары оқу орындарында оқитын студенттер саны 2015 жылы шамамен 52,7 мың адамды құрады, бұл 2013 жылыдң деңгейінен 8,4%-ға немесе 4 мың адамға (48,6 мың адам) көп.

2016 жылдың басына қалада 80-нен астам жастар ұйымдары тіркелген, алайда, олардың 20-30 ұйымы ғана белсенді түрде жұмыс істейді.

2013-2014 жылдар бойы жастарды әлеуметтік біріктіру саласында жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын әлеуметтік маңызды жобалар конкурстарына жастар ұйымдарын тартумен оны іске асыруға мүмкіндік беретін әрекетті тетік әзірленді және ендірілді.

NEET жастар үлесі 2015 жылдың қорытындысы бойынша 6,8% құрайды, бұл 2013 жылдың деңгейінен 2,5 есеге (17%) төмен және 2014 жылмен салыстырғанда 1,1%-ға төмендеді.

Балалар мен жасөспірімдерді толық түрдегі демалыспен және ойын-сауықпен қамтамасыз ету мақсатында салауатты өмір салты оқуларына тарту үшін қалада 15 аулалық мектеп ашылды және жақсы жұмыс істеуде. Аулалық клубтарды ашу қаланың аумақтық бөлінуіне сәйкес, сондай-ақ, аудандар бойынша жастар саны есебіне сәйкес ашылғандығын атап айту қажет. Барлығы осы аулалық клубтарда 5 мың бала мен жасөспірімдерді тартумен 72 үйірме және спорт секциялары белсенді түрде жұмыс істейді.

Қаланың жоғары оқу орындары жанында 20 мыңнан астам адаммен қамтылған 348 демалыс ортылығы жұымс істейді. Оқу мекемелері құрамында жастар өзін-өзі басқарулар, яғни Жастар істері жөніндегі комитеттер өз қызметін атқаруда.

2014 жылы «Астана жастары» КММ ашылды, оның құрамында елордадағы еңбек нарығын дамытудың ағымдық жағдайлары және негізгі тенденциялары және болашақ мамандық таңдауда консультативтік көмек көрсету туралы 15 жастан 17 жас аралығындағы балалардың ата – аналарымен кәсіби бағдарлық жұмыстар ұйымдастырылды.

## Денсаулық сақтау

Халық денсаулығының жағдайы мемлекеттің өз азаматтарының алдындағы жауапкершілік деңгейін көрсететін әлеуметтік бағыттылығының интегралды көрсеткіші болып табылады.

Осыған байланысты, 2011-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының денсаулығын дамытудың «Саламатты Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламасы шегінде жалпы дәрігерлік тәжірибе принциптерін ендірумен алғашқы медициналық – санитарлық көмекті (бұдан әрі - АМСК) жетілдіру жүргізілуде, Бірыңғай денсаулық сақтау жүйесі шегінде жоғары білікті медициналық көмекті (бұдан әрі – ЖБМК) қаржыландыру маңызды түрде ұлғайды, бұл жаңа объектілерді енгізу, қолданыстағы объектілерді жөндеу және техникалық қайтадан жарақтандыру есебінен денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық – техникалық базасын нығайтуға мүмкіндік тудырды.

Анықталған ауруларды кейіннен сауықтырумен, алдын алу тексерулерін жүргізумен және балаларды сауықтырумен әлеуметті маңызды ауруларды ертерек

анықтау үшін халықты скринингтік тексеруді жүргізу кеңейтілді, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шегінде дәрі-дәрмектік құралдармен тегін және жеңілдікті түрде қамтамасыз ету, сондай-ақ, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жалғасуда.

Мемлекеттік органдардың, бизнес құрылымдарының, қоғамның күшін біріктірудің арқасында қоғамдық денсаулықты қорғау және нығайту мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара әрекеттердің тиімділігін көтеруге бағытталған меморандумдар мен сектораралық іс-шаралар жоспарларына қол қойылды және іске асырылуда.

Астана бойынша негізгі медициналық – демографиялық көрсеткіштер соңғы жылдары оң тенденцияға ие және орташа республикалықтан жақсы жағына өзгерумен ерекшеленеді. Соңғы жылдары елордада табиғи өсіммен және ішкі көші – қон ағынымен негізделген халықтың тұрақты түрде ұлғаюы орын алған. 2013 жылдың басымен салыстырғанда елорданың жалпы саны 129600 адамға ұлғайды, басты себебі, ішкі, сондай-ақ, сыртқы көші – қон есебінен, және 2016 жылдың 1 қаңтарына 872 600 тұрғынды құрады, оның ішінде еркектер 420 593, әйелдер 452 007.

Халықтың туылуы 2013 жылғы 27,5-тен 2014 жылғы 28,96-ға дейін және 2015 жылы 30,25-ке дейін ұлғайды, ал өлім 2014 жылғы 4,28-ге, 2013 жылғы 4,44-ке қарсы 2015 жылы 4,47-ға дейін төмендеді.

**15-диаграмма**

**Демографиялық коэффициенттер**




Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім 2014 жылы 100мың адамға шаққанда 141,1 жағдайды құрады және 2013 жылмен салыстырғанда (100 мың адамға шаққанда 100,5) 40%-ға ұлғайды, 2012 жылмен салыстырғанда салыстырғанда (100 мың адамға шаққанда 156,6) 9,8% азайды. Ісік ауруларынан өлім 2014 жылы 100 мың адамға шаққанда 82,9 жағдайды құрады және 2013 жылмен салыстырғанда 2,2%-ға (100 мың адамға 81,1), 2012 жылмен салыстырғанда 2,7%-ға (100 мың адамға шаққанда 85,2) азайды.

Соңғы бес жыл бойы әлеуметтік маңызды аурулардан өлім саны көрсеткішінің төмендеуі және тұрақталуы орнықты тенденцияға ие. Сонымен, туберкулезден өлім көрсеткіші 2012 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге төмендеді, 100 мың адамға шаққанда 2015 жылы 2012 жылғы 6,7 қарсы 3,9 құрады. 2014 жылы туберкулезден өлім 100 мың адамға шаққанда 3,1 құрады, 2013 жылы – 2,9.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім 2015 жылы 100 мың адамға

шаққанда 2014 жылғы 145,14 қарсы 157,6 құрады, 2013 жылы 100 мың адам басына шақөқанда 2012 жылмен салыстырғанда 100 мың адамға шаққандағы 156,6 қарсы 153,83 құрады. Қауіпті ісіктерден өлім 2015 жылы 2014 жылғы 90,3-ке қарсы 100 мың адамға шаққанда 93,4 құрады; 2013 жылы 100 мың адамға шаққанда 2012 жылғы 100 адамға шаққанда 85,2 –ге қарсы 76,75 құрады.

Бала өлімі 2012 жылғы тірі туған 1000 адамға шаққанда 10,5-тен 2013 жылы 9,2-ге және 2014 жылы 8,0-ге дейін төмендеудің оң серпіні байқалады.

Негізгі проблемалар талдауы. Астана қаласының өзіне тиесілі ерекшелігі орта есеппен 40 мың адамға дейін халық санының жыл сайынғы өсуі, оның ішінде тұрақты тұру үшін көшіп келгендер болып табылады. Астана қаласының Ішкі істер департаментінің Көші – қон полициясы басқармасының мәліметі бойынша 2014 жылы 218 207 адам тіркелді, оның ішінде 106 683 шетел азаматы. 2015 жылдың қорытындысы бойынша көрсеткіш 1000 тірі туған сәбиге 8,9 құрады.

Қазақстан Республикасындағы Бірыңғай денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесі шегінде дәрігерді ерікті түрде таңдау құқығы қолданылады, нәтижесінде елордалық мекемелерге Республиканың барлық өңірлерінен медициналық көмекке жүгінеді, ол онсыз да жүктеменің жоғары деңгейін ұлғайтады. Сондай-ақ, Республика өңірлерінің қалада тұрмайтын емделген емделушілер үшін қаражатты қайтаруда қиындықтар туындайды.

Аурудың жалпы бейнесін талдай отыра, негізгі үлесті әлеуметті негізделген аурулар құрайды, ол жыл сайын маңызды экономикалық зиян келтіреді және өмір сүру ұзақтығын төмендетеді. Олардың маңызды бөлігін қан айналымы жүйесінің аурулары, жаңадан пайда болған ісік аурулары құрайды.

Сонымен, қауіпті ісік ауруларымен жалпы ауыру деңгейі (АҚІ) қалада төмендеуде және 2014 жылғы 165,5 және 2013 жылғы 172,3 қарсы 100 мың адамға шаққанда 2015 жылы 198,3 құрады.

Соңғы үш жыл бойы Астана қаласында жүрек – тамыр патологиясының жоғары  деңгейде қалып отыр. Сонымен, жүйе ауруларының алғашқы ауыруы 2015 жылы 100 мың адамға шаққанда 2014 жылғы 2134,6 қарсы 2503,9 құрады, 2013 жылы 2012 жылғы 2034,8 қарсы 1874,9 құрады. Сонымен, жүйемен ауыру алғашқы аурулары 2012 жылғы 100 мың адамға шаққандағы 1840-тан 2013 жылғы 2066,3 жағдайға және 2014 жылы 2016,2 жағдайға ұлғайды.

Ана өлімі 2015 жылы 100 мың тірі туғандарға шаққанда 3,8 құрады, бұл қазақстан Республикасы бойынша орта есеп көрсеткішінен төмен.

ВИЧ – инфекция жағдайларының саны ұлғайып отырғандығын айтуға болады. 2015 жылы 2014 жылғы 136, 2013 жылғы 117-ге қарсы ВИЧ-инфекцияның 145 жағдайы тіркелді, бұл 2012 жылғы 13,15-ке (100) қарсы 100 мың адамға шаққанда 14,7 құрады.

Жалпы, ВИЧ жұқпалы аурулар эпидемиясы концентривті деңгейде, алайда көпжылдық серпін 2009 жылдан бастап аурудың жаңа көтерілісін және эпидемияның белсендендірілгендігін көрсетеді. ВИЧ-пен өмір сүріп жатқандардың жалпы құрылымында әйелдер үлесі көбеюде, кейіннен ВИЧ позитивті анадан туған балалар саны ұлғаюда, ВИЧ жұқпалы ауруы анықталғандар арасында жыныстық жолмен берілу ролі 2009 жылғы 49%-дан 2012 жылғы 59%-ға өсуде. Жыл сайын ерекше емдеуді қажет ететін адамдар саны

ұлғаюда, бұл қосымша қаржыландыруды қажет етеді. 2015 жылдың 1 қаңтарына Астана қаласында 32 ЖТҚС ауруымен ауыратын 32 ауру тіркелді.

Халықтың денсаулық жағдайына теріс әсерін аз қозғалыс, тиімсіз тамақтану, шылым шегу, алкоголь ішу, көші – қон үрдістері тигізеді.

Медициналық ұйымдардың қызметін қамтамасыз етуде негізгі звено білікті кадрлар болып табылады, бұл қазіргі уақытта да өзекті проблема. Осы салада жұмыс істейтіндер саны жыл сайын орта есеппен 8-9%-ға ұлғаяды. Сонымен, 2012 жылы елордалық денсаулық сақтау саласында 7446 медицина қызметкері бар, оның ішінде дәрігерлер – 2725, орта медицина қызметкерлері – 4721 адам болды. 2013 жылы олардың саны 8165 адамға дейін өсті (дәрігерлер – 2986, орта медицина қызметкерлері – 5179).

2014 жылдың қорытындысы бойынша барлығы 8805 медицина қызметкері, оның ішінде дәрігерлер 3141, орта медициналық персонал 5664. Дәрігерлермен қамтамасыз етілу көрсеткіші 37 пайыздан 32 пайызға дейін, медбикелер 63,5 пайыздан 58 пайызға дейін төмендеді. Бұл жыл сайын ірі медицина объектілерін пайдалануға берумен және кадрлардың жеке меншік, ведомстволық және республикалық медицина ұйымдарына кетулерімен негізделеді.

**16-диаграмма**




Медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейін жергілікті деңгейде, сондай-ақ, алыс және жақын шетелдерде көтеру бойынша жоспарлы түрде жұмыс жүргізілуде. Біліктілік санаты бар дәрігерлердің үлесті салмағы 45,1%, ал медбике 43,1% құрайды.

Денсаулық сақтау ұйымдарында менеджмент институтын кезең-кезеңмен ендіруді жүргізу үшін денсаулық сақтау менеджерлерін қарқынды түрде дайындау жүргізілуде.

Емханалардың артық жүктелуі 2013 жылғы 2,1 еседен 2015 жылғы 1,2 есеге дейін төмендеді.

Медицина қызметкерлерінің қолжетімділігін жақсарту және оның сапасын жақсарту үшін денсаулық сақтаудың инфрақұрылымы белсенді түрде дамуда және соңғы 7 жылда елордада 12 денсаулық сақтау объектісі салынды, оның ішінде әлемдік үздік өндірушілердің соңғы түрлерінің жаңашыл аппаратурасымен жарақтандырылған 4 жаңа стационар, ауысымда күштілігі 500 келушіге арналған

6 жаңа емхана салынды. Бұл іс-шаралар медициналық қызмет көрсету кезінде емделушілердің болу жағдайын жақсартуға, артық жүктемені төмендетуге мүмкіндік тудырады. Сонымен, егер емханалардың артық жүктемесі 2012 жылы 2,5 есені құраса, 2014 жылдың соңына емханалар жүктемесі нормативке сәйкес.

**Жұмыспен қамту**

Халықтың продуктивті жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі саясатты іске асыру ЖҚБ 2020 шегінде 2 бағыт бойынша бөлінген қаржыландыруға сәйкес іске асырылды.

Сонымен, ЖҚБ 2020 «инфрақұрылымды және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамту» деген бірінші бағыты шегінде 2014 жылы 33 инфрақұрылымдық жоба іске асырылды, олардың есебінен 1125 жұмыс орны құрылды, Астана қаласы әкімдігінің «Жұмыспен қамту орталығы» КММ арқылы 230 жұмыссыз жұмысқа орналастырылды. Осы бағытты іске асыру үшін 2 529,4 млн. теңге бөлінді, оның ішінде жергілікті бюджеттен – 300,6 млн. теңге, оның 2 514,9 млн. теңгесі игерілді немесе 99,4% және тиісінше 297,3 млн. теңге.

ЖҚБ 2020 «Жұмыс берушінің қажеттілігі шегінде оқыту және көшіру арқылы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу» деген екінші бағыты шегінде кәсіби дайындықтан 100 адам, қайта даярлаудан - 164 адам, біліктілікті көтеруден - 22, қайта даярлау және біліктілікті көтеруден - 278 адам өтті, еңбекақыны бөлікпен қаржыландыру шартымен әлеуметтік жұмыс орындарына 91, Жастар саясаты шегінде толық субсидиялау шартымен – ТжКБ және ЖОО 561 түлегі, тұрақты жұмыс орындарына 3108 адам орналасты. Осы бағытты іске асыруға 118,2 млн. теңге бөлінді, оның ішінде 117,5 млн. теңге немесе 99,4% игерілді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша елорда экономикасында 18389 жаңа жұмыс орны құрылды, жұмыспен қамтуыдң белсенді түрде әрекет ету есеібнен 7901 адам жұмысқа орналастырылды, бұл 2014 жылыдң деңгейінен 20,7%-ға және 2013 жылыдң деңгейінен 66%-ға жоғары. Жұмысқа орналастырылған жұмыссыздар саны әлеуметтік қолдауға жүгінгендердің жалпы санының 66,8% құрады.

**17-диаграмма**

**Жұмысқа орналастырудың негізгі көрсеткіштері, орын**



Жұмыспен қамту бағыттарының құрылымында атқарымдық топтардың көрсеткіштері бойынша да оң серпін байқалады, жеке алғанда, даярлау және қайта даярлау курстарына жолданғандардың саны 2012 жылғы 903 адамнан 2013 жылы 1408 адамға дейін және 2014 жылы 1683 адамға дейін ұлғайды, ақылы қоғамдық жұмыстарға 1782-ден 2340-қа дейін және 2646-ға дейін, жастар саясатына – 692-дан тиісінше 695-ке және 802 адамға дейін ұлғайды. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс орындарына сұраныс төмендеді, оларға 2014 жылы 189, 2013 жылы – 338, 2012 жылы – 495 адам жіберілді.

2015 жылдың қорытындысы бойынша негізгі бағыттар қимасында жастар саясатын қолдауға 590 адам жіберілді, бұл 2014 жылыдң деңгейінен 5,2%-ға және 2013 жылдың деңгейінен 57,8%-ға жоғары, әлеуметтік жұмыс орындарына 115 адам орналастырылды, кәсіби оқытумен 82 адам қамтылды.

Кәсіпкерлік қызметті ынталандыруға және қолдауға бағытталған шаралар 2012-2014 жылдар бойы 54 мың жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік тудырды.

**18-диаграмма.**

**Жұмыссыздық деңгейі**




Осылайша, жұмыссыздықтың жалпы деңгейі 2012 жылғы 5,7%-дан 2013 жылы 5,5% және 2014 жылдың қорытындылары бойынша 5,1% дейін төмендеді. Алайда, жастар жұмыссыздығының (15-28 жастағы) деңгейі бұрынғыша жоғары деңгейде қалып, 2012 жылы – 6,8%, 2013 жылы – 4,9%, 2014 жылы – 6,3% құрады.

Елордадағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі басқа облыстардан көші-қон есебінен құрылатынын айтып өту керек. Осылайша, шамамен 20 мың адамды құрайтын жыл сайынғы көші-қон өсімінің құрылымын шамамен 60% еңбекке жарамды халық құрайды. Ақмола облысының маңындағы аудандардан белсенді маятниктік көші-қон байқалады, ол қала инфрақұрылымы мен еңбек нарығына жүктеме түрінде әсер етеді.

Мемлекеттік және үкіметтік даму бағдарламалары шегінде іске асырылатын экономикалық қолдау шаралары жұмыссыздықтың жалпы деңгейін 2015 жылдың қорытындысы бойынша 4,7%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді, бұл Қазақстанның өңірлері арасында ең төменгі көрсеткішке ие. Тиісінше жастар жұмыссыздығының деңгейі 0,5%-дан 5,8%-ға дейін төмендеді.

2015 жылдың 1 қаңтарына келген орын-жай бойынша тіркелгендердің саны 218,2 мыңнан артық болып табылады, оның ішінде шетел азаматтары – 106,6 мың

адам. Көптеген азаматтар ұзақ уақыт елордада тіркеусіз тұрады және статистика үшін «көрінбейді», «маятниктік көші-қон» жеке санатты құрайды (елорда маңындағы аудандардан). Алдын ала жасалған есептер бойынша жыл сайын көшіп қонатындардың (шамамен 30 мың адам) жұмысқа «құпия» орналасқандықтарынан елорданың кіріс бөлігіне шамамен 4 млрд. теңге сомасына салық (шамамен 40-50 мың теңге сомасындағы ең төмен жалақыны есептегеннің өзінде) толық жиналмайды.

Осыған байланысты, көші-қон ағынының бақылаусыз қарқыны елорданың еңбек нарығының негізгі проблемалы факторы болып табылады, салдарынан жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің оң серпіні кезінде жұмыссыздардың саны төмендемей, шамамен 24 мың адамды құрайды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша халықтың жұмыспен қамтылу деңгейінің өсуімен 5%-ға 22,8 мың адамға дейін қысқарды.

**Әлеуметтік қорғау**

Әлеуметтік саясаттағы ең маңызды бағыттардың бірі халық кедейлігінің деңгейін төмендету шараларын іске асыру болып табылады.

Қоғамның әл-ауқатының деңгейін сипаттайтын негізгі индикаторлардың бірі халықтың жалпы санынан өмір сүру минимумы мөлшерінен төмен кірісі бар халық үлесі болып табылады, бұл үлес елордада 2014 жылдың қорытындылары бойынша 0,4% құрды, бұл 2013 жылдың деңгейінен 0,1% төмен (0,5%) және 2012 жылғы деңгейден 0,6% төмен. 2014 жылы әлеуметтік көмекпен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарынан 62 мыңнан артық адам қамтылды.

2015 жылы күнкөріс минимумы ұзақтығының өсуі 21,6 мың адамнан 22,7 мың адамға дейін өсуі себебі бойынша төмен кірісі бар халық санының үлесі 2014 жылдың деңгейіне 0,2%-ға, 2013 жылдың деңгейіне 0,1%-ға өсумен 0,6%-ға дейін ұлғайды.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру шеңберінде мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету, тіршілігі үшін оларға тең мүмкіндіктер жасау және қоғаммен біріктіру үшін мүгедектерді әлеуметтік қолдау жұмысы жүргізіледі, ол төмендегіні қарастырады:

мүгедектерді заманауи техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдардағы және арнайы қозғалу құралдарындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;

мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарын енгізу;

заманауи сауықтыру және медициналық-әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың тапшылығын еңсеру;

мүгедектердің жұмыспен қамтылуын және кәсіптік даярлығын қамтамасыз ету.

2012-2014 жылдар бойы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың саны 12%-ға немесе 2072 адамға, 2012 жылғы 17306-дан 2013 жылы 18696-ға және 2014 жылы 19372 адамға дейін ұлғайды.

2015 жылдың қорытындысы бйоынша м.мкіндіктері шектеулі тұлғалар саны 19481 адамға дейін ұлғайды, бұл 2014 жылдың деңгейінен 0,6%-ға, 2013 жылғы деңгейден 4,2%-ға ұлғайды.

«Инватакси» қызметі 2014 жылы шамамен 1000 адамды қамтыды, бұл 2012 жылғы деңгейден 2 есеге артық.

2015 жылыдң қорытындысы бойынша «Инватакси» қызметі 1,5 мың адамды қамтыды, ол 2014 жылыдң деңгейінен 1,5 есеге, 2013 жылдың деңгейінен 2 есеге жоғары.

2014 жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде 23 үкіметтік емес ұйым қатысты, бұл 2012 жылғы көрсеткіштен 4 есеге артық.

Жалпы, қызмет көрсетілетін азаматтардың саны ведомстволық бағынысты мекемелер мен үкіметтік емес сектордың есебімен 1,6 есеге, 2012 жылғы 1911 адамнан 2013 жылы 2874-ке және 2014 жылы 3133 адамға дейін ұлғайды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік қызметтер көрсетумен 3457 адам қамтылды, бұл 2014 жылдың деңгейінен 10,3%-ға, 2013 жылдың деңгейінен 20,3%-ға жоғары.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушылардың саны 2015 жылдың 1 қаңтарына 1211 адамды құрады, бұл 2013 жылдың деңгейінен (947 адам) 27,8%-ға, 2012 жылғыдан (885 адам) – 36,8%-ға жоғары.

2014 жылы еңбекке жарамды халық үлесі атаулы әлеуметтік көмек алушылардың құрамында 27,2 % құрады, бұл 2013 жылдың ұқсас кезеңінен (27,6%) 0,4%, 2012 жылғыдан (34%) 6,8 пайыздық пунктке төмен.

2016 жылдың 1 қаңтарына атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 1072 адамға дейін төмендеді немесе 2014 жылдың деңгейіне 11,5%. Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік жәрдемақы алатындар құрамында еңбекке қабілетті жандардың үлесі 25,2%-ға дейін немесе 2013-2014 жылдардың деңгейімен салыстырғанда 2%-ға төмендеді.

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Астанада әрекеттегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз кіру үшін жағдай жасау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

2012-2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес паспорттаумен 335 объекті қамтылды (97 – жеке меншік объектілері, 17 – орталық органдарының жанындағы объектілер, 221 – қалалық коммуналдық меншік объектілері), олардың ішінде қол жетімді объектілердің саны – 95.

2016 жылдың 1 қаңтарына құжаттандырумен қамтылған объектілер саны 365 бірлікке дейін жетті, оның ішінде мүгедектер үшін қол жетімді – 126 объекті.

2015 жылы мүмкіндіктері шектеулі адамдарға кіруді қамтамасыз ету қосымша 9 объектіге жоспарланады, бұл паспортталған объектілердің жалпы санынан (пандустардың, жүргінші өткелдердегі дыбыстық және дыбылдама құралдарының, аялдамалардың, жол белгілерінің саны, қолжетімді қоғамдық көліктің саны) 30% құрды.

2016 жылы мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін құжаттандырылған объектілердің (пандустардың, жаяу жүргін жолдарында дыбыс беретін және

сигнальды құрылғылар, аялдамалар, жол белгілері саны, қолжетімді қоғамдық көлік саны) жалпы санынан 50%-ға дейін қол жеткізуін қамтамасыз ету жоспарлануда.

**Мәдениет**

Астана қаласының мәдени мекемелерінің жалпы саны 2016 жылдың 1 қаңтарына 75 бірлікті құрайды (2013 жылы – 69 бірлік), оның ішінде 5 мұражай, 7 театр, 30 кітапхана, 1 концерттік ұйым, 1 цирк, 6 жеке меншік кинотеатр, 4 жеке меншік көрме галереясы, 8 мәдениет және демалыс саябағы, 7 мәдени-демалыс кәсіпорны және т.б.

Бұдан басқа, елордада 46 жылжымайтын тарих және мәдениет ескерткіші, оның ішінде 12 археология, 34 – қала құрылысы және сәулет ескерткіші.

Қаланың мұражайларында есепке алу құжаттамасын электронды рәсімдеу және мұражай ішінде заттардың қозғалысын тіркеу енгізілуде.

2013 жылы 671882 кітап данасын құрайтын кітапханалық қор 2014 жылы 681943 данаға дейін толықтырылды, бұл жалпы қордың 1,5 % құрайды.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолданумен, елорда халқын мәдени құндылықтарға қол жетімділігін кеңейту жұмысы өткізілуде. Қаланың орталық кітапханасында локальдық желі құрылып, РАБИС енгізілді; тұтынушыларға қызмет көрсетудің есептеу нысандары енгізілді.

2016 жылыдң басына елордада электронды каталогы 779,6 мың бірлік көлемімен 1788 кітап оқу орнына арналған 30 кітапхана жұмыс істейді. Сандық нысанға 21,1 мың дана баспа өнімдері енгізілді. Кітапханаларды қолданатындар саны 2015 жылы 195 мың адамды құрады, бұл 2014 жылыдң деңгейіне 22,7%-ға және 2013 жылдың деңгейіне 20,4%-ға артық.

Жалпы, мәдениет саласында жұмыс істейтіндердің саны 2015 жылдың 1 қаңтарына 2984 адамды құрады, және 2012 жылмен салыстырғанда (2635 адам) 13,2%-ға ұлғайды.

2014 жылы елорда театрлары 973 спектакль ұсынды, оның ішінде 25 - театрлық премьера, мұражайлар 4627 экскурсия өткізді, 189 дәріс оқылды, 124 жаңа көрме ұйымдастырылды; шығармашылық ұжымдар 519 концерттік мереке өткізді; кітапханалар 1731 іс-шара ұйымдастырды.

Астана қаласының мәдениет мекемелерінің халық тарапынан қажеттілігі жыл сайын ұлғаюда. Осылайша, мұражайларға бару саны 2012 жылғы 483,6 мың адамнан 2013 жылғы 531,5 мың адамға дейін және 2014 жылы 915,1 мың барушыларға дейін ұлғайды; кітапханаларға бару 938-ден 961-ге дейін және тиісінше 991,2 мыңға дейін ұлғайды. 2014 жылы елорда театрларына 256,1 мың адам барды, бұл 2013 жылдың деңгейінен 18%-ға жоғары (217,2 мың адам), алайда, 2012 жылғы деңгейден 46% төмен (473,4 мың адам), бұл 2012 жылы елоданың 15-жылдығын мерекелеумен байланысты болды.

**19-диаграмма**

**Астана қаласының мәдениет мекемелеріне барудың саны, мың адам**




2015 жылдың қорытындысы бойынша елорда тетарларының жалпы саны 2014 жылдың деңгейіне 4,1%-ға және 2013 жылдың деңгейіне 22,7%-ға өсумен 266,6 мың адамды құрады. Мұражайларға 727,5 мың адам барды, ол 2014 жылдың деңгейінен 20,5%-ға төмен және 2013 жылдың деңгейінен 37%-ға жоғары.

**Тіл саясатын дамыту**

Өткізіліп жатқан мемлекеттік тіл саясаты қазақ тілін меңгерген халық үлесін арттыруға бағдарланған. Сонымен қатар, Қазақстан халқының мәдени-тілдік әлеуетін сақтауды және дамытуды көздейтін толеранттық тіл ортасының әрекет етуі үшін қажетті жағдай жасалуда.

Мемлекеттік қызметшілерді, бюджет саласы қызметкерлерін, сондай-ақ ересек халықты мемлекеттік тілге оқыту мақсатында қала әкімдігі жанында «Руханият орталығы» ЖШС қызмет етеді. Осылайша, 2012-2014 жылдары мемлекеттік тілмен 7200 адам немесе жыл сайын 2600 адам қамтылды.

2015 жылы мемлекеттік тілге үйрету курстарымен 1500 адам қамтылды, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет қызметкерлері және т.б.

Сонымен қатар, қалада шамамен 30 тілдерді оқытатын жеке меншік орталықтар әрекет етеді, оның ішінде 15 мемлекеттік тілге үйретеді. Бұдан басқа, Астана қаласының мемлекеттік қызметшілері ағылшын тілі курстарында тегін оқылады, оларға 2012-2014 жылдары жыл сайын 90-нан астам адам барды.

2014 жылдан бастап «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне дайындық шеңберінде әлеуметтік сала қызметкерлері үшін (денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мекемелері) ағылшын тіліне оқыту курстары ұйымдастырылды, оларға шамамен 150 адам барды. 2015 жылы ағылшын тіліне 100-ден астам мемлекеттік қызметші және 450 әлеуметтік сала қызметкері оқытылды.

2013-2015 жылдары мемлекеттік тілде оқытатын балабақшалар саны 29,4%-ға, 2013 жылғы 34 бірліктен 2015 жылғы 44 бірлікке дейін ұлғайды. Бұдан басқа, жеке қазақ тілді топтар ұйымдастырылған тағы да 8 балабақша ашылды. Жалпы білім беретін мектептердің саны 14,3%-ға, тиісінше 28-ден 32 бірлікке дейін өсті. ТжКО барлық ұйымдарында мамандар даярлау орыс немесе қазақ тілінде талапкерлер таңдау бойынша жүзеге асырылады.

**9-кесте**

**Сабақтарды мемлекеттік тілде жүргізетін оқу орындарының саны**

| Оқу орнының атауы | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі мекеме (қазақ тілінде оқытатын) | 34 | 37 | 44 |
| Мектепке дейінгі мекеме (аралас) | 43 | 46 | 51 |
| Мектепке дейінгі мекеме (қазақ тілінде оқытатын) | 28 | 30 | 32 |
| ТжКО ұйымдары (аралас) | 39 | 40 | 40 |

Жалпы, әлеуметтік зерттеуге сәйкес елорданың ересек халқының қазақ тілін білуі 2014 жылы 79 % құрап, 2013 жылғы 78%-дан 2012 жылғы 77% құрады. 2015 жылы мемлекеттік тілді игеру деңгейі 80%-ға жетті.

Сонымен қатар, алынған деректерге сәйкес қазақ тілін қолданудың негізгі салалары отбасы болып табылады (шамамен 40% тек қазақ тілінде сөйлеседі, қазақ тілімен қоса орыс тілін де қолданатындар – 29,5%), сондай-ақ, жұмыс пен оқу (40% және тиісінше 22,9%). Ауруханаларда, дәріханаларда, қоғамдық көлікте және дүкендерде тек қазақша орташа алғанда 16%-ден 20%-ға дейін, ал екі тілде сөйлесетіндер 40%-дан 45%-ға дейін.

Ағылшын тілін түсіну деңгейі 10%, ал еркін сөйлесетіндер тек 9,5%, құжаттамамен жұмыс істейтіндер - 4,1%құрайды.

Сонымен қатар, ономастика саласында тиісті жұмыс жүргізілуде, қалада 924 көше бар, оның ішінде 832 көшенің атауы уақыт талаптарына сәйкес келеді.

Сыртқы жарнама мен визуалды ақпарат мәселелері бойынша бақылау жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Апта сайын жарнаманың тіл туралы заңнама талаптарына сәйкес келу затына рейдтер өткізіледі, оның барысында шағын және орта бизнес өкілдеріне барлық қажетті түсініктемелер беріледі. Сонымен қатар, күн сайын жарнама берушілерімен және жарнама өндірушілерімен сыртқы жарнама мен визуалды ақпарат эскиздерінің мәтіндерін жазу мәселесі бойынша кеңестер өткізіледі. Осылайша, 2012 жылы 2581 эскизге, 2013 жылы – 3019, 2014 жылы – 2888 эскизге сараптама жүргізілді.

Өңірдің лингвистикалық капиталын сақтау мақсатында 11 жексенбілік мектептің қызметі қамтамасыз етілді, ол жерде қалада тұратын этностардың тілдері зерделенеді.

## Спорт

Қазіргі уақытта қалада 610 спорт ғимараты, 25 мемлекеттік кәсіпорын қызмет етеді, оларда 107 спорт түрі ұсынылған: балалар мен жасөспірімдерге арналған 10спорт мектебі (бұдан әрі - БЖСМ), 7 спорт клубы, 2 спорт комбинаты, 2 жоғары спорт шеберлігі мектебі, 2 спорт сарайы, 1 Олимпиадалық резерв даярлау орталығы және 1 бұқаралық-спорт іс-шараларын өткізу дирекциясы.

2014 жылы спортпен шұғылданатын адамдардың жалпы саны 13,7 мың адамды құрады және 2013 жылмен салыстырғанда (12,5мың адам) 9%-ға, 2012 жылмен салыстырғанда (12,3 мың адам) 11,6%-ға ұлғайды.

**20-диаграмма**

**Даярланған білікті спортшылардың саны, адам**




Жоғары жетістіктер спортын дамыту бағыты бойынша білікті спортшылар санының ұлғаюы байқалады. Солай, 2014 жыл бойынша спорт шеберлерінің саны 1,5 есеге, 2012 жылғы 87-ден 2013 жылы 143-ке дейін және 2014 жылы 131-ге дейін, халықаралық спорт шеберлерінің саны 1,3 есеге, 20-дан 23-ке және тиісінше 27-ге дейін, спорт шеберлеріне кандидаттардың саны – 1,8 есеге, 217-ден 267-ге және тиісінше 401-ге дейін ұлғайды.

2015 жылы 399 спортшы біліктіліктен өтті, оның ішінде халықаралық санаттағы спорт шебері атағы – 37 адамға, спорт шебері – 84 адамға, спорт шеберіне кандидат – 278 адамға берілді.

Республикалық және халықаралық жарыстарда иеленген медальдардың саны 2,6 есеге, 2012 жылғы 1313-дан 2013 жылы 2445-ке және 2014 жылы 3454-ке дейін ұлғайды, оның ішінде алтын медальдардың үлесі 34,4% немесе 1189 бірлікті құрайды.

2015 жылы елорда спортшылары 3883 медальге ие болды, оның ішінде 1297 немесе 33,4% алтын. 2014 жылмен салыстырғанда алған наградалар саны 12,4%, 2013 жылдың деңгейімен 58,8%-ға ұлғайды.

Бұқаралық спортты дамыту шеңберінде ішкікварталдық аумақтардың спорт алаңдарында және жалпы білім беретін мектептердің спорт залдарында елорда тұрғындары арасында бұқаралық-спорт іс-шараларын ұйымдастыру жұмысы өткізіледі. Каникулдар кезеңінде оқушылармен салауатты өмір салтын, темекі шегу және жасөспірімдер мен жастар арасында құқық бұзушылықтың болмауын насихаттайтын спорт іс-шаралары өткізіледі. 6-18 жастағы жасөспірімдерді спорт секцияларымен қамту 18,4 % құрды және 2013 жылмен салыстырғанда 2,9%-ға (15,5%), 2012 жылмен салыстырғанда 2,1%-ға (16,3%) ұлғайды.

Балаларды спорттық біліммен қамту құрылымында жалпы білім беру мектептерінде спорт секциялары ең жоғары үлеске ие, олар 2014 жылдың қорытындысы бойныша 44,8% құрайды. Балалар – жасөспірімдер спорт мектептері спортпен шұғылданатын барлық балалардың 33,8 % қамтиды, аула клубтарының үлесі шамамен 21,4% құрайды.

**21 диаграмма**

**Балаларды спорт тәрбиесімен қамту құрылымы**, %




2012-2014 жылдары тәрбиеленушілер саны аула клубтарында байқалады, оларда балалар саны 92,3%-ға, 2012 жылғы 2274-тен 2013 жылғы 2391 адамға және 2014 жылғы 4372 адамға дейін ұлғайды. БЖСМ-де өсу 6,7%, 2012 жылғы 6483 адамнан 2013 жылғы 6739 адамды және 2014 жылы 6916 адамды құрады. Жалпы оқыту мектептерінің секциялары бойынша өсім 17% немесе 2012 жылғы 7849 адамнан 2014 жылғы 9178 адамға дейін жетті, ал 2013 жылы шұғылданушылар контингенті тек қана 7178 адамды құрады, бұл 2012 жылдың деңгейінен 8,5%-ға төмен.

2015 жылыдң қорытындысы бойынша дене тәрбиесімен және спортпен үнемі айналысатын балаларды қамту 21,9% немесе 25985 баланы құрайды, оның ішінде БЖОМ-де 13573 бала немесе 52,2% айналысады. 2014 жылмен салыстырғанда қамту 3,5%, 2013 жылмен – 6,4%-ға ұлғайды.

Жалпы, спортпен шұғылданатын тұрғындар санының өсуі 14,5%, 2012 жылғы 159,2 мың адамнан (үлес 20,6%) 2013 жылы 169,2 мың адамға дейін (үлес 21%) және 2014 жылы 182,2 мың адамды (үлес 21,5%) құрды. Бұл жерде спорт іс-шараларының 2012 жылғы 495-тен 2013 жылы 515-ке дейін және 2014 жылы 536-ға дейін жыл сайынғы өсуін айтып өту қажет.

Жыл сайын өткізілетін спорт – көпшілік іс-шараларды 562-ға немесе 2014 жылмен салыстырғанда 5%-ға дейін ұлғайту жолымен тұрғындарды қамту 191,2 мың адамға (22%) ұлғайды, бұл 2014 жылдың деңгейінен 4,9%, 2013 жылыдң деңгейінен 13%-ға жоғары.

**Туризм.**

Елорданың Қазақстан Республикасының іскерлік және қаржы орталығы ретінде қалыптасуы туризм саласының дамуына әрекет етеді. Тек соңғы 3 жылдың ішінде ғана орналасу орындарының саны 2012 жылғы 135-тен 2013 жылы 141-ге дейін және 2014 жылы 160-қа дейін ұлғайды, бұл жерде жұмыс істейтіндердің саны да тиісінше 3,6-дан 3,9-ға және 4,3-ке дейін өсті.

2016 жылдың басына орналастыру орындарының саны 2014 жылыдң деңгейінде сақталынды. Сонымен бірге, номерлер саны 5,9 мың бірлікке дейін

төмендеді, бұл 2014 жылыдң деңгейінен 6,8%-ға төмен және 2013 жылдың деңгейінен 8,3%-ға жоғары. Осыған байланысты, қызмет көрсеткен персоналдар саны 9,3%-ға 3,9 мың адамға дейін қысқарды.

Нөмірлердің саны 43%-ға, 4460-тан 6383 бірлікке дейін, оның ішінде «люкс» нөмірлері – 41,3%-ға, 558-ден 789 бірлікке дейін ұлғайды. Алайда, қажеттілік деңгейі 2012 жылғы деңгейде қалып, 28,9% құрды. Ал тұрудың орташа құны 14%-ға, 2012 жылғы 11052,3 теңгеден 2014 жылы 12627 теңгеге дейін өсті.

2015 жылдың қорытындысы бойынша толтыру коэффициенті 2014 жылдың 27,7% және 2013 жылыдң 33,9%-на қарсы 26,9%-ға дейін төмендеді. Тәуліктік кереуеттің орташы құны 2014 жылмен салыстырғанда 7%-ға 11 750 теңгеге дейін төмендеді.

Жалпы, қызмет көрсетілген туристтердің саны 29%-ға, 2012 жылғы 566,6 мың адамнан 2013 жылы 608,3 мың адамға дейін және 2014 жылы 730,8 мың адамға дейін, оның ішінде шетелдіктердің саны – 50%-ға, 103,3 мың адамнан 109,9 және тиісінше 155,3 мың адамға дейін ұлғайды.

**22-диаграмма**

**Орналастыру орындары бойынша келішулерге қызмет көрсету, мың адам**




Тартымды туристік бағыттардың бірі болып іскерлік туризм табылады. Солай, 2014 жылы шамамен 90,5% немесе 140,5 мың шетел азаматтары және 44% немесе 252,4 мың республика азаматы іскерлік мәселелерді шешу мақсатымен елордаға келді.

Сатылған жолнамалардың саны 2 есеге, 2012 жылы 27,3 мыңнан 2013 жылы 49,6 және 2014 жылы 55,7 мың адамға дейін ұлғайды.

Орналасу орындарымен қамтудың мөлшері 22,5%-ға, 2012 жылы 15 млрд. теңгеден 2013 жылы 13,3 млрд. теңгеге дейін және 2014 жылы 18,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

2015 жылы елордаға 722,8 мың турист келді, бұл 2014 жылдың деңгейіне сәйкес. Сонымен қатар, ішкі туристік ағынның 3%-ға 575,5 мың адамнан 558 мың адамға дейін төмендеуінде қызмет көрсетілген резиденттер еместердің 6,1%-ға 155,3 мың адамнан 164,8 мың адамға дейін өсуі байқалады.

Құндылық мәнде орналасу орындарында көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 2015 жылдың қорытындысы бойынша 18 228,4 млн. теңгені құрады, бұл 2014 жылдың деңгейінен 1,2%-ға және 2013 жылдың деңгейінен 37,1%-ға төмен.

**SWOT талдау**

| Күштіжақтары (S) | Осал жақтары (W) |
|---|---|
| 1. Туудың жоғары деңгейі.<br>2. Білім беру жүйесін материалдық – техникалық жарақтандыру халықаралық стандарттарға бағытталған.<br>3. «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы шегінде медициналық көмектің жоғары технологиялы түрлері халық үшін қолжетімді.<br>4. Өмір сүру деңгейінің тұрақты өсуі.<br>5. Жыл сайын жаңа жұмыс орындарының құрылуы.<br>6. Мәдени, демалыс және спорт объектілерінің кең көлемді жүйесі.<br>7. Мемлекеттік тілде оқытатын мектеп санының ұлғаюы.<br>8. Ұлттық спорт түрлерін дамыту;<br>9. Халықаралық ареналардағы жоғары спорттық жетістіктері үшін спортшылар мен жаттықтырушыларды материалдық ынталандыру.<br>10. Келешегі бар спортшыларға, жас мамандарға тұрғын үй ұсыну. | 1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы орын тапшылығы.<br>2. Елордалық ТЖКО колледждері мен мекемелерінің бәсекеге қабеліттілігінің төмен деңгейі;<br>3. Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы мамандар тапшылығы.<br>4. Ішкі және сыртқы көші-қонның елорданың санитарлық – эпидемиологиялық жағдайына теріс әсері.<br>5. Жастар жұмыссыздығының жоғары деңгейі.<br>6. Мемлекеттік тілге оқытудың бірыңғай стандарттарының болмауы.<br>7. Спорт объектілерінің тапшылығы.<br>8. Туризм саласында білікті кадрлардың жеткіліксіздігі.<br>9. Әлемдік стандарттармен салыстырғанда қызмет көрсету саласы сапасының төмен деңгейі.<br>10. Әуетасымалының осал дамыған инфрақұрылымы.<br>11. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін құралдармен жабдықталған арнайы спорт орын-жайларының болмауы.<br>12. Дене тәрбиесі және спорт саласында жоғары білікті мамандардың тапшылығы. |
| **Мүмкіндіктер (O)** | **Қауіптер (T)** |
| 1. Әлеуметтік сала объектілерін салу шегінде МЖК тетігін дамыту.<br>2. “Назарбаев Университет” АҚ ғылыми кешені базасында оқытудың жаңа бағдарламаларын ендіру.<br>3. Әлеуметтік қызмет көрсету секторында ҮЕҰ қызметін белсендендіру.<br>4. Жұмыс беруші қоятын талаптарға сәйкес жұмыссыз халықты кәсіби дайындау және қайта даярлау бағдарламаларын жетілдіру.<br>5. Елордада туристік кластерді дамыту.<br>6. Халық және мүмкіндіктері шектеулі адамдар арасында спортты насихаттау және жандандыру. | 1. Көші – қон ағынының серпінді қарқыны.<br>2. Еңбекақының төмен болуына байланысты кәсіби және техникалық оқыту ұйымдарынан оқытушылардың кетуі.<br>3. Ұлттық валютаның құнсыздануы және экономикадағы дағдарыс тенденциясының әсерінен сатып алу қабілетінің төмендеуі және халықтың өмір сүру сапасының нашарлауы. |

Негізгі проблемалар:

**білім беруде:**

астана қаласының 12 мектебінде 2000-нан 3000-ға дейін балалар санының артық болуы;

мемлекеттік – жекешелік әріптестік жүйесінің жеткіліксіз түрде дамуы;

білім беруді ақпараттандырудың төмен дамуы;

педагог мамандығы қажеттілігінің төмен деңгейі;

білім берудегі менеджменттің басқару тиімділігінің халықаралық деңгейіне сәйкес еместігі;

мектепке дейінгі және орта білім беру объектілерінің тапшылығы.

**жастар саясатында:**

жастарды жұмысқа орналастыру, себебі, елорданың оқу орындарының көбі (ЖОО, ТжКБ) еңбек нарығы экономика және құқық саласындағы мамандармен толық екендігіне қарамастан қажетті мамандар түлектеріне қатысты саясатты дұрыс жүргізбейді;

жастардың жастар ұйымдарының және Жастар ісі жөннідегі комитет жұмыстарына аз қатысуы;

студенттер жатақханаларында орынның жетіспеушілігі.

**денсаулық сақтауда:**

кадрлардың, әсіресе тар шеңберлі мамандандырылған дәрігерлердің тапшылығы;

денсаулық сақтау жүйесі объектілері жұмысының көптігі;

Қазақстан Республикасының өзге өңірлерінен пациенттердің келуі;

жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін құралдар сатып алу бойынша шығыстардың жоғары деңгейі;

ақпараттандыру деңгейінің төмендігі.

**жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауда:**

атаулы әлеуметтік көмек алатын жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатыстыру. Әкімдіктің жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органымен әлеуметтік шарт жасасқан атаулы әлеуметтік көмек алушы жұмыссыздар жұмыс берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндіктен жұмысқа орналаса алмайды немесе ұсынылған бос орындарға еңбекақының төмендігіне, денсаулығының жарамсыздығына байланысты келісімін бермейді.

**мәдениет саласында:**

мамандандырылған кадрлардың тапшылығы;

қала құрылысы мен сәулет ескерткіштерінің қанағатсыз жағдайы;

мұражай коллекцияларын толықтыру үшін қаржылық қаражаттың тапшылығы.

**тіл саясаты саласында:**

іскерлік әрекеттер, бизнес, ғылым, сондай-ақ халыққа қызмет көрсету, мемлекеттік қызмет көрсету салаларында мемлекеттік тілді қолданудың төмен деңгейі;

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнама нормалары талаптарының сақталмауы;

мемлекеттік тілге оқытудың бірыңғай әдістеме мен стандарттардың болмауы.

**спортта:**

спорт объектілерінің тапшылығы, ол қажеттіліктің 63% құрайды;

жаттықтырушы құрам еңбекақысының төмен деңгейі;

балалар – жасөспірімдер спорт мектептерін орналастыру үшін мамандандырылған орын-жайлардың болмауы;

спорт құралдарының және жабдықтарының жоғары деңгейде тозуы.

**туризм саласында:**

арнайы кадрлар біліктілігінің жетіспеушілігі, әуе тасымалы инфрақұрылымының осал дамуы, әлемдік стандарттармен салыстырғанда орналастыру орындарындағы қызмет көрсету сапасының төмендігі.

## 2.3. Қоғамдық тәртіп және құқықтық тәртіп

### Қоғамдық тәртіпті сақтау

2012-2014 жылдары елордадағы криминалдық ахуалдың дамуына талдау қылмыстардың 1,5 есеге, 2012 жылы 22,7 мың бірліктен 2013 жылы 34,7 және 2014 жылы 35 мың бірлікке ұлғаюын көрсетеді. Қылмыстықтың жалпы деңгейі 40% ұлғайса, халық санының өсімі 9,6% немесе 74,8 мың адамды құрайды.

Соңғы үш жыл ішінде жасалған ұрлықтың саны 53%-ға, 13,7-ден 2013 жылы 19,8-ға дейін және 2014 жылы 21 мыңға дейін ұлғайды, зорлықтың саны 2,6 есеге, 2012 жылғы 75 жағдайдан 2013 жылы 155-ке және 2014 жылы 200-ге дейін өсті, бұзақылық - 3,5 еседен артық, 0,8-ден 3,3-ке және тиісінше 3,1 мың прецедентке дейін өсті. Қылмыстықтың құрылымында ұрлықтың үлесі 60%, бұзақылық – 9%, тонау – 4,8% құрайды. Жасалған қылмыстардың жалпы санында бұзақылық үлесінің өсімін айтып өту қажет: 2012 жылғы 3,8%-дан 2014 жылы 9%-ға дейін.

2015 жылы 43,4 мың қылмыс жасалды, бұл 2013-2014 жылдар кезеңінен 25%-ға артық. 10 мың адамға есептегенде қылмыстың жалпы деңгейі 2014 жылғы 20%-ға және 2013 жылғы 15,6%-ға өсумен 504 бірлікке жетеді.

**9-кесте**

| **Көрсеткіштің атауы** | **Өлшем бірлігі** | **2013 жыл** | **2012 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, %** | **2014 жыл** | **2013 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, %,** | **2015 жыл** | **2014 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, %** | **2013 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, %** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Қылмыстық деңгейі** | 10 мың халыққа шаққанда | 436 | 146 | 420 | 96 | 504 | 120 | 115,6 |
| **Халық саны** | Мың адам | 34 756 | 152,7 | 34 985 | 100,7 | 43 442 | 124,2 | 125 |
| **Тіркелген қылмыстардың саны,** оның ішінде санаттар бойынша: | бірл. | 39 | 88,6 | 37 | 94,9 | 33 | 89,2 | 84,6 |
| Өлтіру | бірл. | 72 | 107,5 | 66 | 91,7 | 92 | 139,4 | 127,8 |
| Ауыр дене жарақаттары | бірл. | 76 | 122,6 | 63 | 82,9 | 45 | 71,4 | 59,2 |
| зорлау | бірл. | 20 | 142,9 | 13 | 65,0 | 22 | 169,2 | 110 |

| Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2012 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, % | 2014 жыл | 2013 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, %, | 2015 жыл | 2014 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, % | 2013 жылмен салыстырғандағы өсім қарқыны, % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарақшылық | бірл. | 2 330 | 119,0 | 1 676 | 71,9 | 1282 | 76,5 | 55 |
| Күшпен алушылық | бірл. | 6,7 | - | 4,8 | - | 3 | - | - |
| Тонау | бірл. | 19 788 | 143,8 | 21 088 | 106,6 | 24 149 | 114,5 | 122 |
| | Үлес | 56,9 | - | 60,3 | - | 55,6 | - | - |
| Ұрлық | бірл. | 3 358 | 390,0 | 3 103 | 92,4 | 1562 | 50,3 | 46,5 |
| | Үлес | 9,7 | - | 8,9 | - | 3,6 | - | - |

Оң серпін өлтіру мөлшерінің 15,9%, сығанақтықтың 7%, экономикалық қылмыстардың 30% және тонаудың 14,4% төмендеуінде байқалады. Тиісінше, қылмыстықтың құрылымында тонау үлесі 2012 жылғы 8,6%-дан 2014 жылы 4,8%-ға дейін, экономикалық қылмыс – 3,6%-дан тиісінше 1,6%-ға дейін қысқарды. Әрбір төртінші ұрлық және әрбір екінші ұрлық ұялы телефондарды ұрлаумен байланысты.

2015 жылдың қорытындысы бойынша 2013-2014 жылдар кезеңімен салыстырғанда 2014 жылмен салыстырғанда 15,4%-ға және 2013 жылмен салыстырғанда 10,8%-ға өлім, бұзақылық тиісінше 60,8%-ға және 28,6%-ға, ұрлық - 45% және 33,5%-ға, бұзақылық – 53,5% және 49,7%-ға санының төмендеуі байқалады.

Аса ауыр дене жарақаты бойынша 2014 жылдың деңгейіне 39%-ға және 2013 жылыдң деңгейіне 27,8%-ға, бопсалаушылық тиісінше 69,2% және 10%-ға, ұрлық 14,5% және 22%-ға өсуі тіркелген.

Өткізілетін шұғыл-тергеу іс-шараларының шеңберінде қылмыс жасаған адамдарды анықтау 34,5%-ға, 2012 жылғы 2,9 мың адамнан 2013 жылы 3,7-ге және 2014 жылы 4 мың адамға дейін ұлғайды, олардың ішінде әйелдер саны 71,4%, ерлердікі 29,1%, кәмелетке толмағандардың саны 10% ұлғайды.

Қылмыс жасаған адамдардың құрылымында жұмыссыздер мен біреудің асырауындағы адамдардың үлесі 77% құрды. Өзге теріс факторлардың ішінде әйелдердің қылмыс жасау үлесінің 14,7%-дан 19,5%-ға дейін ұлғаюын айтып өту қажет.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жол-көлік оқиғалардың деңгейі 44,4%-ға, 2012 жылғы 10 мың көлік бірлігіне шаққанда 18 оқиғадан 2013 жылы 24 оқиғаға дейін және 2014 жылы 26 оқиғаға дейін өсті. Сонымен қатар, зардап шеккендердің саны 43,2%-ға, 10 мың тұрғанға шаққандағы 7,4 адамнан тиісінше 10,6-ға дейін ұлғайды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша 10 мың бірлік автокөлікке шаққандағы жол – көлік оқиғаларының деңгейі 2014 жылмен салыстырғанда 4,5%-ға 24,8 жағдайға дейін қысқарды, 2016 жылмен салыстырғанда 3,3%-ға ұлғайды. Абсолютты сандарда ЖКО 8%-ға 2014 жылғы 754 жағдайдан 2015 жылғы 694 жағдайға дйеін төмендету тіркелді, оларда зардап шеккендер саны тиісінше 7,7%-ға 886 адамнан 818 адамға дейін қысқарды.

Астана қаласының Ішкі істер департаменті тұрақты негізде жол қозғалысының қауіпсіздігі саласында жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралар қабылдайды. 2014 жылы 220 мыңнан артық әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, жалпы сомасы 1776,8 млн. теңгеге әкімшілік айыппұл салынды, оның ішінде 1314,8 млн. теңге өндірілді. Мас күйінде 2 286 жүргізуші ұсталды.

2015 жылы шамамен 220 мың әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталынды. Анықталған ЖКО бұзушылықтардың жалпы санынан процессуальды шешім қабылдау үшін 210,7 мың әкімшілік материалдар өнідіріске қабылданды, оның ішінде 191,3 мың әкімшілік істер бойынша жалпы сомасы 1548,7 млн. теңгеге айыппұл түрінде қаулы шығарылды.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бағыты бойынша алынған есірткі мөлшерінің 2 есеге, 2012 жылғы 343,4 кг 2013 жылы 275 кг және 2014 жылы 170,2 кг дейін төмендеуі байқалады. Алынып қойған героин мөлшері 3 есеге, 7,7 кг-дан 22 және тиісінше 23,5 кг дейін ұлғайды. Есірткімен байланысты қылмыстың жалпы саны 3% өсті, ал қылмыс жасаған адамдардың саны 46,8%-ға, 77-ден 105 және тиісінше 113 адамға дейін ұлғайды, оның ішінде рецидив бойынша – 2,5 есеге, 4-тен 9 және 10 адамға дейін өсті.

2015 жылы 237 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде нашамен айналысатын 134 тұлғаға қатысты. Жүргізілген жұмыстар нәтижесі бойынша заңсыз айналымнан 255,2 кг әр түрлі наша заттары алынды, бұл 2014 жылдың көрсеткішінен 1,5 есеге және 2013 жылдың деңгейінен 7,2%-ға артық.

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою**

2012-2014 жылдары төтенше жағдайлардың саны 28,4%-ға, 2012 жылғы 377-ден 2013 жылы 253 және 2014 жылы 270-ке дейін қысқарды. Оның ішінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың саны 31,5%-ға, 359-дан 244-ке және тиісінше 246 жағдайға дейін.

2014 жылдың қорытындылары бойынша төтенше жағдайлардың құрылымында жоғары үлесті өндірістік апаттар (41,5%), өндірістік және тұрмыстық өрттер (20%), сондай-ақ оқыс оқиғалар (9,2%) құрайды.

**23 диаграмма**

**Төтенше оқиғалар саны, бірлік**




Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін қаржылық және техникалық қолдау бойынша уақтылы қабылданған шаралар апаттар санының 8 есеге, 2012

жылғы 144 бірліктен 2014 жылы 18 бірлікке дейін, сондай-ақ өндірістік және тұрмыстық өрттердің 10%-ға, 60-дан тиісінше 54-ке дейін төмендеуіне ықпал етті.

Өндірістік апаттардың саны 21,7%-ға, 2012 жылғы 92-ден 2014 жылы 112-ге дейін, тұрмыстағы оқыс оқиғалардың 6 есеге, 4-тен 18-ге дейін ұлғайды.

2015 жыл бойы 195 төтенше жағдай тіркелді, оның ішінде 177 табиғи (90,8%) және 18 техногенді (9,2%). 2014 жылмен салыстырғанда ТЖ 20,4%-ға, 2013 жылмен – 17,7%-ға қысқарды.

Өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен құралдарды пайдалануға беру ережесін сақтауды бақылауды күшейту өндірістік апаттар санын 2015 жылы 52 жағдайға дейін төмендетуге қамтамасыз етуге мүмкіндік тудырады, ол 2014 жылдың деңгейінен 54%-ға, 2013 жылы – 55,6%-ға, өрт тиісінше 25,5%-ға және 18%-ға азаюмен 41 жағдайға дейін төмен.

Өмір тіршілігіе қамтамасыз ету инфрақұрылымындаға апаттылық деңгейі 2015 жылы 4 жағдайға дейін келтірілді, бұл 2014 жылдың деңгейінен 4,5 есеге, 2013 жылы – 8,3 есеге төмен.

Төтенше жағдайлардан зардап шеккендердің жалпы саны 2012 жылғы 358-ден 2013 жылы 270 адамға дейін және 2014 жылы 328 адамға немесе 8,4%-ға дейін төмендеуіне қарамастан, қайтыс болғандардың саны 16%-ға, немесе 75-тен 71-ге және тиісінше 87-ге дейін өсті.

2014 жылы суға батып кеткен адамдардың саны 2012-2013 жылдармен салыстырғанда 2012 жылғы 21 адамнан (2013 жылы – 22 адам) 2014 жылы 17 адамға дейін төмендеді.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыты бойынша өрт санының 7,3%-ға, 2012 жылғы 870 жағдайдан 2013 жылы 733 және 2014 жылы 807 жағдайға дейін төмендеуі байқалады.

Өрттің пайда болуының себептері бойынша электр құралдарын пайдалану ережесінің бұзылуы– 44,6% (360), отпен абайсыз болу – 22,4% (181) және пештерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу – 17,2% (139) жоғары үлеске ие.

Өрттің пайда болуы ошақтары бойынша тұрғын үй қоры 54,1% (437), көлік құралдары – 22,7% (183), салынып жатқан объектілер – 6,8% (55) құрайды.

Жалпы, өрттерден материалдық зиян мөлшері 73,2%-ға, 2012 жылғы 247,8 млн. теңгеден 2013 жылы 76,1 млн. теңгеге дейін және 2014 жылы 56,6 млн. теңгеге дейін қысқарды.

Қала құрылысы аумағының ұлғаюы, сондай-ақ, халық санының өсуі 2013-2015 жылдары өрттер саны өсуінің негізгі факторлары болып табылады.

Сонымен, 2015 жылы 870 өрт тіркелді, бұл 2014 жылдың деңгейінен 7,8%-ға, 2013 жыл – 18,7%-ға артық. Сонымен бірге, өрт – құтқару бригадасының шұғыл әрекет етуін көтеру есебінен материалдық зиянның жалпы сомасы 2015 жылы 19 млн. теңгеге дейін, 2014 жылмен салыстырғанда 3 есеге және 2013 жылы 4 есеге төмендеумен қысқарды.

Осылайша, Астана қаласының аумағындағы төтенше жағдайлардың, өрттердің орташа серпінді өсімі ең алдымен қаладағы халық өсімімен және құрылыс қарқынымен шарттасады.

Су тасқынының қауіпті әсері бар аймақта шамамен 1500 азамат өмір сүреді және 291 тұрғын үй қорының объектісі орналасқан. Қала шегінде Есіл өзенінің арнасы бойынша су тасқынының аумағы 2 км-ге дейінгі аймақты құрайды, ең жоғары белгісі 349 метр, учаскенің ұзындығы 8 км. Есіл, Кубрин, Бейбітшілік, Желтоқсан, Бөгенбай даңғылы, Шұбар кенті, Комсомольский кенті, Қараөткел шағын ауданы және басқа да тұрғын үйлер су тасқынына шалдығуы мүмкін.

**SWOT талдау**

| **Күшті жақтары (S)** | **Осал жақтары (W)** |
|---|---|
| 1. Ішкі істер органдары бөлімшелерінің жоғары деңгейде материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі.<br>2. Қажетті гидротехникалық құралдармен елорданы қамтамасыз ететін плотинаның болуы 100% құрайды.<br>3. Жер сілкінісі, көшкін және селдің табиғи қауіптерінің болмауы. | 1. Көші-қонның жоғары деңгейі.<br>2. Халықты төтенше жағдай қаупі туралы орталықтандырылып хабарлаудың моральды тұрғыдан тозған жүйесі.<br>3. Өрт ДЕПО-ларының жеткіліксіз саны.<br>4. Өртке қарсы қауіпсіздік ережесін сақтау қимасында азаматтық саналылықтың төмен деңгейі;<br>5. Ішкі істер органдарының бір қызметкеріне есептегендегі жүктеменің жоғары деңгейі.<br>6. Бас бостандығынан айыру орындарынан босаған тұлғаларды әлеуметтендіру жүйесінің осал дамуы.<br>7. Жолдардағы апаттылықтың жоғары деңгейі |
| **Мүмкіндіктер (O)** | **Қауіптер (T)** |
| 1. Қала аумағын инженерлік-геологиялық іс-шаралармен қамтамасыз ету бойныша жоспарды орындау.<br>2. Өртке қарсы қорғаныс объектілерінің желісін кеңейту.<br>3. Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жағдайында халыққа әрекет етуді үйрету.<br>4. Қала аумағын бейнебақылаудың біріктірілген жүйесімен қамтуды ұлғайту.<br>5. Құқық тәртібін қорғауға қоғамды тарту.<br>6. Құқық бұзушылықтарға «нөлдік шыдамдылық» принциптерін сақтаудың қоғамдық мәні туралы халық арасында ақпараттық – түсіндіру жұмыстарын жүргізу. | 1. «Талдыкөл» ағынды су жинағышы ауданында қала аумағын, сондай-ақ, Есіл өзені арасының жаңартылмаған учаскелерін көктемде су басып кету.<br>2. Автокөліктер санының ұлғаюы, тұрғын үй секторындағы төтенше тұрақтар өрт сөндірудің және шұғыл медициналық көмек көрсетудің мамандандырылған көліктерінің еркін қозғалуына әсер етеді.<br>3. Бақыланбайтын көші – қонның жоғары деңгейі.<br>4. Экономикадағы дағдарыс жағдайларының әсерінен қылмыс деңгейінің өсуі. |

Негізгі проблемалар:

**қоғамдық тәртіп саласында:**

қарқынды көші – қон ағыны;

жұмыспен қамтылмағандардың жоғары деңгейі және кірістердің төмен деңгейі;

алдын алу іс-шараларынан күтілетін әсердің жоқтығы;

қоғамдық тәртіпті қорғауға азаматтарды тартудың осал дамыған тетігі;

қоғамдық орындарда және көшелерде жасалған қылмыс санының өсуі.

**төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша:**

өрт ДЕПО-ларының жеткіліксіз саны.

электр құралдарын қолдану және пештерді пайдалануға беруде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтамау;

плотинаның толып кетуі және жарылуы немесе реттеуші тетіктер жұмысы дұрыс болмаған жағдайда негізгі қауіпті Талдыкөл булағыш-су жинағыш (Ильинка кенті 2 сектор және Үркер шағын айданы үшін), Астана су қоймасы (Астана қаласы үшін) және «Астана қаласын Есіл өзенінің тасқын суы басып кетуден қорғау» жобасы бойынша салынған плотина (Астана қаласы үшін);

көше және тұрғын үйлерді лас және жиналған су басып кету;

судан құтқару қызметінің осал дамыған инфрақұрылымы.

## 2.4. Инфрақұрылымды дамыту

### Байланыс

Астана қаласында ұсынылған байланыс қызметтерінің көлемі 2014 жылы 2013 жылдың деңгейіне 4%-ға өсумен 148,3 млрд. теңгені құрады. Салалар құрылымында үлкен ең жоғары үлеске ұялы байланыс ие – 68,7 % (НКИ-99%) немесе 101,9 млрд. теңге, Интернет үлесіне (НКИ – 127,2%) 16,2% немесе 24 млрд. теңге тиесілі.

2015 жылы байланыс қызметінің көлемі нақты мәнде 2014 жылғы 148,3 млрд. теңгеге және 2013 жылы 144,2 млрд. теңгеге қарсы 11,7%-ға 133,2 млрд. теңгеге дейін қысқарды.

**24-диаграмма**

**Байланыс қызметінің көлемі, млрд. теңге**




Интернет желісі қызметінің көлемі 2 есеге 2012 жылғы 11,7 млрд. теңгеден 2013 жылы 19,8 млрд. теңгеге дейін және 2014 жылы 24 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Ұялы байланыс операторлары ұсынған қызметтер көлемі 12,5%-ға 2012 жылғы 116,5 млрд. теңгеден 2013 жылы 104,8 млрд. теңгеге және 2014 жылы 101,9 млрд. теңгеге дейін қысқарды. Бұл интернет кеңістік шегінде байланыс қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін ұялы ұсыныстар нарығын дамытумен түсіндіріледі.

Байланыс саласының кіші салалары қимасында 2015 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген байланыс қызметтерінің көлемі 79,8 млрд. теңгеге қысқарды, бұл 2014 жылыдң деңгейінен 21,7%-ға, 2013 жылғы - 24%-ға төмен. Сонымен бірге, Интернет желісі арқылы көрсетілген қызметтер көлемі 2014 жылғы 22,1%-ға және 2013 жылғы 48%-ға өсумен 29,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды. Өзге де қызметтер 53,4 млрд. теңгеге дейін немесе тиісінше 70,6% және 88%-ға өсті.

Сонымен, тіркелген Интернет абоненттерінің саны 16,8%-ға 2012 жылғы 110 мың бірліктен 2013 жылы 124,6 мың бірлікке дейін және 2014 жылы 128,6 мың бірлікке дейін ұлғайды. Тіркелген телефон желілерінің саны 8,2%-ға 255,7-ден тиісінше 276 және 277 мың бірлікке ұлғайды.

2015 жылы тіркелген Интернет абоненттері санының 145,8 мың бірлікке ұлғаюымен ұқсас жағдай байқалады, бұл 2014 жылдың деңгейінен 12%-ға, 2013 жылғы - 17%-ға артық. Сонымен бірге, тіркелген телефон желілерінің саны 273,4 мың бірлікке немесе 2014 жылғы 1,5%-ға және 2013 жылғы 0,9%-ға қысқарды.

Халық санының қарқынды өсуі тіркелген Интернет абоненттерінің толықтық көрсеткішінің төмендеуіне әсер етті, ол 100 адамға шаққанда 2012 жылғы 17 мың бірліктен 2014 жылы 15 мың бірлікке азайды. Осы көрсеткіш бойынша Астана қаласы Қазақстан өңірлері арасында Алматы қаласынан кейін (48) екінші орында (орта есеппен Қазақстан Республикасы бойынша – 100 тұрғынға 12 мың бірлік).

Статистика органдары жүргізген зерттеулерге сәйкес сандық (компьютерлік) сауаттылық деңгейі елордада 2012 жылғы 61,7%-дан 2013 жылы 62,2%-ға және 2014 жылы 63,8%-ға дейін өсті. Өсудің аса үлкен серпіні 6 жастан 15 жасқа дейінгі жас тобында байқалады, онда сандық (компьютерлік) сауаттылық 2014 жылдың қорытындысы бойынша 49,8% құрады және 2013 жылғы 41,3%-бен 2012 жылғы 40,7%-бен салыстырғанда ұлғайды.

Сандық (компьютерлік) сауаттылық деңгейі бойынша тұтынушыларды тарату құрылымының өзгеру серпінін талдай отыра, «күнделікті» көрсеткіштер үлесінің 2012 жылғы 84,1%-дан 2013 жылы 85,6%-ға және 2014 жылы 70%-ға дейін төмендеуі байқалады. Сонымен бірге, «тәжірибелі» қолданушылар үлесі 2012 жылғы 6,5%-дан 2013 жылы 7,9%-ға және 2014 жылы 11%-ға дейін ұлғайды. Сонымен бірге, «бастап жатқан» тұтынушылар үлесі 2012 жылғы 9,4%-дан 2013 жылы 6,5%-ға және 2014 жылы 19%-ға дейін өсті. Бұл жағдайды респонденттердің компьютерді игеру және сандық технологияларды пайдаланудың негізгі критерийлері туралы ұсыныстарының өзгеруімен байланыстыруға болады, бұл қоғамдық өмірге ғылыми – техникалық прогресстің соңғы нәтижелерін енгізумен, сондай-ақ, атқарымдық персоналды сандық қондырғылардың өсуімен байланысты.

2015 жылы компьютерлерді қолданушылар үлесі 88%-ға дейін ұлғайды, бұл 2014 жылдың деңгейінен 24,2%-ға және 2013 жылдың деңгейінен 25,8%-ға жоғары.

Компьютерлік сауаттылық деңгейі бойынша халықтың 58,3% «қарапайым тұтынушы» тобына, «тәжірибелі тұтынушы» үлесіне 23,8%, «енді бастаған тұтынушы» дағдысына 17,9% ие.

2012-2014 жылдары халықты сандық (компьютерлік) сауаттылыққа оқыту бойынша жүргізілген жұмыстар шегінде арнайы ұйымдастырылған курстарда 5 мыңнан астам адам оқытылды, оның ішінде 2012 жылы – 1,5 мың адам, 2013 жылы – 2,1 мың адам, 2014 жылы – 2 мың адам.

2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2015 жылдың басы жағдайы бойынша «E-learning» жобасы 41 білім беру ұйымдарында, оның ішінде 32 мектепте және 9 колледжде іске асырылуда. Әлеуметтік желілердегі ынтымақтастық жөнінде әдістемелік жұмыстың жаңа бағыты пысықталды. 2014 оқу жылында шамамен 1300 мұғалімді жаңа нысанмен біріктіретін Педагогикалық шеберлік орталығы сайтының базасында «Ізденіс», «Таным», «Табыс», «Кәсіби тәжірибе алаңы», «Жігер», «Ветер перемен» желілік қоуымдастық және т.б. ашылды.

Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі 64,3%-дан тиісінше 64,5%-ға және 66,2%-ға дейін ұлғайды. Жастар тобы құрылымында 6 жастан 15 жас аралығындағы жастағы балалар мен жасөспірімдер арасында өсу 2012 жылғы 40,7%-дан 2013 жылы 41,3%-ға және 2014 жылы 49,8%-ға дейін өсті.

2015 жылдың басындағы жағдай бойынша қала бойынша қаланың адам көп жүретін объектілерінде Интернет желісіне қоғамның қол жетімділігінің 33 бекеті орнатылды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша Интернет желісін тұтыну үлесі 87%-ға ұлғайды, бұл 2014 жылыдң деңгейінен – 20,8%-ға, 2013 жылыдң деңгейінен – 22,5%-ға жоғары.

Интернет желісіне халыққа тегін кеңжолақты қолжетімділігін ұсынуға бағытталған «Wi-Fi Bus Astana» жобасы шегінде 4G LTE желісі базасында Wi-Fi технологиясы арқылы шамамен 550 автобус қайтадан жарақталды. Осы жоба бойынша ай сайын орта еспен тұтынушылар шамамен 2565 гигабайт мәліметті пайдаланады.

## Құрылыс.

Құрылыс елорданың нақты секторының негізгі саласы (71,2%) болып табылады, оның есебінен шамамен 10% ЖӨӨ және 12% барлық жұмыс орны қалыптастырылады. 2015 жылдың қорытындысы бойынша орындалған құрылыс жұмысының көлемі 2014 жылғы 398,9 млрд. теңгеге (НКИ – 136,4%) және 2013 жылғы 280,9 млрд. теңгеге қарсы (НКИ-88,7%) 472,2 млрд. теңгені (НКИ – 114,5%) құрады.

**25-диаграмма**

**Құрылыстың дамуы, млрд. теңге**




2013-2015 жылдар бойы осы саладағы жұмыспен қамтылғандардың саны 2013 жылғы 51,5 мың адамнан (12,5%) 2014 жылы 52,4 мың адамға (12,1%) және 2015 жылы 73,4 мың адамға дейін (15,8%) жеткендігін атауға болады.

Өндіріс көлемінің өсуі кезінде еңбек өнімділігінің 2013 жылғы 6,2 млн. теңгеден 2015 жылы 6,0 млн. теңгеге дейін төмендеуі байқалады, бұл маңызды объектілер құрылысы кезінде жұмыс күшінің жоғары санын тарту қажеттілігіне байланысты болды.

**26-диаграмма**

**Құрылыстағы өнімділік деңгейі, бір адамға шаққанда мың теңге**




2013 жылы ірі елордалық объектілердің ішінде Қазақстан тарихының мұражайы, Қазақстан Республикасының Бірінші Президентінің қоры мен кітапханасы, 2014 жылы Есіл өзенінің бойындағы саябақ пайдалануға енгізілді.

2012 жылы пайдалануға берілген ірі елордалық объектілердің ішінен «Хазрет Сұлтан» мешітін, Батыс жартылай айналымын құру жобасын аяқтаған, Сарыарқа және Тұран даңғылдарында тәулігіне 30 мың автомобильге дейін көлік ағынын азайтқан Есіл өзені арқылы өтетін жаңа көпірді, 2013 жылы «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрын, Қазақстан тарихының мұражайын, Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің қоры мен кітапханасын, 2014 жылы Есіл өзені арқылы өтетін Саябақты атауға болады.

Орталық саябақты және «Нұржол» сулы – жасыл бульварын қайта жаңарту аяқталуда. Бульварды, қаланың жаңа бөлігінің бас жоспарын да белгілі сәулетші Кисё Курокава (Жапония) жобағанын айтып өту қажет.

Тұрғын үй құрылысы. Астана Қазақстан өңірлері арасында 2015 жылы тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі бойынша көшбасшы болып табылады, бұл көрсеткіш бір адамға 29,0 м$^2$ құрайды. Орташа республикалық деңгей – бір адамға 20,8 м$^2$. Соңғы үш жылда елордада 4 066,3 мың шаршы метр тұрғын үй немесе 35 864 пәтер пайдалануға берілді, бұл жалпы республикалық көлемнің 17,5% (23 300 мың шаршы метр) және өңірлер арасында жоғары көрсеткіш болып табылады, одан кейін Алматы қаласы (3 537 мың шаршы метр немесе 15,2%). Оның ішінде 2013 жылы – 1 101,0 мың шаршы метр (орта есеппен Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) бойынша – 427,8 мың шаршы метр) немесе 16%, 2014 жылы – 1 206 мың шаршы метр (орта есеппен ҚР бойынша – 469,8 мың шаршы метр) немесе 16%, 2015 жылы – 1 759 мың шаршы метр (орта есеппен ҚР бойынша – 558,8 мың шаршы метр) немесе 9,8%, бұл орта республикалық деңгейден 3,1 еседен артық мөлшерге көп.

Тұрғын үй құрылысы құрылымында жеке отандық құрылыс салушылар алда, олардың үлесі 2015 жылдың қорытындысы бойынша 80% құрады. 2014 жылмен салыстырғанда енгізілген тұрғын үйдің көлемі 1,8 есеге ұлғайды.

**10-кесте**

**Тұрғын үй құрылысының құрылымы**

| Бағыт атауы | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Көлемі, млн. шаршы метр | Үлесі, % | Көлемі, млн. шаршы метр | Үлесі, % | Көлемі, млн. шаршы метр | Үлесі, % |
| Жеке меншік отандық құрылысшылар | 863,5 | 78,4 | 781,0 | 64,7 | 1407,0 | 80,0 |
| Мемлекеттік тапсырыс | 59,3 | 5,4 | 249 | 20,6 | 275,1 | 15,6 |
| Шетелдік инвесторлар | 178,2 | 16,2 | 176,3 | 14,6 | 76,7 | 4,4 |

2013 жылдан бастап елордада «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы іске асырылуда, «Елорда Даму» кәсіпорны құрылды, мемлекеттік несиелер бөлінді. Құрылыс 30 % жеңілдікті санаттың орнын толтыру және 120 мың теңгеден аспайтын (инженерлік желілер құнысыз) – 4 сыныпты жайлылық және 142,5 мың теңге – 3 – сынып жайлылықтың белгіленген бағасы бойынша сатудың 70% шартымен ескі үйлерді сырумен іске асырылады.

2013-2014 жылдар бойы бағдарламаны іске асыру шегінде жалпы алаңы 91,4 мың шаршы метр 1502 пәтер пайдалануға берілді, оның ішінде 652 пәтер 42 апатты үйлердегі тұрғын үйлердің тұрғындарын орналастыру үшін пайдаланылды, еркін нарықта 850 пәтер іске асырылды.

Апатты тұрғын үйлерді сүру жөніндегі пилотты жоба Анкара қаласының тәжірибесі негізінде әзірленді және апатты үйлер тұрғындарын жаңа құрылыс аудандарына «шаршыға шаршы» қағидаты бойынша тегін түрде тұрғын үй

ұсынумен тұрғындарды көшіруді қарастырады. 2017 жылға дейін 3 519 тұрғынды көшірумен 228 үйді бұзу жоспарланып отыр.

**11-кесте**

**Тұрғын үй саласын дамыту көрсеткіштері**

| Көрсеткіштер | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|
| Жыл соңына тұрғын үй қорының жалпы алаңы | млн. шаршы метр | 19,5 | 20,3 | 20,8 |
| Тұрғын үй құрылысына инвестициялар көлемі, оның ішінде: | млн. теңге | 98 651,6 | 142 825,6 | 161 692,6 |
| Мемлекеттік меншік | млн. теңге | 11 372,8 | 19 186,3 | 14 042,5 |
| Жеке меншік | млн. теңге | 78 253,1 | 80 303,3 | 114 559,7 |
| Шетелдік инвесторлар меншігі | млн. теңге | 9 025,6 | 43 336,0 | 33 090,4 |
| Пайдалануға берілген алаң | мың шаршы метр | 1 101 | 1 206,3 | 1 759 |
| Тұрғын үйлердің пайдалануға берілгендерінің саны, оның ішінде: | Бірлік | 361 | 395 | 1 008 |
| Көппәтерлі | Бірлік | 82 | 85 | 132 |
| Пайдалануға берілген пәтерлер саны | бірлік | 10 118 | 10 193 | 15 553 |

2015 жылғы жағдай бойынша елорданың тұрғын үй қорындағы қажеттілігі 38 мыңнан артық пәтерді құрайды, бұл қажеттілік халық санының өсіміне байланысты 2018 жылға қарай 31,3 % ұлғайып, шамамен 50 мың пәтерді құрайтын болады.

**Көлік.**

Астана қаласының қолайлы географиялық жағдайы көлік саласын дамыту үшін тиімді жағдай жасайды, оның үлесіне ЖӨӨ құрылымында шамамен 8% тиесілі.

2016 жылдың 1 қаңтарына қаланың көлік жүйесі 953 көшеден тұрады, жолдардың жалпы ұзындығы 1038,4 шақырым, оның ішінде асфальт бетонды жабыны бар жолдар – 658,6 шақырым (70%) және 258,9 шақырым жол қатты жабынсыз (30%).

Қала аумағында халық үшін қоғамдық көлік қызметтерін көрсететін 9 компания қызмет етеді (оның ішінде 1 коммуналдық және 8 жеке), олар 85 бағдарға қызмет көрсетеді. Автопарктерде 1025 автобус бар, күн сайны желіге 829 бірлік шығады. Қоғамдық көлікпен тасымалдаудың мөлшері сөткесіне 850 мың жолаушыны құрайды. Сондай-ақ, 560 бірлік жылжымалы құрам мөлшерімен 14 мамандандырылған таксомотрлық компания қызметін жүзеге асырады. Қалалық бағдарлық желінің ұзақтығы 3811 км құрайды.

Көлік әлеуеті дамуының негізгі көрсеткіштері өсудің орнықты серпінін көрсетеді.

Сонымен, 2013-2015 жылдар бойы тасымалданған жолаушылар саны 30,3%-ға, 2013 жылғы 1 961,0 млн. адамнан 2014 жылы 2 180,3 млн. адамға және 2015 жылы 2 279,0 млн. адамға дейін ұлғайды. Жолаушылар тасымалы көлемі тиісінше

50,7%-ға 16 069,2 млн. пкм-ден 18 001,5 млн. пкм-ге және 18 371,1 млн. пкм-ге дейін өсті.

Жолаушылар тасымалы сапасын жақсарту мақсатында елордада Астана қаласының көлік мамандарының біліктілігі орталығы құрылды, ол жерлерде көлік кәспорындарының жүргізушілері мен кондукторлары, сондай-ақ, такси жүргізушілері оқытылады. 2013 жылы біліктілікті көтеру курсымен 1837 адам қамтылды.

«BusLane» жобасын ендірудің арқасында жобамен қамтылған 11 көшедегі автоубстардың орташа жылдамдығы 12-15%-ға дейін ұлғайды, қозғалыс интервалы 5-8 минутқа қысқарды. «Зияткерлік көлік жүйесі» жобасын басқарумен 42 қиылыс қамтылды. Өткізу қабілеттілігі 23%-ға ұлғайды.

Бұл аспектіде 2013 жылғы 2 254-тен 2014 жылғы 981-ге дейін қоғамдық көлік жұмыстарына өтініштер мен жүгінулер санының төмендеуі байқалады.

Тасымалданған жүк көлемі 21,2%-ға, 2012 жылғы 112587,6 млн. ткм-дан 2013 жылғы 124048,5 млн. ткм-ға және 2014 жылы 136483 млн. ткм-ға дейін ұлғайды. Жүк айналымы көлемінің өсуі 2013 жылғы 6795,5 млн. ткм-ға және 2012 жылғы 6120,4 млн. ткм-ға қарсы 28,5% жетті және 2014 жылы 7866 млн. ткм құрады.

**27-диаграмма**

**Көлік саласын дамытудың негізгі көрсеткіштері**




2015 жылдың жағдайы бойынша елорданың барлық аудандарына көлік қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін 100 км астам жаңа жол салу қажет. 2020 жылға дейін жаңа аумақтарды салу есебімен шамамен 217 км автожол салу қажет. Сонымен бірге, нақты жүргізілген жұмыс көлемдері жыл сайын өсіп жатқан қажеттіліктің орта есеппен 59% ғана жабады.

Тасымалданған жүк көлемі 10,2%-ға, 2013 жылғы 124,1 млн. тоннадан 2014 жылғы 136,7 млн. тоннаға және 2015 жылы 142,5 млн. тоннаға дейін ұлғайды. Жүк айналымы көлемінің өсуі 2014 жылғы 7 873,9 млн. тоннаға және 2013 жылғы 6 821,7 млн. тоннаға қарсы 32,1% жетті және 2015 жылы 10 404,0 млн. тоннаны құрады.

**Энергетикалық кешен**

ЖЭО-1 (электр энергиясын өндірудегі үлесі – 4,3%, жылу энергиясында – 27,2%) және ЖЭО-2 (95,7% электр және 72,8% жылу энергиясы) энергия көздерімен ұсынылады, олардың ортақ қуаттылығы 371 МВт (орнатылған қуаттылықтан 93,3%) және 2 363 Гкал (орнатылған қуаттылықтан 86,3%) құрайды.

Электрмен және жылумен қамтудың сенімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ жылу және электр қуатының тапшылығын өтеу үшін қолданыстағы ЖЭО-1 және ЖЭО-2 энергия көздерін жаңғырту, сондай-ақ ЖЭО-3 құрылысы жалғасуда.

2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша елордадағы жылу және бу желілерінің ұзақтығы 602,4 км құрды. Ағымдағы жағдайдың есебімен 257,8 км желілерді немесе 42,8% ауыстыру қажет.

2013-2015 жылдар кезеңінде бу және жылу желілерінің жалпы ұзақтығы 2 %-ға, 2013 жылғы 590,1 км 2015 жылы 602,4 км-ға дейін ұлғайды. Инвестициялық бағдарламаларды іске асыру есебінен ауыстыруды қажетсінетін бу және жылу желілерінің ұзақтығы 17,2%-ға, 311,4 км-дан 257,8 км-ға дейін қысқарды.

**28-диаграмма**

**Бу және жылу желілерінің тозу деңгейі, %**




2015 жылдың қорытындысы бойынша елорданың энергия кешені тұтынушыларға 10 408,8 мың Гкал жылу энергиясын жіберді, оның ішінде халыққа – 2 716,4 мың Гкал, кәсіпорындардың коммуналдық мұқтаждарына – 2 104 мың Гкал немесе 20,2%, кәсіпорындардың өндірістік қажеттіліктеріне – 790,8 мың Гкал немесе 7,6%, өзге тұтынушыларға – 4 797,7 мың Гкал немесе 46%.

2013-2015 жылдары жіберілген жылу энергиясының мөлшері 13,5%-ға, 2013 жылғы 9 169,8 мың Гкал-дан 2016 жылы 10 408,8 мың Гкал-ға дейін, оның ішінде халыққа – 12,7%-ға, 2 410,8-ден 2 716,5 мың Гкал-ға дейін, кәсіпорындардың коммуналдық мұқтаждарына – 35,7%-ға, 1 549,7-ден 2 103,9-ға дейін, өзге тұтынушыларға – 14%-ға, 4 209,4-тен 4 797,7 мың Гкал-ға дейін. Сонымен қатар, өндірістік кешеннің жылу энергиясын тұтынуы 21%-ға, 1000-нан 790,8 мың Гкал-ға дейін.

**29-диаграмма**

**Жылу энергиясы мөлшерінің серпіні, мың Гкал**




Жылу энергиясының бір адамға шаққандағы тәуліктегі орташа шығыны 3,6%-ға, 2013 жылғы 8,3 Гкал-дан 2014 жылы 9,2 Гкал-ға дейін және 2015 жылы 8,6 Гкал-ға дейін ұлғайды.

Жылу энергиясын тұтынушылардың құрылымында экономика салалары бөлігінде әлеуметтік объектілердің үлесі 32,8%, сауда кәсіпорындарының – 23,6%, құрылыс – 17,4%, өңдеу өнеркәсібінің – 10,2%, қызмет саласының– 10%, коммуналдық кәсіпорындар үлесі – 6% құрайды.

**30-диаграмма**

**Экономика саласындағы жылу қуаты тұтыну құрылымы қарама-қайшы, %**




2013-2015 жылдар бойы елорданың энергия кешендері өндірген электр энергиясының көлемі 2013 жылғы 2 410 млн. кВт/сағаттан 2015 жылғы 2 550,4 млн. кВт/сағатқа дейін, оның ішінде халыққа берілгені – 724,2 млн. кВт/сағаттан 866,5 млн. кВт/сағатқа дейін 19,6%-ға ұлғайды. Осылайша, халықтың

тұтынушыларының үлесі шығарылатын электр энергиясының жалпы көлемінде 2013 жылғы 30%-дан 2015 жылғы 34%-ға ұлғайды.

**31-диаграмма**

**Өндірілген және халыққа берілген электр энергиясы көлемінің серпіні, млн. кВт/сағ**




Электр энергиясын сақтау бағдарламасын іске асыру желілерде жоғалтуларды 2013 жылғы 1250 млн. кВт/сағаттан 2015 жылғы 445,6 млн. кВт/сағатқа дейін 2,8 есеге қысқартуға мүмкіндік береді.

## Сумен жабдықтау және су жүргізу

Астана қаласын сумен жабдықтаудың негізгі көзі көлемі 291,9 млн. м$^3$ Астана су қоймасы болып табылады, бұл жобалық көлемнің 60,6% құрайды (410,9 млн. м$^3$). Су беру тәулігіне шығаруы 210 мың м$^3$ су жинаумен іске асырылады.

2016 жылыдң 1 қаңтары жағдайы бойынша елордада су бұру желісінің ұзындығы 1212 км құрайды, оның ішінде су беру – 314,4 км, көшелік желілер – 472,1 км, ішкі орамдық желілер – 425,6 км. Ағымдық техникалық жағдай есебімен 394 км немесе 32,5% желіні ауыстыру қажет, оның ішінде су беру – 90 км немесе 28,6%, көшелік желілер – 241,2 км немесе 51%, ішкі орамдық желілер – 62,8 км немесе 14,7%.

2013 -2015 жылдар бойы су бұру желісінің жалпы ұзақтығы 29,7%-ға 2013 жылғы 934,6 км-ден 2015 жылғы 1212 км-ге дейін ұлғайды, оның ішінде су беру – 247 км-ден 314,4 км-ге дейін 27,3%, көшелік желілер – 385,6 км-ден 472,1 км-ге дейін 22,4%, ішкі орамдық желілер – 302 км-ден 425,6 км-ге дейін 41%.

**32-диаграмма**

**Сумен жабдықтау желісінің инфрақұрылымын дамыту серпіні, км**




2013 жылдан инвестициялық бағдарламаларды іске асыру есебінен ауыстыруды талап ететін сумен жабдықтау желісінің ұзындығы 478,3 км-ден 394 км-ге дейін 17,6%-ға қысқарды.

Осылайша, су бұру желілерінің тозу деңгейі 2013 жылғы 51,2 %-дан 2014 жылғы 34,2%-ға және 2015 жылғы 32,5%-ға дейін қысқарды. Сонымен бірге, желілердегі апат 18 есеге 2013 жылғы 868 жағдайдан 2015 жылғы 49 жағдайға дейін қысқарды.

**33-диаграмма**

**Сумен жақбдықтаудың коммуналдық желілерінің тозу деңгейі, %**




2013 – 2015 жылдар бойы берілген судың жалпы көлемі 18%-ға 2013 жылғы 60 млн. куб метрден 2015 жылғы 71 млн. куб метрге дейін ұлғайды. Осы көрсеткіштің өсуінің қарқынды серпіні мынадай факторлармен негізделеді:

1) халық саны 814,4 мың адамнан 872,6 мың адамға дейін 7%-ға ұлғайды;

2) 1 тұрғынға шаққандағы судың тәуліктік шығыны 106 литрден 117,8 литрге дейін ұлғайды;

3) Желілердегі жоғалту көлемі 15,5 млн. куб метрден 17 млн. куб метрге дейін 10%-ға өсті.

2016 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша елордадағы кәріз желілерінің ұзақтығы 706,4 км құрайды, оның ішінде басты коллекторлар – 201,3 км, көшелік желілер – 304,2 км, ішкі орамдық желілер – 201 км. Ағымдағы техникалық жағдайлар есебімен 204,3 км немесе 29% желілерді ауыстыру қажет, оның ішінде басты коллекторлар – 40,7 км немесе 20,2%, көшелік желілер – 107 км немесе 35,2%, ішкі орамдық желілер – 56,6 км немесе 28,2%.

2013-2015 жылдар бойы су бұру желілерінің жалпы ұзықтығы 28,7%-ға 2013 жылғы 549 км-ден 2015 жылғы 706,4 км-ге дейін ұлғайды, оның ішінде басты коллекторлар – 170,8 км-ден 201,3 км-ге дейін 17,8%-ға, көшелік желілер – 223,3 км-ден 304,2 км-ге дейін 36,2%, ішкі орамдық желілер – 154,8 км-ден 201 км-ге дейін 29,8%-ға ұлғайды.

**34-диаграмма**

**Кәріз жүйесі инфрақұрылымын дамыту серпіні, км**




2013 жылдан инвестициялық бағдарламаларды іске асыру есебінен ауыстыруды талап ететін кәріз желісінің тозу деңгейі 239 км-ден 204,3 км-ге дейін 14,5%-ға қысқарды.

Осылайша, кәріз желілерінің тозу деңгейі 2013 жылғы 43,5 %-дан 2014 жылғы 31%-ға және 2015 жылғы 29%-ға дейін қысқарды. Сонымен бірге, желілердегі апат 3,2%-ға 2013 жылғы 94 жағдайдан 2015 жылғы 91 жағдайға дейін қысқарды.

**35-диаграмма**

**Кәріздің коммуналдық желілерінің тозу деңгейі, %**




Коммуналдық қызметтердің төлемінің дифференциалды тарифтерін ендіру бойынша іс-шараларды іске асыру мақсатында орнатылған есептеу құралдары 39,4%-ға 2013 жылғы 1479 бірліктен 2015 жылғы 2062 бірлікке дейін ұлғайды.

**Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы**

Тұрғын үй секторы энергетика мен өндіріс секторынан кейін жылу және электр энергиясын үшінші ірі тұтынушылар болып табылады. Тұрғын үй ғимараттары электрді 13,6% және жылу энергиясын 24% тұтынады.

Қазіргі таңда Астанада тұрғын үйлер саны 36 233 бірлікті құрайды. Сыруды қажет ететін алаңдар 588 мың шаршы метр немесе 11 264 пәтер, олар қайта жаңартылатын 42 ауданға бөлінді, оның ішінде 5 қабатты 66 үй; 4 қабатты – 13 үй, 3 қабатты – 19 үй, 2 қабатты – 147 үй, 1 қабатты (барак) – 127 үй; жер үйлер 2 579 үй.

2016 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша Астана қаласында 2 352 көппәтерлі тұрғын үй (КТҮ) орналасқан, олардың 353 объектісі немесе 15,0% күрделі жөндеуді қажет етеді, аппатты жағдайдағы сыруға жататын 371 үй немесе 15,8%.

ТКШ жандандыру бағдарламасымен қамтылған 88 КТК, оның ішінде қайтарылған қаражат есебінен 32. Апатты жағдайдағы кондоминиум объектілерінің үлесі 2010 жылы 12,3%, 2015 жылы -8% құрады. 176 тұрғын үй техникалық зерттеумен қамтылды.

2020 жылға дейін Өңірлерді дамыту бағдарламасын іске асыру мақсатында «Өркен қала» ЖШС кәсіпорны құрылды, онда терможандандыру элементтерімен кондоминиум объектілерінің жалпы мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу жолымен тұрғын үй қорын жандандыру іске асырылады, бұл жылуды тұтыну көлемін орта есеппен 30%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

2013-2015 жылдар кезеңінде 33 көппәтерлі тұрғын үйде күрделі жөндеу жүргізілді, жұмыстың жеке түрлері бойныша ағымдық жөндеу 43 көппәтерлі тұрғын үйде жүргізілді, 18 үйде лифт шаруашылығының 30 құралы ауыстырылды.

Күрделі жөндеу жүргізу кезінде мыналар орнатылды: жылуды тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесі (АТП) және жылуды есепке алудың жалпы үйлік құралдары, жабынды жөндеу және жылыту, температуралық шовтарды

жылыту, энергия үнемдейтін шамдар орнату, бұл жалпы энергия тұтынудың 30-дан 50%-ға дейін жылу энергиясын үнемдеуге мүмкіндік тудырды.

2013-2015 жылдар кезеңінде ішкі орамдық абаттандырумен 550 үй қамтылды, бұл жалпы санның 38% құрайды, 10,6 млрд. теңге игерілді.

Қаланың тазалығын қамтамасыз ету үшін «Астана қаласының «Алматы» ауданы әкімінің аппараты», «Астана қаласының «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты», «Астана қаласының «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері көшелерді, саябақтар мен гүлзарларды, ішкікварталдық аумақтарды қолмен және механикаландырылған жинайды, алаңдарды көгалдандырады, сондай-ақ, тіркелмеген үймелерді жояды.

2015 жылдың қорытындысы бойынша жалпы жинау алаңы 76 млн. шаршы метрлі құрады, бұл 2014 жылғыдан 10,5%-ға (69, млн. шаршы метр) көп және 2013 жылдан 18,6%-ға (64,3 мың шаршы метр) көп.

Ішкікварталдық аумақтарды жинауға аса зор мән беріледі. Сонымен, 2014 жылы орамішілік аумақтарды жинау алаңы 40,4 млн. шаршы метрді құрайды. Қаланың әрбір учаскесінде тұрғын үй орамдары мен шағын аудандарын абаттандыру және көгалдандыру іске асырылады.

**12-кесте**

**Аумақтарды дамыту жұмыстарын өткізу серпіні**

| Көрсеткіштің атауы | Өлшем бірлігі | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **Аумақтарды көгалдандыру көлемінің ұлғаюы** | **%** | **100,0** | **109,4** | **100,1** |
| Аумақтарды көгалдандырудың жалпы ауданы, о.і.: | кв. м | 9 795 068 | 10 719 513 | 10 735 146 |
| Газондар | кв. м | 6 492 160 | 6 645 060 | 6 675 031 |
| Гүлбақтар | кв. м | 161 938 | 169 061 | 159 723 |
| Саябақтар мен гүлзарлар | кв. м | 3 140 970 | 3 905 392 | 3 900 392 |
| **Жөндеуді қажетсінетін аула аумақтарының үлесін төмендету** | **%** | **52,1** | **23,3** | **18,7** |
| Аулалық аумақтардың саны | бірлік | 1 407 | 1 437 | 1 462 |
| Жөндеуді қажетсінетін аула аумақтарының саны | бірлік | 733 | 335 | 274 |

## Энергияны сақтау және энергияч тиімділікті көтеру

2015 жылдың қорытындысы бойынша елорда экономикасының ЖӨӨ энергия сыйымдылығы 2000 жылыдң бағаларында 0,13 тнэ мың АҚШ долларын құрады, бұл Қазақстан өңірлері арасында Алматы облысынан (0,06) және Қостанай облысынан (0,05) кейін ең төменгі көрсеткіш болып табылады және жалпы республикалық көрсеткіштен 10 есеге (1,27) төмен.

2013-2015 жылдар бойы экономиканың энергия сыйымдылығының деңгейі 2000 жылдардағы АҚШ мың долларына 0,2 тнэ-дан 0,13 тнэ-ға дейін 35%-ға төмендеді, бұл төмендеудің жалпы республикалық серпінінен 2 есеге (2000 жылдардағы АҚШ мың долларына 1,5 тнэ-дан 1,27 тнэ-ға дейін 15,3%-ға) артық.

Республиканың отын – энергетикалық теңгерімінің құрылымында елорда 4,2% тас көмір (3328,3 мың тонна), 7,6% табиғи газ (930,7 млн. куб метр), 3,9% электр энергиясын (2888,5 млн. кВт/сағ), 4,9% жылу энергиясын (3901 мың Гкал), 8,7 бензин (407 мың тонна), 3,8 газойл (294 мың тонна).

Энергияны сақтау бойынша шараларды іске асыру қазіргі уақытта өндірісті, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықты және көлік секторын жандандырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Энергия тиімділігін көтеру және энергияны сақтау бойынша іс-шараларды оңтайлы түрде іске асыру энергетикалық және экологиялық қауіпсіздікті, сондай-ақ, Астана қаласының бәсекеге қабілеттілілігін көтеруді қамтамасыз етеді.

Өңір экономикасының өсуімен энергетика ресустарын тұтыну жалпы өңірлік өнім, сол тәрізді экономикалық өсу қарқыныда өнім өндірудің ұлғаюымен, көздерді тұтынумен қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге, энергияны сақтау Астана қаласы әкімдігінің алдына қойған негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Энергияны тұтыну құрылымы көрсеткендей, 23,4% өндіріс секторына, оның ішінде электр станцияларының өндірістік қажеттіліктеріне 15,7%, халықтың шаруашылық қажеттіліктеріне 24,1% көлік секторына 5,5%, құрылысқа 12,7%, мемлекеттік басқару органдарына 13,7%, экономиканың өзге де салаларына 28,3% тиесілі.

Осылайша, энергия тұтыну құрылымының талдауы энергия ресурстарын негізгі тұтынушылар өндіріс секторы және халық болып табылады.

Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық. Инженерлік жүйенің тозу деңгейі коммуналдық секторда мынадай түрде:

жылумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзақтығы 577,6 км құрайды, оның ішінде 283,7 км немесе 49,1 % ауыстыруды қажетсінеді, 2014 жылы 26,8 км ауыстырылды;

электрмен жабдықтау желілерінің жалпы ұзақтығы 6315 км құрайды, оның ішінде 18% жөндеуді қажет етеді.

Көшелік жарықтандыруда электр сақтау маңызды рольге ие. 2014 жылдың қорытындысы бойынша көшелік жарықтандыруды қамтамасыз етуге шамамен 39180 мың кВ.ч. (1,2%) тұтынылылады, қазіргі таңда 48 мың көшелік және саябақтық жарықтандыру нүктелері бар, оның ішінде энергия сақтаушы 9,6% немесе 4,6 мың жарық нүктесі.

Бюджет секторында энергияны сақтау оның әлеуметтік маңыздылығына байланысты зор мәнге ие. Қазіргі таңда бюджеттік ұйымдарда шамамен 300 мың жарық нүктесі, оның ішінде энергия сақтаушы 80% немесе 240 мың жарық нүктесі бар.

Астана қаласының әкімдігі энергияны сақтау және энергия тиімділікті көтеру бойныша жұмыстар атқарып жатқандығын ескере отыра, 2013 жылы 2013-2015 жылдарға арналған Астана қаласының энергия сақтауының кешенді жоспары қабылданды және іске асырылуда.

Энергияны сақтау және энергия тиімділігін көтеру бойынша жұмыстарды жүргізу мақсатында әкімдік Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 904 қаулысымен бекітілген «Энергияны сақтау - 2020» бағдарламасын іске асыруда.

**SWOT талдау**

| Күшті жақтары (S) | Осал жақтары (W) |
|---|---|
| 1. Телекоммуникациялық қызметтердің дамыған жүйесі.<br>2. Елорда көлік магистралінің қиылысы болып табылады.<br>3. Қоғамдық көлік мамандарының біліктілігі орталығының болуы.<br>4. Жылумен жабдықтау жүйесінде жаңа талаптарға сай, оқшауландырылған тұрбаларды басымды түрде пайдалануды қамтамасыз ететін жылулық жоғалтуларды жыл сайын төмендету.<br>5. Қала оны кедергісіз дамыту үшін кең көлемді жер ресурстарына ие.<br>6. Құрылыс секторы экономиканың перспективалы саласы болып табылады. | 1. Отандық Интернет – көздердің дамыған сегментінің жеткіліксіздігі.<br>2. Тіркелген байланыс нарығында бәсекелестіктің болмауы.<br>3. Күнделікті өмірде ақпараттық коммуникациялық технологияны аз пайдалану.<br>4. Қалаішілік жолаушылар тасымалының баламалы түрлерінің болмауы.<br>5. Тұрақ орындары санының жеткіліксіздігі.<br>6. Автомобильдердің үздіксіз тұрақтауы мамандандырылған көліктің жүруіне кедергісін тигізеді.<br>7. Тұрғын үй қорының, инженерлік – коммуникациялық инфрақұрылымның тозуы.<br>8. Бәсекеге қабілетті құрылыс материалдарын жеке меншік түрде өндірудің жеткіліксіз дамуы.<br>9. Энергия күшінің тапшылығы |
| **Мүмкіндіктер (O)** | **Қауіптер (T)** |
| 1. Күнделікті өмірде азаматтар мен ұйымдардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды кең пайдалануға көшуі.<br>2. Сапаны басқарудың халықаралық стандарттарын автожол саласына ендіру.<br>3. Өртке қарсы іс-қимыл инфрақұрылымын дамыту.<br>4. Сумен жабдықтау жүйесінің техникалық жағдайын жақсарту. | 1. Халықтың сатып алу қабілетінің төмендеуі.<br>2. Көлік құралдарын ұлғайту есебінен жол жабынының тозуы.<br>3. Халықтың денсаулығының төмендеуіне әкеліп соғатын суды дайындаудың ескерген технологияларын қолдану.<br>4. 10/0,4 кВ әуе электр беру құралдары-ның тозуы 73% құрайды, бұл тұтынушыларға электр энергиясын жеке өшіруге әкелуі мүмкін |

**Негізгі проблемалар:**

**ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласында:**

телекоммуникация және пошта байланысы инфрақұрылымын дамыту деңгейінің жаңашыл әлемдік деңгейге сәйкес келмеуі;

қазақстандық Интернет – ресурстардың дамыған сегментінің жеткіліксіздігі;

күнделікті өмірде ақпараттық коммуникациялық технологиялардың аз қолданылуы.

**құрылыста**

мердігер ұйымдардың құрылыс жұмыстарын сапасыз орындауы;

өзге өңірлермен салыстырғанда тұрғын үй бағасының жоғары деңгейі;

жоғары пайыздық мөлшерлемелерге және қарызды өтеудің қатаң шарттарына байланысты халықты ипотекалық несиелендірудің кең қабаты үшін төмен қолжетімділік;

тауар номенклатурасының жалпы қатары бойынша импортты тәуелділіктің жоғары деңгейі;

құрылыс мамандықтарының білікті кадрларын дайындау жүйесінің осал дамуы;

жер учаскелерін сатып алуға және құрылысқа рұқсат алуға байланысты күрделі бюрократиялық тетік.

**көлік саласында:**

автожолдардағы жүктеменің өсуі, бұл транзиттік ағын есебінен автокөлік құралдары санының тез өсуімен негізделеді. Нәтижесінде жол жабынының маңызды түрде тозуы байқалады, қарбалас уақытында мамандандырылған көлік қозғалысы қиындайды;

тұрақ орындарының жеткіліксіз саны сондай-ақ тұрғын үй орамдарына және іскери орталықтарына жақын орналасқан автожолдардың шығару қабілетіне кері әсерін тигізеді;

жол қозғалысына жеке қатысушылардың ережені сақтамауы.

**тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықта:**

тұрғын үй қорының, инженерлік – коммуникациялық инфрақұрылымның, оның ішінде энергия және су беру көздерінің тозуының жоғары деңгейі,

энергияның баламалы көздерін және «жасыл» экономика элементтерін қолдану саласында жаңа талаптарға сай әзірлемелерді енгізудің төмен деңгейі;

нөсер кәріздерініғ магистральды және тазарту жабдықтары коллекторларының аз шығару қабілеті;

инфрақұрылымдық объектілерді дамыту бойынша жаңа бастамаларға республикалық бюджеттен шығыстарды оңтайландыру.

## 2.5. Экология

Жаңа өндірістерді ашу есебінен индустриялық саланы кеңейтуді қамтитын елорданың қарқынды экономикалық дамуы қоршаған ортаны ластаудың алдын алады, нәтижесінде антропогенді әсер етуді төмендету бойныша прогрессивті тетіктерді қолдануды қажет етеді.

Сонымен, 2015 жылы ИЗА5 атмосфераны ластау индексі Астана қаласы бойынша 4,2 бірлікті құрады және 2014 жылмен салыстырғанда 12%-ға (3,7) және 2013 жылмен салыстырғанда 20%-ға (2,95) ұлғайды.

Бұл үрдіс қала инфрақұрылымын дамытуға, автокөлік құралдары санының ұлғаюына, сондай-ақ, қолайсыз ауа – райы жағдайларына (штиль) байланысты болды.

Қазгидрометтің жаңа болждамы бйоынша бұл деңгей І топқа сәйкес. Өзгеше айтқанда, елорданың әуе бассейнінің жағдайы халықтың тұрмыс тіршілігі үшін экологиялық қолайлы болып табылады, себебі, бекітілген нормативтер бойынша бұл мән **«атмосфераның ластануының төмен деңгейі»** тобына жатады.

Сонымен бірге, су ресурстарын қорғау шегінде жер бетіндегі судың гидрохимиялық мониторингі, суды қорғау жолақтарын салу және жайластыру, түбіне терең бойлау жұмыстарын жүргізу бойынша іс-шаралар өткізілуде.

Тұрақты негізде «Таза жағалау», «Жасыл планета үшін», «Экологиялық таза қала» атты экологиялық акциялар, сондай-ақ, экологиялық сенбіліктер және өзгелер жүргізіледі.

**36-диаграмма**

**Атмосфера ауасының (ИЗА5) және жер бетіндегі судың (КИЗВ) ластану көрсеткіштері**




** 2015 жылдан бастап атмосфера ауасының және жер бетіндегі судың ластану деңгейі ИЗА$_5$ орнына ИЗА$_6$ , ИЗВ орнына КИЗВ жаңа көрсеткіштерімен бағаланады, сондықтан 2015 жылдың көрсеткіштері өткен жылғы көрсеткіштермен тең емес.*

Қаланың автокөлік құралдарының санын 100% қамту мақсатында жол полициясының техникалық диагностика станциясында техникалық байқаудан өту сәтінде қолданылған газ қалдықтарын бақылау бйоынша тексеру бекеті ұйымдастырылған.

*«Жасыл жолақты» дамыту, «жасыл клиньдер» қалыптастыруды дамыту.*

Жобаны іске асыру шегінде «Астана орманы» жааупкершілігі шектеулі серіктестігі 2012 жылдан 2016 жыл кезеңінде алаңы 1323,5 гектарда 1 846 560 бірлік талдар екті, оның 56% шырша түрі (шыршалар, қарағай, жапырақты) және 44 % жапырақты. 452 га алаңда көпжылдық шөптер егілді.

Жобаның екінші кезеңін іске асыру үшін 2014-2015 жылдарға 1 359,9 млн. теңге бөлінді, бұл қаражат отырғызылған желектер мен өскіндерді күту үшін жұмыстарға бағытталды, ағымдағы жылы 291,1 га жабық тамырлы 353 560 мың өскін егілді (135 238 бірлік шырша, 218 322 бірлік жапырақты тұқым).

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысының және Премьер – Министрінің тапсырмасына сәйкес Астана қаласын дамытудың бас жоспарында қарастырылған үздіксіз көгалдандыруды ұйымдастыру үшін алаңы 11 мың га жер учаскесін беру қамтамасыз етілуде.

Аталған объектінің жобалық – сметалық құжаттамасын әзірлеу техникалық – экономикалық негіздемені аяқтағаннан кейін жоспарланды. ТЭН әзірлеуді бастау мерзімінің болжамды мерзімі – 2017 жыл.

Бүгінгі таңда «жасыл жолақтың» орман алқаптарында 9,6 миллионнан астам ағаш, шамамен 1,9 млн. желек өсуде. Тұжырымдаманың барлық кезектерін іске асыру жоғары декоративті желектерді қалыптастыруға, сондай-ақ, Орта Азияда ұқсастығы жоқ орман алқаптарына айналуға мүмкіндік береді.

2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда бір тұрғынға есептегенде жасыл желектер алаңы маңызды түрде өсті (12,7 м$^2$ –ден 15-15,5 м$^{2\text{-ге}}$).

Жалпы Астана қаласының жер бетіндегі су көздерінің ластанудың негізгі және басты проблемасы су артерияларына ағынды, сарқынды судің рұқсат етілмеген қалдықтары болып табылады.

Сарыбұлақ өзенінің және Нұра – Есіл арнасының жағдайы алаңдатады, бұл жерлерде судың ластануы жоғары. Ақбұлақ бұлағының және Астана қаласы басты артериясы Есіл өзенінің $ИЗВ_6$ өсуде.

Қолданыстағы тазарту құралдары ескрігендігін және шұғыл түрде жаңартуды қажет ететіндіктен бұл іс-шараларды ауыз суының сапасын жақсарту үшін жүргізу қажет.

Астана қаласының санитарлық жағдайын қамтамасыз етуді қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинаумен және тасымалдаумен айналысатын мамандандырылған кәсіпорындар («Астана - Тазарту» ЖШС, «Техсервис Астана НС» ЖШС және өзгелер) айналысады.

Бүгінгі күні қалдықтарды шығаратын кәсіпорындарға ҚТҚ уақытында шығару және халықты қызметтермен 100% қамту, контейнерлік алаңдар мен контейнерлердің санитарлық және техникалық жағдайын қамтамасыз ету, мамандандырылған парктерді жаңарту, өндірістік базаларды жандандыру және т.б. міндеті қойылған.

2015 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойныша қалада 2306 контенйер алаңдарында орналасқан 9 529 контейнер бар. Қаланың аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығаруға шамамен 100 бірлік мамандандырылған техника («Астана - Тазарту» ЖШС - 59, «Техсервис Астана НС» ЖШС - 29, «Таза Әлем - Астана» ЖШС – 11 бірлік) тартылды. Күн сайын қала аумағынан жиналатын ҚТҚ көлемі орта есеппен маусымына байланысты 700-750 тоннаны құрайды.

2015 жылы қалдықтарды қалыптастыру көздерінің құрылымында үй шаруашылығы қалдықтары (237,7 мың тонна), өзгелер (оның ішінде көше қалдығы, саябақтағы қалдықтар және базарлардағы қалдықтар) (112,6 мың тонна) және тұрмыстық қалдықтар (100,9 мың тонна) ие.

**37-диаграмма**

**2015 жылы қалдықтардың қалыптасуы көздерінің құрылымы, %**



2012 жылы Астана қаласының солтүстік – батысына қарай, қалдықтарды көмудің қолданыстағы полигонына жақын маңда алаңы 5 га жер учаскесінде ҚТҚ қайта өңдеу бойынша кәсіпорын салынды. Қалдықтарды қайта өңдеу кешенінің (бұдан әрі - ҚТК) өндірістік күштілігі жылына ҚТҚ 300 мың тоннаға дейін құрайды.

2012 жылдың 24 желтоқсанынан 2013 жылыдң 10 маусымы бойынша ҚТК жұмыс істеу кешенінде 66 278 тонна қабылданды, оның ішінде көму үшін полигонына 24 066 тонна қалдықтар, 36 823 тонна тасылды.

Қалдықтардың көлемі 5 389 тоннаны құрады (қайта өңдеу тереңдігі 8,13% құрады). Қалдықтардың орташа тәуліктік қабылдауы ҚТҚ 633 тоннасын құрады.

ККК қалдықтардың тәуліктік қабылдауы 200 тоннадан ҚТҚ артық емес, қалада тәулігіне шамамен 600-700 тонна ҚТҚ құрылады.

**SWOT талдау**

| Күшті жақтары (S) | Осал жақтары (W) |
|---|---|
| 1. Есіл өзенінде, Ақбұлақ және Сарыбұлақ бұлақтарында, «Нұра - Есіл» арнасында су жолағының бар болуы.<br>2. Пайдаланылған газ қалдықтарын бақылауды тексеру бекеттерінің бар болуы.<br>3. Қоқыс өңдеу кешенінің болуы. | 1. Энергияның баламалы көздерінің болмауы.<br>2. Автономды қазандықтардың көп көлемі.<br>3. Тазарту орын-жайларының және кәріз желілерінің тозуы. |
| **Мүмкіндіктер (О)** | **Қауіптер (Т)** |
| 1. EXPO-2017 өткізу есебінен қалада баламалы энергетиканы дамыту.<br>2. Қоғамдық көлік үшін отынның баламалы көздерін пайдалану.<br>3. Қалдықтарды екінші рет қайта өңдеуді және жоюды енгізу энергияны сақтау саясатын іске асыруға мүмкіндік тудыарды, бұл табиғи ресурстарды үнемдеуге, қалдықтар көлемдерін азайтуға әсерін тигізеді. | 1. Атмосфераның шаңмен ластануының өсуі құрылыс жұмыстарының көптігінен.<br>2. Автокөлік санының ұлғаюы атмосфералық ауаның автокөліктің түтінді газ шығаруының өсуіне әсерін тигізеді.<br>3. Қатты тұрмыстық қалдықтар көлемінің жыл сайын өсуі.<br>4. Есіл өзені бассейнінің ластануы. |

**Негізгі проблемалар:**

автокөлік санының өсуі және экологиялық таза отынды жеткіліксіз пайдалану әсерінен қозғалмалы ластау көздерден атмосфераға зиянды ластаушы заттарды лақтырудың ұлғаюы;

автономды қазандықтардың көп болуы, ЖЭО-1 және ЖЭО-2, сондай-ақ, салынып жатқан ЖЭО-3 болуы;

құрылыстың, жер жұмыстарының үлкен көлемдері, жолдарды жеткіліксіз абаттандырудың әсерінен атмосфераның шаңмен ластануының өсуі;

ЖЭО-1-ге жақын аумақта қатты жел болған жағдайда қаланы күлді шаңмен баурайтын күл аулаудың болуы.

## 2.6. Мемлекеттік қызметтер

2015 жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласының аумағында 4 921 мың мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде мемлекеттік органдар арқылы тікелей – 4 601,4 мың қызметтер көрсету немесе 2,2%, электронды нысанда – 204,1 мың қызметтер көрсетілді немесе 4,1%.

**38-диаграмма**

**Қызмет көрсету орындары қимасында мемлекеттік қызмет көрсетулерді бөлу құрылымы, мың бірлік**




2013 жылмен салыстырғанда (2741,5 мың мемлекеттік қызмет көрсетулер) көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 1,8 есеге ұлғайды, оның ішінде халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы (40,1 мың мемлекеттік қызмет көрсетулер) – 2,6 есе, электронды нысанда (8 мың мемлекеттік қызмет көрсетулер) – 26 есе.

Электронды нысанда көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетулер үлесі өсуінің оң серпіні 2013 жылғы 0,3%-дан 2015 жылғы 4,1%-ға дейін өскендігін көрсетті.

**39-диаграмма**

**Көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетулер санының өсу серпіні, мың бірлік**




2015 жылы жүргізілген мемлекеттік қызметтерді көрсету бағыты бойынша мемлекеттік органдар қызетінің тиімділігін сыртқы бағалау қорытындысы бойынша әкімдікке 56,7 балл берілді, бұл 2011 жылдан бері ең жоғары көрсеткіш болып табылады және 2013 жылыдң деңгейінен 12 есеге жоғары (4,7 балл).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасына жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижесінде 2015 жылы қызметтер көрсетілгендердің қанағаттануы 77% құрады.

Сондай-ақ, 2013 жылғы 1075 жағдайдан 2015 жылғы 117 жағдайға дейін мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің бұзылу жағдайының қысқаруын атауға болады. Қызмет көрсету мерзімдерінің жалпы санынан жартысы 3 мемлекеттік қызметке тиесілі, оның ішінде «медицина қызметіне лицензия беру» - 24 бұзушылық немесе 20,5%, «жылжымайтын мүлік объектілерінің мекен-жайын анықтау бойынша анықтама беру» - 21 бұзушылық немесе 18%, «қамқорлығына алу бойынша анықтама беру» - 15 бұзушылық немесе 12,8%.

**40-диаграмма**

**Мемлекеттік қызметтер көрсету қимасында мерзімдерді бұзу құрылымы**




Шағын және орта бизнесті тиімді қолдау мақсатында 2014 жылдан бастап «бір терезе» қағидаты бойынша Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды, ол жерде кәсіпкерлер тегін негізде ақпараттық және кеңестік қолдау бойынша қызметтер кешенін алады. «Бір терезе» қағидаты бойынша ұсынылатын әкімдік қызметтерінің үлесі өткен жылы 7-ден 45 %-ға дейін өсті.

Автомобиль иелерінің уақытын және қаражатын маңызды түрде үнемдеу үшін 2013 жылдың қазанында халыққа арнайы қызмет көрсету орталығы ашылды. Осы Орталықтың ерекшелігі жүргізушілер куәлігін алу, автомобильді тіркеу, сондай-ақ, нөмірлік белгілерді автоматтандырылған түзімде алу бойынша қызметтер көрсетуге негізделеді.

**Мемлекеттік меншікті жаңашыл кезеңде басқару** әдістер мен тәсілдерді маңызды түрде жетілдіруді қажет етеді. Күнтізбелік кезең қорытындысы бойынша шығынға жол берген мемлекеттің қатысуымен шаруашылық субъектілерінің жоғары саны, активтер құнының төмендеуі, әкімшілік шығыстардың өсуі және т.б. қалып отыр. ҚР Үкіметі тапсырмаларын іске асыру шегінде ағымдағы жылы ведомстволық бағынысты кәсіпорындарды бәсекелестік ортаға беру бойынша жұмыс жалғастырылды.

2015 жылы бәсекелестік ортаға 7 заңды тұлға берілді немесе бекітілген жоспардың 100%.

## SWOT талдау

| Күшті жақтары (S) | Осал жақтары (W) |
|---|---|
| 1. Мемлекеттік қызмет көрсетудің электронды нысанға жоспарлы түрде ауысуы.<br>2. «Бір терезе» қағидаты бойынша кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының болуы. | 1. Қызмет көрсетілетіндер санының өсуіне байланысты мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің бұзылуы. |
| **Мүмкіндіктер (O)** | **Қауіптер (T)** |
| 1. Ұялы телефон бағдарламаларын кең қолдану «E-gov»-ке қолжетімділікті жеңілдетеді.<br>2. Өңір тұрғындарының мемлекеттік қызмет көрсетулерді электронды түрде алуға қызығушылығы.<br>3. Өзге елдердің «е-үкімет» құруының халықаралық тәжірибесі. | 1. Көрсетілетін электронды мемлекеттік қызмет көрсету сапасына тұрғындардың қанағаттанбауы.<br>2. Елорда тұрғындарының төмен деңгейде ақпараттандырылуынан электронды мемлекеттік қызметтерді қажетсінбеу. |

**Негізгі проблемалар:**

мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуы, бұл қызмет алушылардың өсіп жатқан қарқынды өсуімен негізделеді.

объектілерді коммуналдық меншікке мерзімінде бермеу;

қаржылық – шаруашылық қызметті жоспарлаудың осал деңгейі және ұйымдардың жоспарланған көрсеткіштерін орындамауы.

## 3-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ

## 1-бағыт. Заманауи бәсекеге қабілетті қала

### 1-мақсат. Елорда экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| **Бәсекеге қабілетті экономика** | | | | | | | | | | |
| 1. | НКИ ЖӨӨ, % | Стат. деректер | 109,4 | 106,4 | 103,7 | 103,8 | 104,1 | 105,2 | 106,9 | ЭБЖБ, ББӘ |
| 2. | ЖӨӨ мөлшері, млрд. теңге | Стат. деректер | 4019,6 | 4809,6 | 5123,8 | 5637,8 | 6185,8 | 6816,8 | 7577,7 | ЭБЖБ, ББӘ |
| 3. | жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге | Стат. деректер | 4821,6 | 5574,8 | 5421,2 | 5458,2 | 5814,3 | 6220,8 | 6713,8 | ЭБЖБ, ББӘ |
| 4. | инфляция деңгейі, % | Стат. деректер | 108,7 | 118,8 | 108,0 | 108,0 | 108,0 | 108,0 | 108,0 | ББӘ |
| **Заманауи өндіріс** | | | | | | | | | | |
| 5. | өңдеу өнекрәсібінің өнімін шығару НКИ, % | Стат. деректер | 96,1 | 105,0 | 101,1 | 103,2 | 109,8 | 109,6 | 108,9 | КӨБ, ИДБ |

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 6. | Басқа өңірлерге жіберілген өнімдердің көлемі (саны 50 адамнан артық өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша), млрд. теңге | Стат. деректер | 50,1 | 115,5 | 211,8 | 222,4 | 233,5 | 245,2 | 257,5 | КӨБ, ИДБ |
| 7. | Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі, адам/мың АҚШ доллары | Стат. деректер | 44,1 | 44,4 | 24,6 | 25,5 | 26,9 | 28,6 | 30,7 | КӨБ, ИДБ |
| 8. | Индустриялық парк аумағында өнеркәсіп өнімін шығару көлемі, млрд. теңге | Ведомств. деректер | 119,3 | 140,0 | 184,5 | 203,2 | 259,6 | 310,3 | 310,4 | ИДБ |
| 9. | 2015 жылғы деңгейіне өңдеу өнеркәсіптердің экспортын өсуі, % | Стат. деректер | – | 100,0 | 102,0 | 106,0 | 110,0 | 115,0 | 119,1 | КӨБ, ИДБ |
| 10. | Өңдеу кәсіпорындарын негізгі капиталға инвестицияларын көлемі. млрд. теңге | Стат. деректер | 24,8 | 25,3 | 17,2 | 18,6 | 21,1 | 21,2 | 19,6 | ИДБ, КӨБ |
| **Ақылды және инновациялық қала** | | | | | | | | | | |
| 11. | Әрекет етіп жатқан кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорын, % | Стат. деректер | 10,7 | 12,8 | 14,0 | 16,0 | 18,0 | 20,0 | 23,0 | ИДБ |
| 12. | ЖӨӨ жалпы мөлшеріндегі инновациялық өнім үлесінің ұлғаюы, % | Стат. деректер негізіндегі есептемелер | 3,1 | 3,1 | 3,5 | 3,7 | 3,9 | 4,1 | 4,3 | ИДБ |
| **Гүлденіп жатқан кәсіпкерлік қала** | | | | | | | | | | |
| 13. | Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы мөлшерінде әрекет етушілердің үлесі, % | Стат. деректер | - | 80,0 | 81,0 | 83,5 | 85 | 87,5 | 90 | КӨБ |
| 14. | Бөлшек сауданың НКИ, % | Стат. деректер | 116 | 100,9 | 100,5 | 125,0 | 95,0 | 105,0 | 106,0 | КӨБ |
| 15. | «Бөлшек сауда» қызмет түрімен, сауда алаңы 2000 ш.м. кем емес сауда объектілері санының ұлғаюы[1] | Ведомс. деректер | - | 1 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | КӨБ |
| 16. | Басқа облыстардың резиденттерінен және бейрезиденттерден сатып алынған тауарлардың үлесті салмағы (жұмыс істейтіндердің саны 50 адамнан артық көтерме | Стат. деректер | 68,3 | 68,7 | 68,9 | 69,7 | 70,2 | 70,8 | 71,2 | КӨБ |

[1] 2015 жылға қарай

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауап тылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| | кәсіпорындар бойынша), % | | | | | | | | | |
| 17. | Салықтық және салықтық емес түсімдер өсімінің қарқыны, % | Ведомс. деректер | 115,6 | 117,5 | 103,1 | 105,3 | 107,2 | 107,5 | 107,7 | МКД, ББӘ |
| 18. | ШОБ саласында тіркелген салық төлушілер санының өсім қарқыны, % | Ведомс. деректер | 119,8 | 101,4 | 104,0 | 105,5 | 106,0 | 106,2 | 106,5 | МКД, КӨБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Астананы бәсекеге қабілетті дамыған экономикасы бар заманауи қалаға айналдыру бәсекеге қабілетті тауарлар мен қызметтерді шығару есебінен жалпы қосылған құнды құрайтын 5 негізгі сауда секторының негізінде жұмыс орындарын құруды және өсімнің жаңа көздерін дамытуды көздейді, олар:

1. «ақылды қала» үшін шешімдерді қоса заманауи өндіріс;
2. құрылыс (материалдарды, технологияларды, жобалауды қоса алғанда);
3. халықаралық қаржы орталығы және қаржы технологиялары;
4. туризм (оқиғалық және іскерлік);
5. сауда және дистрибуция.

**Заманауи өндіріс.**

Жоғары технологиялық өнеркәсіп кластерін құру өндіріс объектілерін барлық қажетті коммуникациялармен қамтамасыз етілген және оңтайлы кеңістіктік жоспарлау қағидаттарына сүйене отырып жобаланған арнайы бөлінген Индустриялық аймақтардың аумағында орналастыруды қарастырады.

Машина жасау, құрылыс индустриясы және логистика кластерлерінен тұратын № 1 Индустриялық паркте 2020 жылға қарай шамамен 40 жаңа өнеркәсіп өндірістері енгізілетін болады, бұл фармацевтика, тамақ және химия өнеркәсібі секторлары есебінен салалық мамандандыруды кеңейтуге мүмкіндік береді.

№ 1 Индустриялық паркті құру тәжірибесін ескерумен № 2 Индустриялық паркті ашу кезінде инфрақұрылымдық, ұйымдастырушылық және экономикалық сипаттағы барлық проблемалы мәселелер талданып, ескеріледі, инновациялық бағыттылық және инвестициялық тартымдылық факторларының есебімен инвестициялық жобаларды іріктеу және салалық бағыттылық өлшемдері қайта қаралады.

№ 2 Индустриялық паркке инвестициялық жобаларды іріктеу және қарау сатысында басымды салалар ретінде машина жасау, фармацевтика, тамақ және химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары және логистикалық кешен айқындалды.

Келешекте бұл тәсіл бюджеттік инвестицияларды салудан мультипликативтік әсерді қамтамасыз етуге, халықтың өнімді жұмыспен қамтылуының қосымша көздерін құруға, қаланың инновациялық әлеуетін ұлғайтуға және салықтық түсімдердің қосымша көздерін құруға мүмкіндік береді.

**Ақылды және инновациялық қала**

Қаланың «ақылды» мамандандылуын дамыту қажетті ғылыми-зерттеу базасы бар жетекші университеттермен ынтымақтастықты ұйымдастыру негізінде ақылды қала үшін құрылыс технологиялары, технологиялық шешімдер және агротехнологиялар саласында салалық құзыреттілік орталықтарын құру есебінен қарастырылды.

Astana BusinessCampus ғылыми паркін құру есебімен «Назарбаев Университет» АҚБ ғылыми-білім беру кластерімен технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға және елорда экономикасының басымды секторларында инновациялық құрамдастарды арттыруды ынталандыруға бағдарланған ынтымақтастық бағдарламасы әзірленетін болады.

SmartCity тұжырымдамасы шеңберінде елорда тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздік деңгейін арттыруға, көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсартуға, инфрақұрылымдық кешенді және көшелік желілерді ақпараттандыруға, әкімдік органдары мен азаматтар арасында интерактивті, ашық диалог қамтамасыз етуге бағытталған басымды жобалар қоржынын іске асыру қарастырылады.

Келешекте МЖӘ тетігі арқылы «ақылды» қаланың технологиялық шешімдерін қолдану қалалық қызметтердің қызмет тиімділігін жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға, бюджетке қаржылық жүктемені төмендетуге, ШОБ дамытуға ынта беруге, заманауи қалалардың халықаралық аренасында елорданың имиджін жақсартуға мүмкіндік береді.

**Құрылыс, жаңа құрылыс технологиялары, инжиниринг және жаңа құрылыс материалдары**

Девелопмент секторын дамыту ішкі нарықтың жаңа тұрғын үйдегі ұлғайып жатқан қажеттілігімен, сондай-ақ Елорданы дамытудың 2030 жылға дейінгі бас жоспарына сәйкес қалалық аумақтарда пенрспективалы құрылыс салумен өзара байланысты.

Бұл бағыт бойынша қаланың ірі құрылыс салушыларымен және Назарбаев Университетімен бірлесіп жаңа құрылыс технологиялары мен инжиниринг бойынша құзыреттілік орталығын құру, сондай-ақ қала құрылысы кадастрын және бас жоспарды цифрлі форматқа ауыстыру және оларға онлайн платформалары арқылы еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету көзделеді.

Жеке құрылысшыларды ынталандыру және осы салада кәсіпкерлікті дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау мақсатында әкімдік мерзімдерді және қажетті құжаттаманы ресімдеу алгоритмін қысқарту бөлігінде сәулет және құрылыс қызметі саласында әкімшілік-рұқсат беру үрдістерінің реттемелерін қайта қарап, оңтайландырады. Жеке алғанда, қолданыстағы ҚНЖЕ жаңа технологиялар мен материалдарды қолдануды және индустриялық үй құрылысы технологияларын дамыту мақсатында құқықтық тосқауылдарды жоюға бағытталатын өзгерістер енгізілетін болады.

МФЦА дамыту және қалаға халықаралық және өңірлік ұйымдарды және ТНК штаб-пәтерін тарту жөніндегі бастамалар шеңберінде қаланың арнайы бөлінген аудандарында ҚР бейрезиденттерінің тұрғын үй және коммерциялық

тұрғын үйді иеленуіне шектеулерді жою үшін ҚР заңнамасына өзгерістер қоржыны әзірленеді.

**Гүлденіп жатқан кәсіпкерлік қала**

Бизнесті дамыту және кәсіпкерлік бастамаларын іске асыру үшін кең мүмкіндіктер ұсыну мақсатында «Даму» қорымен бірлесіп несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және гранттық қаржыландыру жолымен экономиканың басымды секторларында жаңа кәсіпорындар құруды қаржылық қолдау бойынша нысаналы бағдарламалар әзірленетін болады.

Бизнес-жобаларды іріктеудің негізгі өлшемдерін айқындау кезінде қала шегінен тыс экспорттау және/немесе импортты алмастыру әлеуетін ескерумен, шығарылатын өнімнің сұранысына және бәсекеге қабілеттілігіне, қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарын қолдануға және жаңа жұмыс орындарын құруға көңіл аударылады.

Шағын және орта бизнес субъектілерін қаржылық емес қолдау шаралары ретінде:

1. Әкімшілік-рұқсат беру рәсімдерін жеңілдету;
2. Көшелік саду үшін арнайы аймақтар құру;
3. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі тетіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізу;
4. Кейін ШОБ субъектілерін қолдаудың әлеуетті құралдарын әзірлеумен қоғамдық пікірді зерттеу үшін диалогтық алаңдар ұйымдастыру;
5. Жалдау немесе сатып алу үшін қолжетімді қалалық жер учаскелерінің және жылжымайтын мүлік объектілерінің тізілімін құру және деректерді жариялау.
6. Жергілікті және шетел жекетші бөлшек желілерді белсенді тарту (Ресей, Қытай, Түркия және т.б.) .

Бөлшек сауда саласында Астананы заманауи мегаполис ретінде ұсыну рұқсат етілмеген сауда объектілерін қысқартуды, кейін ынтымақтастықтың мүмкіндікті жолдарын және ынтымақтастықты ұйымдастыру шарттарын зерттеумен, әлеуметтік әріптестерді айқындау мақсатында Қазақстанның желілік ритейл нарығына талдау жасау есебінен заманауи форматтағы сауда объектілерінің үлесін ұлғайтуды көздейді.

Бағалардың жалпы деңгейін тұрақтандыру мақсатында сауда инфрақұрылымын дамытуды, ірі тауар өндірушілермен, кейін сапалы тауарларлды барынша төмен сауда үстеме бағамен сата отырып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша субсидияланған сауда кәсіпорындарымен меморандумдар жасауды қарастыратын монетарлық емес факторларды басқару бөлігінде жылдық инфляцияны кезең-кезеңімен төмендету іс-шаралары іске асырылатын болады.

Экономиканың сауда секторларын дамыту қажеттілігін қамтамасыз ету үшін Астана агломерациясы аумағында көлік-логистикалық орталықтарды және рекреациялық аймақтарды дамыту, ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру бойынша кластерлерді қоса отырып, тауар-шикізат базасын құру көзделеді.

## 2-мақсат. Астананың Еуразияның іскерлік орталығы ретінде қалыптасуы

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| **Инвестициялық мүмкіндіктер қаласы** | | | | | | | | | | |
| 1. | негізгі капиталға инвестициялардың НКИ, % | Стат. данные | 113,0 | 116,6 | 101,2 | 104,0 | 103,2 | 103,4 | 103,8 | ИДБ, КӨБ |
| 2. | жан басына шаққанда негізгі капиталға салынатын инвестицияның өсу қарқыны, % | Ведомс. деректер | 112,8 | 116,9 | 103,5 | 104,8 | 105,9 | 106,2 | 106,7 | ИДБ |
| 3. | Негізгі капиталға салынатын инвестицияның жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі, % | Стат. деректер | 4,0 | 6,7 | 4,6 | 4,8 | 5,0 | 5,3 | 5,7 | ИДБ |
| 4. | 2015 жылғы деңгейге тікелей инвестицияның өсуі, % | Стат. деректер | - | - | 110,0 | 120,0 | 160,0 | 180,0 | 200,0 | ИДБ |
| 5. | Шикізаттық емес сектордың негізгі капиталына инвестициялардың 2015 жылға қатысты өсімі (мемлекетітк бюджеттен бөлінетін инвестицияларды қоспағанда), % | Стат. деректердің негізіндегі есептер | – | 100,0 | 127,6 | 102,4 | 102,6 | 102,7 | 103,0 | ИДБ, КӨБ |
| 6. | Мерзімі бұзылып берілген субсидия үлесін төмендету, % | Ведомст. деректер | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | АШБ |
| 7. | Тамақ өнімі өндірісінің негізгі капиталына салынатын инвестицияның НКИ, % | Стат. деректер | 460,2 | 102,0 | 100,2 | 100,7 | 101,0 | 101,5 | 102,0 | ИДБ, АШБ |
| 8. | Әзірленген құжаттама бойынша оң қорытынды алған МЖӘ жобаларының саны және олар бойыншаконкурс жариялау | Ведомст. деректер | | | 5 | 5 | 5 | 7 | 7 | ИДБ, конкурс ұйымдастырушылары болып табылатын МО |
| **Ашық және қонақжай қала** | | | | | | | | | | |
| 9. | Өткен жылмен салыстырғанда ішкі туризм бойынша орналасу орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің санын ұлғайту (резиденттер), % | Стат. деректер | 115,5 | 107 | 104,0 | 312,0 | 33,6 | 104,0 | 103,9 | ИДБ |
| 10. | Өткен жылмен салыстырғанда кіру туризмі бойынша орналасу орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің санын ұлғайту бей(резиденттер), % | Стат. деректер | 141,3 | 105,0 | 103,0 | 297,0 | 35,0 | 103,0 | 102,9 | ИДБ |
| 11. | Ұсынылған кереуеттік сөткелерді ұлғайту, % | Стат. деректер | 127,5 | 102,0 | 102,0 | 328,8 | 31,6 | 102,0 | 102,0 | ИДБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

**Инвестициялық мүмкіндіктер қаласы**

Инвесторларды белсенді тарту саясаты экономикалық өсімді ынталандырудың негізгі бағыттарын іске асыруға бағытталған заманауи даму институттарын құруды қамтиды, оның ішінде:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісін диджиталдандыру;
2. Аумақтарды және қоғамдық кеңістіктерді кешенді дамыту;
3. Астананың халықаралық нарықтағы мүмкіндіктерін маркетингілеу;
4. Туристік брендті ілгерілету.

Елорда экономикасының бюджеттік инвестицияларға тәуелділігін төмендету мақсатында жол инфрақұрылымын, қоғамдық көлікті, ақылы тұрақтарды дамыту, ҚТҚ, ТКШ қайта өңдеу, электр энергиясын өндіру және бөлу, әлеуметтік объектілер салу жобаларын қамтумен МЖӘ тетіктерін қолдану тәжірибесін кеңейту қарастырылды.

Сонымен қатар, әлеуетті инвесторларды іріктеудің басымды факторлары болып әлеуметтік және коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға, тәуекелдер мен жауапкершілікті бөлу шартымен жобаларды басқару саласындағы құзыреттілікті дамыту және инфрақұрылымды жаңартуға бағдарлану табылады.

**Халықаралық қаржы орталығы**

ЭКСПО-2017 көрме кешені инфрақұрылымының негізінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі - АХҚО) құрылады, ол барлық Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының өзегіне айналады. АХҚО келешекте барлық Орталық-Азия өңірі, Кавказдың маңындағы республикалар, ЕАЭС, Таяу Шығыс елдері, Батыс Қытай аумағы, Монғолия және Еуропа елдері үшін қаржылық хабқа айналады.

АХҚО қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында және инвесторлар тарту үшін әкімдік мынадай қадамдарды іске асырады:

Инвестициялар және даму министрлігімен бірлесіп Астана мен жетекші халықаралық қаржы оратлықтары арасында тұрақты және ыңғайлы әуе қатынастарын ұйымдастыру, ЛРТ кешенін пайдалануға беру және маңындағы автожолдардың жіберу мүмкіндігін кеңейту жолымен АХҚО көліктік қолжетімділігі қамтамасыз етіледі;

- лингвистикалық жетімді әлеуметтік объектілерді, халықаралық сервис деңгейі және т.б. қамтитын қажетті инфрақұрылым құрады. МЖӘ базасында ағылшын тілінде оқытатын халықаралық мектептер құру бойынша білім жобаларын іске асыруға, Халықаралық бакалавриат және даярланған қалалық орта білім объектілерінің негізінде ол бойынша сертификаттау бағдарламасын енгізуге ерекше назар аударылады. Ағылшын тілінде медициналық қызмет көрсетудегі қажеттілікті қамтамасыз ету және олардың халықаралық стандарттарын ұстауы бойынша шартымен бірқатар қалалық денсаулық сақтау объектілерін басқару үшін халықаралық деңгейдегі басқару компаниясын тарту жұмысы өткізіледі.

**Мемлекеттік қызметтер және халықаралық ұйымдар**

Астананың ғаламдық қалаға айналуы оның халықаралық және өңірлік ұйымдар, халықаралық бейкоммерциялық ұйымдардың өңірлік штаб-пәтерлері үшін, ТНК үшін «үйдегідей» қала ретінде танылуын талап етеді.

Бұл бағыт АХҚО жобасын іске асырумен синергияға жетуге мүмкіндік береді, себебі бұл бағытта табысқа жету үшін қала қатты және жұмсақ инфрақұрылымдағы ұқсас қажеттіліктерді қамтамасыз етуі тиіс. Қаланың келешектегі шебер-жоспары және кейін Астананың бас жоспары шеңберінде кеңсе ғимараттары және «А» санатындағы құрылыстары бар халықаралық орамды аумақтық жайластыру және жоспарлау көзделеді.

Қаланың және оның экономикасының маңызды бөлігін қазіргі кезде экономикасының маңызды бөлігін құрайтын және келешекте оның драйверіне айналуы мүмкін секторлар құрайды.

**Ашық және қонақжай қала**

Елорданың туристік саласын дамытуды ынталандырудың негізі болып Астананың бірегей брендін құру және оны ілгерілету бойынша маркетингтік кампания өткізу болып табылады. Бұл бағыт бойынша қаланың бағдарламаларына қосу үшін халықаралық операторларды және продюсерлік компанияларды тартумен, конгресс-көрмелік және мәдени-оқиғалық іс-шаралар қоржынын әзірлеу қарастырылады.

Туристік инфрақұрылымды дамыту мақсатында мына іс-шаралар қарастырылды:

1. Экскурсиялық-туристік бағдарламалар мен бағдарлар құру, мұражай бағдарламаларын және демалыс инфрақұрылымын дамыту;
2. Персоналды заманауи қызмет көрсету стандарттарына және ағылшын тіліне оқыту есебінен қаланың отельдері мен мейрамханаларын даярлау;
3. Ішкіқалалық навигация жүйесін жаңғырту;
4. Қаланың қызметтерін шетел қонақтарын қабылдауға бейімдеу;
5. Медициналық туризмді дамыту бағдарламасын әзірлеу және медициналық қызметтердің экспорты үшін жағдай жасау;
6. Елорданың туристік мүмкіндіктерін ілгерілету бойынша маркетингтік компанияны кеңейту.

## 2-бағыт. Әлеуметтік-бағдарланған, мәдени және креативті қала

### 1-мақсат. Жеке табыстылықты қалыптастыру және тұрғындардың құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасау

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| **Қолжетімді білім** | | | | | | | | | | |
| 1. | 15-28 жастағы жастардың жалпы санындағы NEETүлесі, % | Стат. деректер | 7,9 | 6,8 | 7,3 | 7,2 | 7,0 | 6,9 | 6,7 | ЖСмжБ |
| 2. | Мектепке дейінгі | Ведомст. | 63,1 | 64,5 | 70,2 | 72,0 | 72,8 | 97,7 | 100,0 | ББ |

| р/ б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауапт ылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| | тәрбиелеумен және оқытумен (3-6 жас) қамту, % | деректер | | | | | | | | |
| 2.1 | оның ішінде жеке меншік мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту есебінен | Ведомст. деректер | 13,9 | 13,1 | 22,0 | 27,6 | 32,7 | 97,7 | 40,0 | ББ |
| 3. | Техникалық және кәсіби оқыту білім беру ұйымдары түлектерінің жұмысқа орналасқандар үлесі, оқытудың бірінші жартыжылдығында, % | Ведомст. деректер | 54,0 | 76,8 | 90,0 | 92,0 | 94,0 | 95,0 | 96,0 | ББ |
| 4. | Жұмыс істейтін үш ауысымдық және апатты мектептер саны, бірлік | Ведомст. деректер | 3 | 0 | 3 | 0 | 0 | 0 | 0 | ББ |
| 5. | Табиғи-математикалық пәндер бойынша мектеп түлектері арасында білім беру бағдарламаларын табысты меңгерген жақсы (өте жақсы/жақсы) оқитын оқушылар үлесі: | Ведомст. деректер | 42,0 | 48,8 | 50,5 | 52 | 57 | 59 | 62 | ББ |
| 6. | Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санынан инклюзивті білім берумен балаларды қамту, % | Ведомст. деректер | 6,6 | 6,7 | 42,2 | 46,2 | 48 | 50 | 52 | ББ |
| 7. | Үлгілік жастағы (14-24 жас) жастарды техникалық және кәсіби білім берумен қамту үлесі, % | Ведомст. деректер | 22,3 | 21,7 | 22,0 | 22,5 | 22,7 | 23,0 | 23,2 | ББ |
| 8. | Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға 14-29 жастағы халықтың қанағаттандырылу деңгейі, % | Ведомст. деректер | 63 | 65 | 67 | 70 | 73 | 76 | 79 | ЖСмжБ |
| 9. | Мемлекеттік нормативке сәйкес орта білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, % | Ведомст. деректер | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | ББ |
| 10. | Қосарлы білім үлгісімен қамтылған ТжКБ мекемелерінің үлесі, % | Ведомст. деректер | – | 53,0 | 53,0 | 61,7 | 76,4 | 82,3 | 100,0 | ББ |
| 11. | Толық мектептердің саны, бірлік | Ведомст. деректер | | | 27,0 | 20,0 | 15,0 | 5,0 | 0,0 | ББ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

### Қолжетімді білім беру

Астананы өмір сүру үшін қолайлы қала ретінде дамытудың бірінші кезекті басымдықтарының бірі білім беру мекемелерінің шамадан тыс жүктелінуін жою болып табылады, оны мына жолдармен іске асыруға болады:

- жаңа жеке және мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын салу, оларды көппәтерлі үйлердің бірінші қабаттарында орналастыру және

қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін жағдай жасау есебінен балабақшаларға кезектерді жою;

- білім беру мекемелеріне жазылудың бірыңғай электрондық жүйелерін енгізу және Астанада табысты қолданылатын озат smart-шешімдерді барлық білім мекемелеріне тарату;

- жобалау және салу бойынша бірыңғай басшылықты пайдаланумен және МЖӘ тетіктері шеңберінде жекеменшік қаржыландыруды тарта отырып, заманауи технологиялық, архитектуралық және дизайнерлік шешімдердің негізінде жаңа ұрпақ мектептерін салу есебінен мектептердің шамадан тыс жүктемесін төмендету және оқыту сапасын арттыру;

- оқытуға тәжірибелік-бағдарланған тәсілдің және экономиканың сауда секторларының шеңберінде қажетті мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырысты құрудың негізінде ТжКБ мекемелерін қосарлы білім берумен қамтуды кеңейту.

Білім саласының жоғары кәсіптік деңгейін қамтамасыз етуге бағдарлану экономиканың басымды сауда секторларын дамыту перспективаларымен өзара байланысты және әлеуетті туристтер, инвесторлар және халықаралық ұйымдардың қызметкерлері үшін қажетті білім беру қызметтерінің қоржынын қалыптастыруды көздейді.

АХҚО құру және дамытудың, сондай-ақ Астананы халықаралық ұйымдардың кеңсесін орналастыру үшін өңірлік алаң және оқиғалық туризм орталығы ретінде ұсынудың есебімен ағылшын тілінде оқыту бойынша бейімделген халықаралық бағдарламалары бар білім мекемелерінің тізбесін кеңейту көзделеді (НЗМ тәжірибесі бойынша).

Білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оқыту сапасын сыртқы тәуелсіз бағалауды енгізу, халықаралық аккредитация алу, робот техникасы саласында заманауи технологиялар мен құрал-жабдықты қолданумен қосымша білім берудің жаңа бағыттарын дамыту, оқу үдерісіне деңгейлік бағдарламалар әдісін енгізу қарастырылды.

## 2-мақсат. Денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және сау, салауатты өмір салтын насихаттау

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| **Салауатты адамдардың қаласы** | | | | | | | | | | |
| 1. | Халықтың саны, мың адам | Стат. деректер | 852,8 | 872,6 | 1017,6 | 1048,2 | 1079,6 | 1112,0 | 1145,4 | ББӘ |
| 2. | Ана өлімін төмендету, тірі туған 100 мың балаға шаққанда | Ведомст. деректер | 16,3 | 7,7 | 14,7 | 14,0 | 13,8 | 13,7 | 13,5 | ДСБ |
| 3. | Сәби өлімін төмендету, 1000 тірі туған балаға шаққанда | Ведомст. деректер | 6,9 | 6,7 | 6,5 | 6,3 | 6,1 | 5,9 | 5,7 | ДСБ |
| 4. | Қан айналымы жүйесі ауруынан өлім, 100 мың адамға шаққанда | Ведомст. деректер | 100,5 | 85,84 | 108,3 | 107,5 | 106,4 | 105,8 | 104,0 | ДСБ |

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 5. | Ісік ауруларынан өлімді төмендету, 100 мың адамға шаққанда | Ведомст. деректер | 82,89 | 86,65 | 78,0 | 76,0 | 75,8 | 75,6 | 75,0 | ДСБ |
| 6. | Туберкулезден өлім, 100 мың адамға шаққанда | Ведомст. деректер | 3 | 3,25 | 2,8 | 2,7 | 2,6 | 2,5 | 2,4 | ДСБ |
| 7. | ВИЧ таралуы (15-49 жас тобындағы),% | Ведомст. деректер | 0,125 | 0,14 | 0,2 | 0,24 | 0,31 | 0,39 | 0,49 | ДСБ |
| 8. | Халықтың нашақорлықпен ауыруы деңгейі, 100 мың адамға шаққанда | Ведомст. деректер | 40,8 | 40 | 38 | 36 | 34 | 32 | 30 | ДСБ |
| 9. | Есірткіні қолданатын адамдар санының төмендеуі (жыл сайын,%) | Ведомст. деректер | 4 | 28 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | ДСБ |
| 10. | Шетелден келген «медициналық» туристер саны, адам | Стат. деректер | | | 700 | 900 | 1100 | 1300 | 1500 | ДСБ |
| **Барлық жастар үшін бұқаралық спортты дамыту** | | | | | | | | | | |
| 11. | Дене тәрбиесімен және спортпен айналысатын адамдарды қамту, % | Ведомст. деректер | 21,5 | 22,0 | 24,0 | 26,0 | 27,5 | 28,5 | 30,0 | ДШСБ |
| 12. | 7-18 жастағы балалар мен жасөспірімдердің жалпы санынан балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектептерінде, балалар мен жасөспірімдерге арналған клубтарда дене тәрбиесімен және спортпен айналысатын балалар мен жасөспірімдердің қамтылуы, % | Ведомст. деректер | 18,4 | 20,3 | 22,0 | 23,2 | 24,6 | 25,7 | 27,0 | ДШСБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

### Салауатты адамдар қаласы

Жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету Астананы халыққа әлемдік стандарттарға сәйкес келетін сапалы әрі уақтылы медициналық көмек ұсыну үшін қажетті жағдай жасауға, 24/7 тәртібінде амбулаторлық-емханалық қызметтің қолжетімділігіне, «осы жерде және қазір» қағидаты бойынша мәселелерді шешуге, сондай-ақ медициналық туризмді дамытуға бағдарланған заманауи медицина орталығы ретінде дамытуды көздейді.

Осыған байланысты, денсаулық сақтау жүйесінің өткізіліп жатқан трансформациясы МЖӘ тетіктерін құрумен амбулаторлық-емханалық буынды дамыту, бірлескен колл-орталығын құру және пациенттердің электрондық карталарын құру есебінен емханаларға 20 минутта жетуді, отбасылық дәрігерлік

амбулаторияға 10 минутта жетуді, жедел жәрдемнің 7 минутта жетуін қамтамасыз етуді қамтиды.

Медициналық мекемелердің қызмет ету тиімділігін арттыру жеке әріптестерді тарту, көрсетілетін қызметтердің халықаралық сапа стандартын енгізу, мамандандырылған дәрігерлерді материалдық және материалдық емес көтермелеудің жаңа тәсілдерін қолдану арқылы жаңа менеджмент нысандарын пайдалану жолымен көзделеді.

Денсаулық сақтау саласында менеджменттің халықаралық қағидаттарын енгізу және тәжірибесін алу мақсатында №№ 1, 2 қалалық ауруханалар JCI халықаралық стандарттары бойынша тіркеледі.

АМӘК әрі қарай дамыту отбасылық қызмет көрсету қағидатына негізделген, әрбір жаста ағза ерекшеліктерін ескерумен адам денсаулығын өмір бойы қадағалауды қоса отырып, алғашқы кезеңде әмбебап, біріктірілген, әлеуметтік-бағдарланған, қолжетімді және ұйымдастырылған көмек көрсетуге бағытталған шараларды тереңдетуді көздейді.

Жедел медициналық жәрдем қызметін АМӘК біріктіру жолымен 4-6 күрделілік санатындағы жедел медициналық жәрдемді шақыруды АМӘК-қа қайта бағыттау арқылы жүзеге асырылады, бұл жүктемені қайта бөлуге, әсер етудің жеделдігін арттыруға және өлім деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Кардиологиялық пациенттердің жағдайына талдау өткізу үшін жедел медициналық жәрдемнің, емханалардың және стационарлардың мамандары нақты уақыт режимінде онлайн электр кардиограммаларын қолданады.

Басымдықтардың бірі болып жалпы медицинадан дербестендірілген медицинаға көшу жолымен дербес медициналық қызмет көрсету болып табылады, бұл елорданың әрбір тұрғынға дербестендірілген профилактиканы, дигноз қою және ағзаның ерекшеліктеріне байланысты емдеуді қамтиды.

Өткізіліп жатқан өзгерістердің есебімен медициналық қызметтердің халықаралық кластерін құру және кардиохирургия, нейрохирургия және онкоауруларды емдеу саласында терапияның басымды бағыттары бойынша экспорт қызметтері үшін алғышарт құру жұмысы жандандырылады.

Осыған байланысты, елорданың туристік брендін ілгерілету шеңберінде құрылып жатқан даму институттарының негізінде медициналық туризм бағытын дамыту бойынша бірыңғай оператор белгіленеді, тиісті бағдарлама әзірленіп, келген туристтермен, МФЦА қызметкерлерін және халықаралық ұйымдармен еріп жүру ұйымдастырылатын болады.

**Барлық жастағы адамдар үшін бұқаралық спортты дамыту**

Бұл мақсатқа жетудің негізгі басымдығы сау тамақтануды әйгілеуді, дене шынықтыруды және білім жүйесі арқылы пайдалы дағдыларды қоса, кез келген маусымда күнде спортпен шұғылдану және салауатты өмір салты үшін ынталандырма жасау үшін, оның ішінде МЖӘ тетіктері арқылы қажетті инфрақұрылым құру есебінен тұрақты түрде спортпен шұғылданатын халықтың қамтылуын ұлғайту болып табылады.

Бұқаралық сполртты дамыту шеңберінде елорда тұрғындары арасында ішкіорамдық аумақтардағы спорт алаңдарында және жалпы білім беретін мектептердің спорт залдарында елорда тұрғындары арасында спорттық-

бұқаралық іс-шаралар өткізу ұйымдастырылады. Спорттың әр түрлері бойынша қарастырылған кешенді жарыстар халықты кең ауқымда қамтуға мүмкіндік береді.

**3-мақсат. Экономиканың басымды секторларында жалақысы жоғары жұмыс орындарын құруды және халықтың атаулы топтарын әлеуметік қолдаудың сапасын ынталандыру жолымен халықтың әл-ауқатын жақсарту**

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Жұмыссыздық деңгейі, % | Стат. Деректер | 5,1 | 4,6 | 4,8 | 4,7 | 4,7 | 4,6 | 4,5 | ЖҚЕӘҚБ |
| 2. | Жастар жұмыссыздығы (15-28 жас аралығы), % | Стат. Деректер | 6,3 | 5,8 | 4,8 | 4,7 | 4,7 | 4,6 | 4,6 | ЖҚЕӘҚБ, ЖСмжБ |
| 3. | Әйелдер жұмыссыздығы, % | Стат. деректер | 5,1 | 5,3 | 5,0 | 4,9 | 4,9 | 4,8 | 4,8 | ЖҚЕӘҚБ |
| 4. | 1000 адамға шаққанда еңбек қызметіне байланысты оқыс жағдайлар кезінде зардап шеккендердің саны, адам | Ведомст. деректер | 0,36 | 0,17 | 0,48 | 0,47 | 0,46 | 0,45 | 0,44 | ЖҚЕӘҚБ |
| 5. | Анықталған бұзушылықтардың жалпы мөлшеріне еңбек заңнамасының жойылған бұзушылықтардың үлесті салмағы % | Ведомст. деректер | 99,4 | 99,2 | 98,7 | 98,7 | 98,7 | 98,7 | 98,7 | ЖҚЕӘҚБ |
| 6. | Жұмыспен қамту мәселесі бойынша жүгінген тұлғалар санынан жұмысқа орналасқандар үлесі, % | Ведомст. деректер | 55,2 | 66,8 | 50,8 | 50,9 | 51 | 51,1 | 51,2 | ЖҚЕӘҚБ |
| 7. | Жұмыспен қамту мәселесі бойынша жүгінген тұлғалар санынан тұрақты жұмысқа орналасқандар үлесі, % | Ведомст. деректер | - | 28,0 | 28,3 | 28,8 | 29,3 | 29,8 | 30,3 | ЖҚЕӘҚБ |
| 8. | Заңды тұлғалар тартатын шетел жұмыс күшінің құрамындағы білікті мамандардың үлесті салмағы (шетел жұмыс күшін тарту жөніндегі квота бойынша, % | Ведомст. деректер | 53,4 | 56,4 | 57 | 50 | 50 | 50 | 50 | ЖҚЕӘҚБ |
| 9. | Құрылған жұмыс орындарының саны, бірлік | Ведомст. деректер | 18 632 | 18 389 | 18700 | 19000 | 19200 | 19300 | 19500 | ЖҚЕӘҚБ |
| 10. | Жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге жүгінген еңбек жасындағы мүгедектердің жұмысқа орналасқандарының саны, адам | Ведомст. деректер | 152 | 213 | 460 | 540 | 590 | 565 | 578 | ЖҚЕӘҚБ |
| 11. | Табысы күн көріс мигимумынан төмен халық үлесі, % | Стат. деректер | 0,4 | 0,4 | 0,6 | 0,5 | 0,5 | 0,4 | 0,3 | ЖҚЕӘҚБ |
| 12. | Атаулы әлеуметтік көмек алғандар санынан жұмысқа қабелеттілер үлесі, % | Ведомст. деректер | 27,2 | 27 | 26 | 25 | 24 | 23,5 | 23 | ЖҚЕӘҚБ |
| 13. | Арнайы әлеуметтік қызмет көрсетулермен қамтылған тұлғалардың үлесті салмағы | Ведомст. деректер | 96,5 | 97,6 | 98 | 99 | 99,4 | 99,7 | 100 | ЖҚЕӘҚБ |

| р/ б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауапт ылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| | (оларды алуға мұқтаж тұлғалардың жалпы санында), % | | | | | | | | | |
| 14. | Жеке сектор субъектілері ұсынған арнайы әлеуметтік қызметтермен қамтылғандар үлесі (оның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен), % | Ведомст. деректер | 7,6 | 8,2 | 8,1 | 9,4 | 10,9 | 11 | 11,1 | ЖҚЕӘҚБ |
| 15. | Әлеуметтік, көліктік инфрақұрылым объектілерінің жалпы санынан мүгедектер үшін қол жетімді құралдармен жабдықталған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің үлесі, % | Ведомст. деректер | 26,0 | 34,5 | 50 | 70 | 80 | 90 | 100 | ЖҚЕӘҚБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Елорданың еңбек нарығында сапалы өзгерістер өткізудің негізгі басымдылығы туризмді, құрылыс технологияларын, қаржы секторын, заманауи өндірісті, мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың қызметін қоса отырып, басымды салалық секторларды дамыту болып табылады. Жалпы, экономиканың басымды секторындағы 15 мың жаңа жұмыс орындарын қоса отырып, 95 мыңнан артық жаңа жұмыс орындарын құру көзделеді.

Осыған байланысты, секторлардың белгіленген тізбесіне және елорданың еңбек нарығының жоғары білікті кадрлардағы нақты қажеттілігіне сүйене отырып, шетел жұмыс күшін тарту саласындағы саясат түзетілетін болады.

Азаматтардың әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету және әл-ауқатының деңгейін жоғарылату мақсатында әкімдік іс-шаралар кешенін іске асырады, оның ішінде:

- артық жұмыс күшінің абсорбері болып табылатын микро- және шағын кәсіпкерлік үшін тосқауылдарды төмендету;
- «Цифрлі әкімдік» платформасын дамыту шеңберінде бос жұмыс орындарының интерактивті онлайн картасын құру және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету және кәсіптік мамандардағы қажеттілікті болжау функцияларын қамтамасыз ету;
- елорданың жұмыс берушілерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру жолымен халықтың жұмыспен қамтылуына ықпал ету;
- кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру жолымен жаңа жұмыс орындарын құру;
- жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес қызметкерлерді оқыту және қайта даярлау курстарын ұйымдастыру.

Шетел жұмыс күшінің ағынын реттеу және бақылау бойынша мақсатты саясат еңбек нарығын кері демпингтік әсерден сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, шетелден тартылатын кадрлардың жалпы мөлшерінде жоғары білікті мамандардың үлесін ұлғайтуға ерекше назар аударылады.

Астана агломерациясын дамыту шеңберінде Астана қаласынан 100-150 км радиусында контрмагнит-қалаларын құру көзделеді, оларда өңдеу өнеркәсібінің, жеке алғанда тамақ және құрылыс салаларының жаңа өндірістері құрылып, әлеуметтік инфрақұрылым дамитын болады. Осының есебінен елордалық еңбек нарығына кері әсерін тигізетін халықтың барыс-келіс көші-қонынан келтірілетін теріс әсер жойылады.

Жұмыспен қамту картасын құру жоспарланады, ол ҮИИДМБ, БЖК-2020 шеңберінде енгізілетін барлық маңызды жобаларды қамтиды, отандық бизнестің қаджеттіліктеріне ТжКБ мекемелерінің және Халықты жұмыспен қамту орталығының базасында кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін бағдарландыруға мүмкіндік береді. Осының есебінен кәсіпорындар кадрлармен уақтылы қамтамасыз етіледі, ал жұмыссыз азаматтар жұмыспен қамтылады.

Азық-түлік белдеуде өндіріс секторын дамыту және № 2 Индустриялық парк аумағында жаңа өнідірістерді ашу, кадрларды қайта даярлау және кәсіптік бағдар беру жөніндегі іс-шараларды іске асыру есебінен елорда 2020 жылға қарай Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі ең төмен өңірлердің қатарына кіреді.

Әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту шеңберінде халықтың осал жіктерін (балалар және көпбалалы отбасылар, ұзақ уақыт жұмыстары жоқ азаматтар, оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар, жалғыз басты қарт адамдар, мүгедектер, маргиналды топтар) атаулы әлеуметтік көмекпен қамту, сондай-ақ арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету қарастырылды.

Сонымен қатар, жоспарлы кезеңде әлеуметтік келісім-шарт тетігін жетілдіру жүзеге асырылады, оған сәйкес отбасы мүшелері отбасыны әлеуметтік белсендіру үшін кедергілерді жою бойынша жұмыс істеуге міндеттенеді: жұмысқа орналасуға, оқуға, өзінің еңбек және кәсіптік дағдыларын қолданудан табыс алуға. Әлеуметтік қолдаудың осындай нысаны аз қамтылған азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және әрі қарай өсуге алғышарт құруға мүмкіндік тудырады.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес мүгедектердің тіршілігі және қоғамға бірігуі үшін тиісті жағдайлар жасауға бағытталатын іс-шаралар іске асырылады, оның ішінде мына бағыттар бойынша:

- мүгедектерді заманауи техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдардағы және арнайы жылжу құралдардағы қажеттілігін қанағаттандыру;
- мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің халықаралық стандарттарын енгізу;
- заманауи сауықтыру және медициналық-әлеуметтік мекемелер мен ұйымдардың тапшылығын жою;
- мүгедектердің жұмыспен қамтылуын және оларды кәсіптік даярлауды қамтамасыз ету.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кедергісіз қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында өткізілген паспорттаудың негізінде, ЖҚЖК-2020 шеңберінде пандустар, жаяу жүру өткелдерінде дыбыстық және дыбылдама құралдарын орнату, аялдамалар, жол белгілерін жайластыру, қолжетімді қоғамдық көліктің санын ұлғайту көзделеді.

## 4-мақсат. Астананы мәдениеттің өңірлік орталығы ретінде дамыту

| р/б № | Индикатордың атауы | | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | 1000 адамға шаққанда мәдениет ұйымына барушылардың орташа саны; | | | | | | | | | | ММҚБ |
| | 1.1 | кітапханалардың | Статист. деректердің негізіндегі есептемелер | 177,0 | 177,2 | 177,7 | 178,6 | 179,9 | 181,2 | 182,9 | |
| | 1.2 | театрлардың | | 307,2 | 309,2 | 310,1 | 317,5 | 312,3 | 313,2 | 314,5 | |
| | 1.3 | мұражайлардың | | 1097,8 | 1104,7 | 1 108,2 | 1134,4 | 1121,4 | 1130 | 1140,1 | |
| | 1.4 | концерт ұйымдарының | | 1867,8 | 1879,6 | 1885,5 | 1930,1 | 1908 | 1922,6 | 1939,9 | |
| 2. | Мемлекеттік тілді меңгерген ересек халықтың үлесі, % | | Ве-домст. Деректер | 79 | 80 | 81 | 83 | 85 | 87 | 90 | ТДБ |
| 3. | Ағылшын тілін меңгерген ересек халықтың үлесі, % | | Ве-домст. Деректер | 24 | 25,0 | 25 | 25,5 | 26 | 26,5 | 27 | ТДБ |
| 4. | Үш тілді (мемлекеттік, орыс, ағылшын) меңгерген ересек халықтың үлесі, % | | Ве-домст. Деректер | 4,5 | 4,8 | 5,0 | 8,0 | 9,0 | 10,0 | 12,0 | ТДБ |
| 5. | Этникаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты оң бағалаған халық үлесі, % | | Ведомст. деректер | 94,8[2] | 85 | 87 | 89 | 91 | 93 | 95 | ҚХАХ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Астана қаласын мәдениет пен оқиғалық туризмнің өңірлік орталығы ретінде дамыту продюсерлік компанияларды тартумен және елорданы танымал орындаушылар мен шығармашылық ұжымдардың халықаралық концерттік турларының бағдарламаларына қосумен мәдени-оқиғалық іс-шаралар қоржынын құруды көздейді.

Астананың мәдени имиджін ілгерілету және елорданың халықаралық аренада танымалдығын арттыру мақсатында әлемнің әр елдерінен өнер қайраткерлерін тарта отырып, бұқаралық іс-шаралар, көрмелер, көрсетілімдер мен фестивальдар өткізу, отандық ұжымдардың гастрольдық сапарларын ұйымдастыру жоспарланады.

ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу кезеңінде қала аумағында арнайы концерттік алаңдар орналастырылады, шетел туристерге бағдарланудың есебімен мәдени бағдарлама әзірленеді, елордалық мәдениет мекемелерінің репертуары жаңартылады.

---

[2] 80% жоспарында факт бойынша94,8%

Еуразиялық оқиғалар орталығы ретінде қаланың ұсынылуын қамтамасыз ететін мәдени, спорт және ойын-сауық іс-шараларының үздіксіз ағынын өткізу үшін мәдени және спорт инфрақұрылымының мәртебелік объектілерін тиімді және ұтымды пайдалану маңызды бағыт болып табылады. Бұл үшін оқиғалық инфрақұрылым объектілерінің халықаралық операторларын тарту қажет.

Астана қаласы тұрғындарының лингвистикалық капиталын дамыту мақсатында Қазақстан халқының тілдерін дамытуға және қызмет етуіне әрекет ететін тіл ортасын құру негізгі бағыт болып табылады.

ЭКСПО-2017 өткізуге дайындық шеңберінде ішкі істер органдарының қызметкерлері, әлеуметтік саланың, көліктік қызмет көрсету саласының мамандары, волонтерлер үшін ағылшын тілінің мамандандырылған курстары ұйымдастырылады. Бұл бағдарлама қалада тұрақты негізде жүзеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, ағылшын тілінде оқытатын білім мекемелерін дамытуға қаражат бөлінеді.

Қазақстан халқы ассамблеясын 2025 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасына сәйкес бес институционалдық реформа шегінде қазақстандық сәйкестілікті және азаматтылық қағидатында бірлікті нығайту мақсатында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идея іске асырылады, оың негізгі құндылығы заң алдындағы теңділік, еңбекті сүю, адалдық, оқу және білімді болу мәдениет, мемлекеттің жоғары мәдениеттілігі болып табылады.

Бұл үшін менеджменттің заманауи әдістерін енгізу, мемлекеттік қызметшілердің, сондай-ақ басшылардың және этномәдени бірлестіктері өкілдерінің біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру, «Бейбітшілік және келіім жол картасы» қоғамдық мега-жоба шеңберінде қайырымдылық, медиация және қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өңірлердің АНК арасында тәжірибемен алмасу қарастырылды.

## 3-бағыт. Астананы қауіпсіз қалаға айналдыру

### 1-мақсат. Қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Көшелерде жасалған қылмыстардың үлесті салмағы, % | Ведомст. деректер | - | 26,5 | 42,3 | 39,7 | 36,4 | 32,9 | 32,7 | ІІД |
| 2. | Кәмелет жасқа толмағандар жасаған қылмыстардың үлесті салмағы, % | Ведомст. деректер | - | 2,4 | 2,2 | 2,1 | 2,0 | 1,9 | 1,85 | ІІД |
| 3. | Бұған дейін қылмыс жасағандардың қылмыстарының үлесті салмағы, % | Ведомст. деректер | - | 13,8 | 13 | 12,8 | 12,5 | 12,3 | 12 | ІІД |
| 4. | 100 зардап шеккендерге | Ведомст. | - | 6,6 | 15,7 | 15,5 | 15,5 | 15,3 | 15,3 | ІІД |

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| | шаққанда жол-көлік оқиғаларда қайтыс болғандардың саны | деректер | | | | | | | | |
| 4.1 | 1000 бірлікке шаққанда автокөлік апатын төмендету, % | Ведомст. деректер | | | 5,0 | 10,0 | 20,0 | 30,0 | 40,0 | ІІД |
| 5. | Есірткімен байланысты қылмыстардың жалпы санынан есірткі сатумен байланысты немесе сату мақсатында жасалған анықталған қылмыстардың үлесі, % | Ведомст. деректер | - | 18,1 | 18,3 | 18,4 | 18,5 | 18,6 | 18,7 | ІІД |
| 6. | Тіркелген қылмыстардың санынан есірткімен байланысты қылмыстардың үлесі | Ведомст. деректер | - | 0,8 | 0,7 | 0,68 | 0,66 | 0,64 | 0,62 | ІІД |
| 7. | Нашақорлық жағдайында қылмыс жасағандардың қылмыстың жалпы көлеміндегі үлесі, % | Ведомст. деректер | - | 0,6 | 0,5 | 0,4 | 0,3 | 0,2 | 0,1 | ІІД |
| 8. | Алып қойылған наша заттарының жалпы салмағы, оның ішінде: Общий вес изъятых наркотических веществ, в том числе: | Ведомст. деректер | 170,2 | 255 | 215 | 220 | 230 | 240 | 250 | ІІД |
| | 8.1 героин, кг | | 23,5 | 14,7 | 12,5 | 13 | 14 | 15 | ІІД | ІІД |
| 9. | Кешенді алдын алу жұмыстарымен қамтылған радикалды идеологияларға жақын, тартылған жастар мен тұлғалардың үлесі | Ведомст. деректер | 50 | 75 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | ДІБ |
| 10. | Діни экстремизим және терроризм идеяларын насихаттайтын мақалаларды жариялауға жүргізілген мониторинг материалдарының көлемі | Ведомст. деректер | | | | | | | | |
| | 10.1 БАҚ баспа | | 177 | 150 | 180 | 195 | 210 | 225 | 240 | ДІБ |
| | 10.2 БАҚ электронды | | 222 | 185 | 230 | 245 | 260 | 280 | 295 | ДІБ |
| | 10.3 Интернет көздері | | 800 | 400 | 1000 | 1000 | 1000 | 1000 | 1000 | ДІБ |
| 11. | Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымын қамтамасыз ету деңгейі, % | Ведомст. деректер | | 79,9 | 79,9 | 91,1 | 91,1 | 98,2 | 100,0 | ТЖД |
| 12. | Су объектілеріне батып кеткендер үлесі, адам | Ведомст. деректер | | 24 | 23 | 22 | 21 | 20 | 19 | ТЖД |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Астананы ғалами, қонақжай қалаға айналдыру заманауи мониторинг технологияларын қолдану, әсер ету жеделдігін арттыру және әсіресе ЭКСПО көрме кешені ауданында бейнебақылау жүйесін дамыту жолымен қауіпсіздікті басқарудың кешенді жүйесін құруды көздейді.

Қалыптасқан криминогендік жағдайды объективті бағалау мақсатында, сондай-ақ азаматтардың ІІД құқық қорғау жүйесіне сенімінің деңгейін арттыру үшін прокуратура органдарымен бірлесіп заңға қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламаларды есепке алу және тіркеудің толықтығын қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыс жүргізіледі.

Кейін тергеу барысын бақылау мүмкіндігімен өтініштерді электрондық тіркеу жүйесін енгізу есебінен азаматтардың өтініштерін қарау бойынша ашықтықты арттыру көзделеді.

Елордада қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі аспектілерінің бірі консьерждердің, оперативтік-жастар жасақтарының, полиция бөлімшелерінің жанындағы ішкі істер органдарының ардагерлері санынан қоғамдық кеңестердің қызметі шеңберінде құқық қорғау қызметіне қоғамдастықты тарту шараларын қабылдау болып табылады.

«Нольдық төзімділік» қағидатын іске асыруға бағдарланған жергілікті полиция институтын құру қоғамның бірігуіне және халық тарапынан құқық қорғау орргандарына сенімін арттыруға әрекет етеді.

ЭКСПО-2017 өткізудің қауіпсіздігін қамтамасыз ету негізгі міндет болып табылады. Әзірленген тұжырымдамаға сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтайтын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің саны бір мыңнан артық мөлшерге ұлғайтылды (іссапарға жіберілген қызметкерлердің есебімен), бұл жайт ЭКСПО-2017 объектілерін, көліктік артерияларды қорғау және техникалық нығайтуды ұйымдастыру есебінен күштер мен қаражатты кешенді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қоғамдық тәртіпті сақтау тетігін әрі қарай жетілдіру шаралары қарастырылды. Бұл үшін 2016-2020 жылдары қаланың көшелері мен қоғамдық орындарында бейнебақылау жүйесін енгізу жалғастырылады. «СКОЖ – қауіпсіз қала» жобасын іске асыру техногендік ортаны басқарудың кешенді тәсілі есебінен елордада қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл жобаның шеңберінде жазаның қолданылмай қалмайтындығы жөніндегі қағидатты іске асыру мақсатында Жоз қозғалысы ережелерінің бұзылуын автоматты түрде тіркеуге мүмкіндік беретін жүйені қамтитын жол қауіпсіздігін бақылау саласында жаңа технологиялар қолданылады, олар бір мезгілде бірнеше бұзушылықтарды тіркеуге мүмкіндік береді.

Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес бағыты бойынша есірткіні және басқа да тыйым салынған заттарды тасымалдау үшін жасырын қоймаларды анықтау, багаждар мен жүкті тексеру мақсатында автокөлікті тәулік бойы тексеру режимін қамтамасыз ету үшін «Рубеж» жүйесі күшейтіледі.

Халықтың есірткіні қолдану деңгейін төмендету мақсатында есірткіге қарсы бағытталған әдебиетті шығару, сондай-ақ БАҚ, ҮЕҰ тартумен есірткіге қарсы насихаттау бойынша кең ауқымды акциялар өткізу жоспарланады.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жорспарына сәйкес әкімдікте радикалдық секталардың қызметінің алдын алу, анықтау және жоюға ерекше назар аударылады.

Бұл үшін нысаналы референттік топтардың (дәстүрлі емес ағындардың реушілері, студениттік және мектеп жастағы жастар, интеллигенция, қоғамның әлеуметтік осал жіктері) қамтылуын ұлғайтуға бағдарланған атаулы идеологиялық жұмыс өткізу көзделеді.

Бұл аспект бойынша жастармен жұмыс жасауға, кейін әртүрлі ақпарат беру арналары, оның ішінде БАҚ, Интернет арқылы жариялай отырып, дінтанушылар, мәдениеттанушылар, қоғамтанушылар, философ, діни көшбасшылар тәрізді әртүрлі мамандарды тартумен дөңгелек үстелдер, конференциялар, форумдар және басқа да іс-шаралар өткізу арқылы халықтың діни сауаттылығының деңгейін арттыруға көңіл бөлінеді.

Өрттерге қарсы іс-қимылдар бойынша заманауи инфрақұрылымды дамыту үшін жоспарлы кезеңде 3 жаңа өрт сөндіру деposын салу, қолданыстағы оьбъектілерді күрделі жөндеу және материалдық-техникалық жаңарту көзделеді, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде арнайы буклеттер мен нұсқаулықтарды шығарумен, ақпараттық-түсіндіру сипаттағы алдын алу іс-шаралары өткізіледі.

Сондай-ақ, жоспарлы кезеңде су тасқынынан елорданың қорғалуы деңгейін арттыруға «Талдыкөл» ағынды сулар жинағышын жою, Есіл өзенін және Ақбұлақтың арналарын реконструкциялау, нөсер арнасы жүйесін дамыту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру әрекет етеді.

Елорда аумағында су тасқыны тәуекелінің пайда болуында азаматтардың өтініштерін қабылдау және өңдеу үшін су тасқынына қарсы іс-қимылдар жөнінде комиссиялар құрылады. Жағдайды толық бақылау мақсатында өткізіліп жатқан жұмыстарды көрсетумен, апаттық-құтқару қызметтерін және құрылымдарды орналастырумен, үгіттеу миатериалдарын таратумен су басып жатқан учаскелер картасын әзірлеу қарастырылады.

Су бұру жүйесінің анықталған проблемалы учаскелерін ескерумен, суды айдау үшін сорғыштарды орнату арқылы орталық су бұру тораптарына қосумен нөсер арнасын жайластыру жұмыстары өкізіледі.

Мін болдырмау, сондай-ақ қаланың су қоймаларында құтқару жұмыстарын өткізудің тиімділігін арттыру үшін 1 топтағы судан құтқару заманауи станциясын құру көзделеді.

Заманауи цифрлі технологиялар мен стандарттардың есебімен халыққа қауіп жөнінде, және төтенше жағдайлар кезінде орталықтандырылған хабарлау қалалық жүйесін жаңғырту көзделеді.

Қабылданып жатқан әртүрлі жұмыс бағыттары кешенді түрде өзара байланысты болады, бұл елорда көшелерінде қылмыстық деңгейін төмендетуге, халықтық құқық қорғау органдарына сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, заңға қарсы іс-қимылдарды қабылдамайтын, полиция мен халықтың тиімді өзара іс-қимылын, елорданың маңызды объектілері мен көшелерін ақпараттық бақылауды, азаматтардың өтініштерін тіркеу, бақылау және оларға әсер етудің ашық жүйесін көрсететін жаңа қоғамдық құрылым құруға ерекше мән беріледі.

Азаматтық қорғаныс және дүлей апаттардан сақтау саласында су тасқынына қарсы және нөсер инфрақұрылымын жайластыру жұмыстары аяқталады, бұл тәуекел аймағындағы телімдердің су тасқынынан қорғайды. Өрт қауіпсіздігі

деңгейін арттыру өрт сөндірудің автоматтандырылған жүйелерін және өрт қауіпсіздігі нормаларының сақталуын жүйелі түрде бақылау бойынша ауқымды насихаттау мүмкіндік тудырады.

## 4-бағыт. Өмір сүру үшін қолайлы қала

### 1-мақсат. Байланыс пен ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | 100 тұрғынға шаққанда телефон байланысының тіркелген желілерінің тығыздығы | Стат. Деректер | 33,3 | 31,3 | 31,8 | 30,6 | 30 | 27,6 | 26,7 | «Астана телеком» ҚТО, байланыс операторлары |
| 2. | Интернет пайдаланушылар үлесі, % | Стат. Деректер | 66,2 | 66,5 | 87 | 87,3 | 87,6 | 87,9 | 88,2 | «Астана телеком» ҚТО, байланыс операторлары |
| 3. | Халықтың сандық сауаттылық деңгейі, % | Стат. деректер | 63,8 | 66 | 88 | 88,3 | 88,6 | 88,9 | 89,2 | ББ |

### Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Елордада ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамытудың негізгі бағыттарының бірі қала аумақтарын FTTH (Fibertothehome-үйге/пәтерге дейін оптоталшық) технологиясы бойынша Интернет желісіне кең ауқымды қолжетімділік қызметімен қамтуды ұлғайту болып табылады.

Бұл инновациялық жоба әрбір абоненттің үйіне дейін оптикалық кабель орнатуды көздейді, бұл жайт «бір розеткадан» IDTV (интерактивті теледидар), IDPhone (телефония қызметтері), IDNet (Интернет желісіне кеңауқымды қолжетімділік) тәрізді толық қызметтер қоржынын ұсыну мүмкіндігін береді.

Жаңа технологиялар енгізу халыққа ұсынылатын коммуникациялық қызметтердің сапасын елеулі түрде арттыруға мүмкіндік береді, себебі талшықтық-оптикалық байланыс желілері бүгінгі күні барынша заманауи және ақпарат ағынын берудің ең сапалы тәсіліне айналды.

Халықтың цифрлік (компьютерлік) сауаттылығы деңгейінің өсуін қамтамасыз ету үшін елорданы ересек тұрғындары үшін арнайы курстар ұйымдастырылады, сондай-ақ оқу орындарында оқу үдерісін ақпараттандыру өткізіледі. Бұл үшін информатика кабинеттерін материалдық-техникалық жаңартуға және басқа да пәндерді цифрлі форматта оқыту үшін жаңа құралдар сатып алуға қосымша ақшалай қаражат бөлу көзделеді.

Интернет желісінің пайдаланушыларын ұлғайту мақсатында Астана қаласының әлеуметтік маңызды орындарында Wi-Fi технологиясы бойынша Интернет желісін пайдаланудың ортақ пайдалану аймақтарын құру, қоғамдық

көлікті тегін Интернетпен жабдықтау бойынша «Wi-FiBus Astana» жобасын іске асыру көзделеді.

«Ақылды» технологияларды дамыту және оларды оның ішінде білім және денсаулық сақтау, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және қызмет көрсету салаларын қоса қоғамдық өмірге, барынша ендіру елордада ақпараттандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді, бұл жайт халықтың цифрлі (компьютерлік) сауаттығының деңгейін арттыруға және Интернет желісінің қажеттілігін арттыруға қосымша серпін береді.

**2-мақсат. Қалалық ортаны өзгерту жолымен қоғамдық кеңістіктерді дамыту**

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Жаңа тәсілмен жабдықталған қоғамдық кеңістіктердің саны, бірлік | Ведомст. деректер | – | – | – | 10 | 30 | 40 | 50 | СҚҚБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Қалалық орта объектілерін үйлесімді аумақтық-кеңістіктік орналастыруды қамтамасыз ету Астана қаласының Бас жоспары шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл аспект бойынша қалалық брендинг элементтерімен функционалдық аймақтау, халықтың орналасу және өндірістік күшщтердің жайғасу жүйесі, өндірістік, инженерлік, көліктік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымды, көліктік-логистикалық кешенді дамыту, аумақтарды қауіпті техногендік және табиғи үдерістерден инженерлік қорғау, аумақтардың экологиялық жағдайын жақсарту және қоршаған ортаны құру бойынша негізделген ұсыныстар кешенін әзірлеу қарастырылды.

Астана қаласының Бас жоспарына сәйкес жаңа аудандар құрылды, оларда жаңа әкімшілік орталықтағы тұрғын үй кешендері, Мыңжылдық аллеясы, Орынбор, Тұран даңғылдары, Қорғалжын тасжолы, ЭКСПО-2017 көрме кешені ауданы, «Жағалау», «Саранда» тұрғын аудандары, FamilyVillage коттедж қалашығы тәрізді елордаға қайталанбас заманауи архитектуралық бейне беретін объектілер серпінді салынып жатыр, сондай-ақ қаланың ескі бөлігі кешенді реконструкцияланууда.

ЭКСПО-2017 өткізуге дайындық шеңберінде «Абу-Даби Плаза» көпсалалы кешені, Мыңжылдық аллеясы, жаңа темір жол вокзалы, интеллектуалды көлік жүйесі және т.б. ірі жобалар іске асырылады.

Ғалами қалалардың даму тәжірибесінің негізінде Ұлт жоспарының есебімен бұдан арғы перспективалардың және оларды іске асырудың кешенді көрінісі пысықталды.

Халықаралық тәжірибені бейімдеу мақсатында «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС құрамында Урбанистика орталығы құрылды, оның міндеттеріне

елорда проблемаларын зерттеу және оларды шешу бойынша барынша оңтайлы жолдар іздестіру кіреді.

Қаланың перспективалы дамуы экологиялық таза технологиялармен және даниялық сәулетші және ландшафтық дизайн жөніндегі маман Ян Гейлдің идеясының негізінде үйлесімді жайластырумен өзара байланыста қаралады.

Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану географиялық ерекшелікетердің және халықтың қажеттіліктерінің есебімен теңгерімді аумақтық дамуды қамтамасыз етеді.

50 қоғамдық кеңістіктерді – көшелерді, алаңдарды, саябақтарды – қалалық өмірдің жаңа орталықтарына кезең-кезеңімен айналдыру; жаяу жүретін және велосипед инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде ашық халықаралық конкурстар өткізу және қаланы дамыту жобаларын әзірлеуге және іске асыруға жетекші сәулетшілерді тарту жоспарланады. Барлық 129 секторда 32 әлеуметтік игіліктердің қолжетімділігіне кезең-кезеңімен қол жеткізу, жаңа қалалық орталықтарды дамыту және инфрақұрылымның сапасын арттыру есебінен депрессивтік аудандарды сауықтыру.

Бұдан басқа, қала тұрғындарының өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ Астананы ғалами қала ретінде дамыту мақсатында Шебер жоспар әзірленетін болады, ол өмір сүру және қызмет көрсету бойынша жоғары сапа стандарттары бар, білікті адами капитал үшін тартымды, Еуразия макроөңірінің іскерлік және инновациялық хабы болып табылатын қаланы құруды көздейді.

Халықпен тиімді кері байланыс ретінде қаланы абаттандырудағы кемшіліктер туралы халыққа хабарлайтын «Біздің қала» атты сайт және қосымша іске қосылады.

Жуық арада 2020 жылға дейінгі кезеңде Астана агломерациясының өзегі ретінде елорданы дамыту бойынша бірінші кезекті шаралар кешені іске асырылады.

Астана агломерациясын дамытудың әзірленіп жатқан ұзақ мерзімді жоспары шеңберінде қаланың шет жақтарын және оның маңындағы агломерациялық аумақтарды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешені қарастырылады.

Астана қаласында нақты объектілерді жобалау және салудан басқа елорданың архитектуралық бейінін құрайтын басымды аудандарда құрылыс салу тұжырымдамалары әзірленіп, іске асырылуда.

Жоспарлы кезеңде Мыңжылдық аллеясынан шығыс бағытқа қарай қоғамдық-тұрғын үй кешендері, мәдениет, білім, денсаулық сақтау объектілері, саябақтар, гүлзарлар, сондай-ақ Этноауыл, жаңа темір жол вокзалы тәрізді бірегей объектілер салынады.

«Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық кешенінен батыс бағытта қоғамдық-тұрғын үй кешендері, әлеуметтік-мәдени инфрақұрылым объектілері салынады. Инженерлік және көлік инфрақұрылымы тисіті түрде дамиды.

Қабанбай батыр даңғылы бойынша әуежай жағынан Астана қаласына кіру көшелерінің бірі – Мәңгілік елі көшесінде құрылыс салу тұжырымдамасы бекітіліп, іске асырылуда, бұнда биік ғимараттар салынатын болады.

Үздік қалалардың әлемдік тәжірибесін талдай келе, аталған көшеде құрылыс салуды халық шеруі және әртүрлі іс-шараларды мерекелеу үшін кең даңғыл түрінде, даңғылдың ең басты тораптарының бірі – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған «Салтанатты қақпа» алаңын бөлумен, шешу ұсынылады. Даңғылда Мәңгілік Ел көшесінің бойында ырғақты ерекшеленетін биік ансамбльдермен 7 қабатты тұрғын үйлер және қоғамдық сипаттағы ғимараттар салу көзделеді. Мәңгілік Ел көшесінің бойындағы ғимараттардың төменгі қабаттары халыққа қызмет көрсету (оның ішінде шағын және орта бизнес) объектілері ретінде қарастырылады. Мәңгілік Ел көшесіне шығатын барлық орамдар бойынша жасыл курданерлер (субұрқақтарымен, гүлзарлармен, сәндік-монументтік өнер объектілерімен безендірілген қоғамдық мақсаттағы мини-алаңдар) орналастырылады, олар орамаішілік кеңістіктерді, балабақшаларды, мектептерді Мәңгілік Елмен байланыстырады.

**3-мақсат. Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру**

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индексі, % | Стат. деректер | 136,4 | 114,5 | 108,0 | 103,0 | 101,0 | 101,2 | 102,5 | ҚБ |
| 2. | Пайдалануға енгізілген тұрғын үй ғимараттарының жалпы ауданы, ш.м. | Стат. деректер | 1206,4 | 1758,8 | 2000,0 | 2100,0 | 1308,6 | 1325,9 | 1344,0 | ҚБ |
| 3. | Халықтың баспанамен қамтамасыз етілуі, бір адамға шаққандағы $м^2$ | Стат. деректер | 23,0 | 29 | 28,5 | 29,0 | 30,0 | 31,0 | 32,0 | ҚБ, ТҮБ, СҚҚБ |
| 4. | Тұрғын үй құрылыс жинақтар жүйесі арқылы пайдалануғаенгізілген тұрғын үйдің көлемі, ш.м. | Ведомст. деректер | 56,4 | 30,5 | 24,7 | 35,2 | 53,3 | 52,6 | 12,5 | ҚБ |
| 5. | «2020 жылға дейін өңірлерді дамыту» бағдарламасы бағдарламасы шеңберінде кезекшілер мен жас отбасылар үшін баспана салу, мың ш.м. | Ведомст. деректер | 29,0 | 40,9 | 16,5 | 22,9 | 26,5 | 13,5 | 10,0 | ҚБ |
| 6. | «Бәйтерек Девелопмент» АҚ қаражат қарызға алу есебінен енгізілген тұрғын үйдің ауданы | Ве-домст. деректер | | | | 31,9 | 21,2 | 35,9 | 25,4 | ҚБ |
| 7. | 2015 жылғы деңгейге әлеуметтік баспана алуға мұқтаж адамдардың санын төмендету, % | Ве-домст. деректер | | | | 10,0 | 25,0 | 40,0 | 50,0 | ТҮБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Тұрғын үй құрылысын дамыту мәселелерін кешенді шешу мақсатында төмендегіні қамтамасыз ету қарастырылды:

Бас жоспарларға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына және ережелереге сәйкес әзірленген жер учаскелерін бөлу;

Елді мекендерде құрылыс салу;

Жоспарланған құрылыс салу учаскелеріне жылумен, сумен, газбен және электрмен қамтудың инженерлік желілерін қамтитын инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, телефонизация, су бұру желілерін (канализация), инженерлік желілерді жеткізу;

Құрылысты индустрияландыру, бұл құрылыс жұмыстарының көлемін арттыруға және мерзімдерін азайтуға, озат технологияларды қолдану негізінде өзіндік құнның төмендеуіне мүмкіндік береді.

Өңірлер бағдарламасы шеңберінде мына бағыттар бойынша: жас отбасылар үшін баспана, жергілікті атқарушы органдардың кезекшілері, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ желісі бойынша халықтың барлық санаттары үшін, апаттық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жоба шеңберінде, сондай-ақ кәсіпорындардың қарыз және жеке қаражаты есебінен тұрғын үй салынады.

2016-2020 жылдары қаржыландырудың барлық көздері есебінен 8,0 млн. ш.м. тұрғын үйді пайдалануға енгізу жоспарланады, оның ішінде «Елорда даму» ЖШС апаттық үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жоба шеңберінде жалпы ауданы 390 мың ш.м. 16 тұрғын үй кешендерін пайдалануға енгізу көзделеді.

2017 жылдан бастап Нұрлы жер ұрғын үй құрылысының бірыңғай бағдарламасын іске асыру басталады. Негізгі мақсаты азаматтарға дайындалған инженерлік инфрақұрылымы бар жер учаскелерін беру жолымен жеке тұрғын үй құрылысын дамыту болып табылады. Бұл бағдарлама бойынша азаматтар қолжетімді баға бойынша тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін алады.

Тұрғын үй қатынастары саласында қабылданған шаралар төмендегіге бағытталады:

- ұсынылатын әлеуметтік тұрғын үйді жекешелендіру құқығын шектеу;
- пәтер алу бойынша балама түрінде ақшалай өтемақы ұсыну (субсидиялар, тұрғын үй сертификаттары) (санаты, тұрғын үйді күту мерзіміне және т.б. байланысты бөлумен);
- әлеуметтік тұрғын үй алу үшін талаптарды қатаңдату (жеңілдікті санаттар тізбесін қысқарту, талаптарды қатаңдату);
- әлеуметтік тұрғын үйдің құнын төмендету – шағын пәтерлер ұсыну, оның іішнде әртүрлі санаттар үшін тұрғын үймен қамтамасыз етілу нормативтерін саралау;
- қолайлы отбасылық өмір сүру және демалу үшін қалалық және әлеуметтік инфрақұрылымды халықаралық деңгейге дейін дамыту.

**4-мақсат. Көлік инфрақұрылымын дамыту**

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салу және қайта жаңарту, км | Ведомст. деректер | 45,92 | 21,8 | 25,49 | 24,6 | 24,6 | 22,9 | 22,8 | АЖБ |
| 2. | Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу, км | Ведомс. деректер | 52,36 | 36,3 | 42,0 | 16,0 | 18,0 | 20,0 | 24,0 | АЖБ |

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 3. | Жолаушылар айналымының мөлшері, пкм | Стат. деректер | 18001,5 | 20034,4 | 20226,5 | 25283,1 | 22754,8 | 24120,1 | 25687,9 | ЖКБ |
| 4. | Қоғамдық көлікті пайдаланатын халықтың саны, % | Ведомс. деректер | | | 33,0 | 36,0 | 39,0 | 42,0 | 45,0 | ЖКБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту және көліктік жүктемені төмендету үшін әкімдіктің негізгі жұмыс бағыттары мынадай:

Негізгі көлік артерияларының жіберу мүмкіндігін ұлғайту;

Басқару жүйесін және автокөліктің, оның ішінде қоғамдық көліктің жалпы қозғалыс кестесін жетілдіру;

Тұрақ орындарының әлеуетін кеңейту;

Жаяу жүрушілер мен велосипедшілер үшін қолайлы жағдай жасау;

Әртүрлі көлік түрлерін бірыңғай мультимодальдық логистикалық жүйеге біріктіру.

Астана қаласы «Орталық-Шығыс», «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Батыс» өңіраралық автожолдар желісінің жобаларын іске асыру есебінен барлық макроөңірлерді байланыстыратын Солтүстік макроөңірдің хабына айналады.

Бұл үшін жаңа темір жол вокзалын және автовокзал, қосымша әуежай терминалын, республикалық маңызы бар жолдар (Батыс Қытай – Батыс Европа, Астана-Алматы, Алматы-Ақтөбе-Атырау, Астана-Өскемен) салу, қоғамдық көліктің балама түрін дамыту (LRT жобасы) қарастырылды.

ЭКСПО-2017 өткізуге дайындық шеңберінде ҚР Қытай Халық Республикасымен халықаралық ынтымақтастық негзінде әкімдік балама жеңіл рельсті көлік жобасын (бұдан әрі - LRT) іске қосады, ұзақтығы 22,4 км құрайтын бірінші кезегі көрме павильонын және әуежайды байланыстырады. Жерүсті көлік болып табылатын LRT жобасы қолданыстағы көлік жүйесіне үйлесімді қосылады және «сол жағалау – әуежай» негізгі бағытынан жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бұл метродағы күн сайынғы ағын шамамен 83 мың адамды құрайды деп болжанады.

Халық санының жыл сайынғы өсіміне байланысты, сондай-ақ ЭКСПО-2017 өткізудің есебімен МЖӘ тетігін қолданумен жеке инвесторлардың қаражатын тарту арқылы жалпы сыйымдылығы 5 340 машинаорынды құрайтын 10 паркинг салынады. Қаланың кіреберіс магистральдарында әрқайсысы сөткесінде 4500 жолаушы қабылдайтын 2 жаңа автовокзал ашылады.

Автобус көлігінің ыңғайлылығын арттыру, жылжымалы құрамды, аялдама павильондарын жаңартуды, бөлінген жолақтарды жайластыруды және таксидің қызмет көрсету деңгейінің артуын есепке ала отырып, арнайы инфрақұрылым құру есебінен қоғамдық көлігінің үлесін 33-тен 45 пайызға дейін ұлғайту жоспарланады.

2017 жылға қарай бұл мақсатта төмендегі қарастырылатын болады:

Жолақыны электронды түрде төлеу жүйесін енгізу;

Диспетчеризациялау жүйесін жаңғырту;
Бағдар желісін оңтайландыру;
Экспресс бағдарларын құру;
Көлік саласы қызметкерлерін қайта оқыту;
Автобус паркін жаңарту;
Жабық үлгідегі аялдама павильондарын орнату.

Елорданың көлік инфрақұрылымын жаңғырту шеңберінде жылытылған бокстарды, автожууды, жөндеу аймақтарын және жанармай құю станцияларын қамтитын 150 қалалық автобусты жайластыру және оларға қызмет көрсету үшін автобус паркі салынады.

Елорданың жолаушылар көлігін жаңғыртудың кешенді жоспарына сәйкес қалалық автобустардың жылжымалы паркін жаңарту көзделеді. Едені төмен дизельді автобустар сатып алуды шамамен 65 млн. евро сомасында қаржыландыру Еуропа Қайта Құру және Жаңғырту банкімен қол қойылған келісім шеңберінде жүзеге асырылады, оған сәйкес қарыз әкімдіктің 20 % ортақ қаржыландыруымен мемлекеттің қаржылық кепілдік беруінсіз ұсынылады.

Ескірген және нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды кезең-кезеңімен ауыстыру, сондай-ақ сапалы және тиімді сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастыру, жүргізушелірдің дағдыларын арттырудың арнайы бағдарламаларын әзірлеу және енгізу есебінен қоғамдық көліктің сапасын және қызметтерінің ыңғайлылығын арттыру қатамасыз етіледі.

2020 жылға қарай 120 км-дан артық жаңа жолдар салынады, Шағын айналма жол жобасы, оңға бұрылу құламаларын салу жолымен проблемалы қиылыстарды қайта жаңарту, бағдаршам объектілерінің желісін кеңейту, автоматты түрде реттелетін интеллектуалды көлік жүйесі аяқталады.

Бұдан басқа, 2020 жылға қарай бағдаршам объектілерінің автоматты түрде қызмет етуі режимінде көлік ағынын реттейтін «Интеллектуалды көлік жүйесі» жобасының (ITS) 3-кезеңін енгізуді аяқтау жоспарланады.

## 5-мақсат. Халықты қолжетімді коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету үшін ТҮКШ саласы кәсіпорындарының өнімділігін ұлғайту

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Қалада: | | | | | | | | | |
| 1.1 | Орталықтандырылған сумен қамту жүйесімен қамтылған халықтың үлесі, % | Ведомс. деректер | 93,8 | 94,0 | 94,0 | 94,5 | 94,9 | 95,3 | 95,7 | КШБ |
| 1.2 | Орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтылған халықтың үлесі, % | | 88,9 | 89,5 | 90,0 | 90,5 | 90,8 | 91,0 | 91,5 | |
| 2. | Жылумен қамту қызметтерімен қамтамасыз етілу деңгейінің ұлғаюы, % | Ведомс. деректер | 89,0 | 90,5 | 91,0 | 92,5 | 93,0 | 94,0 | 95,0 | ЭБ |
| 3. | Жалпы ұзақтықтан жаңғыртылған желілердің үлесі: | Ведомс. деректер | | | | | | | | |
| | 3.1 жылумен жабдықтау | Ведомс. | 3,2 | 4,5 | 2,2 | 2,2 | 1,2 | 1,3 | 0,8 | ЭБ |

| р/б № | Индикатордың атауы | | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| | 3.2 | сумен қамтамасыз ету | данные | 1,3 | 1,4 | 1,5 | 1,5 | 1,5 | 1,5 | 1,5 | КШБ |
| | 3.3 | су бұру | | 0,6 | 0,8 | 0,6 | 0,6 | 0,6 | 0,6 | 0,6 | КШБ |
| | 3.4 | газбен жабдықтау | | | | | | | | | КШБ |
| | 3.5 | электрмен жабдықтау | | 0,4 | 0,5 | 1,1 | 0,7 | 0,5 | 0,5 | 0,4 | ЭБ |
| 3-1 | 2015 жылғы деңгейге 100 км электржелісінің санын төмендету, % | | Ведомс. деректер | | | 4,0 | 8,0 | 12,0 | 16,0 | 20,0 | ЭБ |
| 3-2 | Тораптағы ысырапты төмендету: | | Ведомс. деректер | | | | | | | | |
| | 3-2.1 | жылумен жабдықтау | | | | 3,0 | 5,0 | 7,0 | 10,0 | 12,0 | ЭБ |
| | 3-2.2 | электрмен жабдықтау | | | | 2,0 | 4,0 | 6,0 | 8,0 | 10,0 | ЭБ |
| | 3-2.3 | сумен қамтамасыз ету | | | | 2,0 | 4,0 | 6,0 | 8,0 | 10,0 | КШБ |
| 4. | апаттық жағдайдағы кондоминиум объектілеріінң саны, % | | Ведомс.. деректер | 8,4 | 8,0 | 7,6 | 6,9 | 5,7 | 4,8 | 3,8 | ТҮБ, ТҮИБ |
| 5. | күрделі жөндеуді қажетсінетін кондоминиум объектілерінің үлесін төмендету | | Ведомс.. деректер | 15,9 | 14,6 | 14,3 | 13,8 | 13,3 | 12,9 | 12,4 | ТҮИБ |
| 6. | жөндеуді қажетсінетін аула аумақтарының үлесін төмендету, % | | Ведомс.. деректер | 23,3 | 18,7 | 14,7 | 12,9 | 10,8 | 8,8 | 6,8 | «Алматы» «Есіл» «Сарыарқа» аудандары әкімдерінің аппараттары |
| 7. | 2013 жылмен салыстырғанда 2002 жылға қарай ішкі өңірлік өнімнің энергия жұмсалуын10% төмендету (2000 жылғы бағада мың АҚШ долларына шаққанда 0,06 тнэ на тыс.долларов) | | стат. деректер дің негізінде гі есептеме лер | 0,06 | 0,059 | 0,058 | 0,057 | 0,056 | 0,055 | 0,054 | ЭБ, ББӘ |
| 8. | Өндірілген электр энергиясының жалпы мөлшерінде жаңартылатын энергия көздерінің үлесі, % | | Ведомс. деректер | – | – | – | – | – | – | – | ЭБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Қойылған мақсатқа жетудің негізгі басымдықтары:

- қаланың игеріліп жатқан аудандарын коммуналдық желілермен қамтамасыз етуге жобалық тәсіл енгізу;

- тарифтерді тиімді реттей отырып, коммуналдық қызметтер үшін төлемді төмендету және қаржылық тұрақтылықты арттыру;

- заманауи технологияларды қолдану, оның ішінде энергия үнемдеудің негізінде (жылумен қамту жүйесінің параметрлерін реттеуді автоматтандыру) жүйенің сенімділігін арттырады және қызметтер үшін төлемді төмендетеді;

- ЖЭО-3, 4 және 5 енгізілім ЖЭО пайдалануға беру есебінен инженерлік инфрақұрылымның қолжетімділігі мен сенімділігін арттыру;

- ведомстволық электр желілерін қалалық меншікке беру есебінен электр желілерінің апаттылығын 20 % төмендету;

- қаланың орталығын нөсер арнасы желісімен толық жабдықтау.

Қаланы электрмен және жылумен қамтудың сенімділігін арттыру, халықты ауыз суымен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету мақсатында энергетика және коммуналдық шаруашылық объектілерін жаңғырту және дамыту обалары іске асырылады.

Бұл үшін 2016-2018 жылдары ЖЭО-1 қайта жаңарту және ЖЭО-2 кеңейту жұмыстары аяқталады. Жаңа қазандық және құбыр агрегаттарын пайдалануға енгізу есебінен ЖЭО-1 қуаттылықтың өсуі сағатына 35 Гкал., ЖЭО-2 жылу қуаттылықтың сағ. 400 Гкал. және электр қуаттылығының сағ. 120 МВт. құрайды.

Энергияны үнемдеуге, жылу көздерінде басқару үдерістерінің автоматтандырылу деңгейін арттыруға, негізгі жабдықты пайдалану мерзімін ұлғайтуға мүмкіндік беретін әртүрлі қосалқы жабдық орналастыру қарастырылды.

Осы кезеңде қуаттылығы сағ. 480 Гкал. құрайтын су жылыту қазандығын, темір жол станциясын, сыртқы инженерлік желілерді, отын беру, суды даярлау объектілерін, әкімшілік ғимараттарды қамтитын ЖЭО-3 1 кезегінің құрылысы аяқталады.

Қаланың шет жақтарының инфрақұрылымын дамыту электр және тарату қосалқы станцияларының желісін, жылу магистральдарының, кабельдік және жоғары вольтты электр беру желілерінің, халықты коммуналдық қызметтерге орталықтандырылған жүйемен қамту үлесін ұлғайта отырып, иенженерлік желілер мен нөсер арнасын кеңейтуге мүмкіндік тудырады.

«Жасыл экономикаға» ауысу және энергияның балама түрлерін дамыту бойынша тұжырымдамаға сәйкес 2018 жылға қарай қалада инвесторлардың қаражаты есебінен 100 га аумағында қуаттылығы 50 МВт күн электрстанциясы салынады, ол сағ. 60 млн. кВт электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

2018 жылы коммуналдық шаруашылық саласында өнімділігі 200 мың м$^3$ қолданыстағы сорғыш-тазалау станциясын қайта жаңарту және сөткесіне 150 мың м$^3$ жаңасын салу жоспарланды. Жаңғырту бойынша іс-шаралар су құбыры және нөсер арнасы желілері қамтылады. Тазалау құрылыстарының инфрақұұрылымын дамыту шеңберінде өнімділікті сөткесіне 136-дан 254 мың м$^3$ ұлғайта отырып, «Талдыкөл» ағынды сулар жинағышын жою жобасының іске асырылуы аяқталады.

2019-2020 жылдары бас корпусты салумен және екі энергия блоктарын орнатумен сағ. 380 Гкал. жылу энергиясы және 240 МВт электр қуатымен ЖЭО-2 құрылысының 2 кезегін аяқтау қарастырылады.

Осылайша, қаланың энергетикалық кешенін кеңейту келешекте 2020 жылға қарай жылу энергиясын 3 500 Гкал. және электр қуатын 792 МВт дейін өндіруге мүмкіндік береді. Бұл тыныс-тіршілік жүйесінің халық санының өсуімен байланысты пайда болған, жылында шамамен 8-10 % құрайтын жүктемесін өтеуге мүмкіндік тудырады. Озат техникалық шешімдерді қолдану әуеге зиянды лақтырылымды төмендетеді.

2015 жылы қайта жаңартуды қажетсінетін электр желілерінің ұзықтығы 20,5 км құрайтынын ескере отырып және өсіп жатқан жүктеменің және тозуының есебімен 2018 жылға қарай ол 31 км дейін ұлаюы мүмкін. Жобаланған объектілер

бойынша уақтылы және толық қаржыландыру шартымен қажеттілік жабылатын болады.

Шығынды 8-10 % төмендетуді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ өндірістік және қосалқы үдерістерді автоматтандыру үшін ақпараттық технологиялар қолданылатын болады. Бұл шаралар жөндеуге арналған шығыстар баптарын оңтайландырады және озат техникалық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Сумен қамту және су бұру бойынша жылына шамамен 20-25 км желілерді қамтумен инвестициялық жобаларды іске асыру 2018 жылға қарай құбырлардың тозуын 15 % немесе 225 км төмендетуге ықпал етеді. Канализация жүйесі шамамен 138 км тозған желілерді қамтиды, олардың ішінде жыл сайын жөндеумен орташа есеппен шамамен 40 км қамту көзделеді. Осының есебінен 2018 жылға қарай тозу деңгейі 10 % немесе 124 км қысқарады.

Өңірлер бағдарламасы шеңберінде жыл сайын күрделі жөндеумен орташа есеппен 10-12 көппәтерлі тұрғын үйлерді қамту көзделеді. 2020 жылға дейін 120-дан астам апаттық объект бұзылады. Осының есебімен нормативтік пайдаланумен қамтылған кондоминиум объектілеріің үлесі 2014 жылғы 75,7%-дан 2020 жылға қарай 83 %-ға дейін ұлғайтылады.

ҚР 2009 жылы ратификациялаған БҰҰ Рамалық конвенцияның Киоттық хаттамасына және Қазақстанның өзіне қабылдаған міндеттемелерге сәйкес жылу, электр энергиясын тиімді пайдадану жылыжай газының төмендеуіне ықпал етеді. Жаңғыртылған көпқабатты тұрғын үйлердің жылуды тұтынуын азайту келешекте қаланың жылу-энергия орталығына жүктемені төмендетеді, бұл жаңадан салынып жатқан ғимараттар мен құрылыстар үшін қуаттылықтарды кеңейтуде үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бұл бағытты іске асыру үшігн кондоминиум оьбъектілеріне мониторинг өткізу, техникалық зерттеуді және энергия аудитін ұйымдастыру, тұрғын үй қорының иелерін және қызмет көрсетуші компаниялардың басшыларын Өңірлер бағдарламасына қатысуға тарту, энергия үнемдеудің негізгі қағидаттарын насихаттау, жөндеу жұмыстарын өткізу барысына бақылау және пәтер иелерінен қаражатты қайтару бойынша шаралар кешені қарастырылды.

Азаматтардық тіршілік қызметі үшін қолайлы жағдай жасау үшін ерекше назар ішкіорамдық және аула аумақтарын жинауға, оларды абаттандыруға және көгалдандыруға ерекше назар аударылады.

Орташа мерзімде жөндеуді қажетсінетін аула аумақтарының үлесін 6,8 % төмендету жоспарланады, қала аумағының 70 млн. ш.м. көгалдандырылады, оның ішінде газондармен 40,9 млн. ш.м., гүлзарлармен және саябақтармен 29,3 млн. ш.м. қамтылады.

Әкімдік энергия үнемдеу секторын дамытуды және энергия үнемдеуші технологияларды енгізу жұмысын жалғастыруды жоспарлайды. Мысалы, жылудың ысырабын қысқарту үшін оқшауланған құбырлардан жылу магистральдарын салу тәжірибесі жалғастырылып жатыр.

Өнеркәсіпте, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта, көлік секторында және басқа да салаларда энергиялық тиімді саясатты іске асыру мақсатында 2015-2020 жылдарға арналған қаланың энергия үнемдеу жөніндегі кешенді жоспары әзірленіп жатыр.

Электр энергетикасында нормативтен артық шығынды қысқартуға ерекше назар аударылады. 2017 жылға қарай ЭКЕАЖ (электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі) енгізу энергия үнемдеу бойынша маңызды фактор борлып табылады, сондай-ақ электр энергиясы шығысын коммерциялық есепке алуды бақылауды жеңілдетеді.

Замианауи технологияларды пайдалану энергия үнемдеу бойынша кешенді жоспардың бөлігі болып табылады. Оның тиімділігін арттыру үшін әкімдік «Астанаэнергосерсив» АҚ-мен бірлесіп энергия үнемдеуші технологиялар саласындағы соңғы жетістіктерге мониторингті жүзеге асырады.

Энергия үнемдеуші қызмет өнеркәсіп кәсіпорындарын, тұрғын үй және бюджет саласы ғимараттарын салу кезінде де жүзеге асырылады, олар бойынша жобаларда міндетті түрде энергия үнемдеуші құралдарды, техгнологияларды, материалдар мен құрылыс констуркцияларын орнату көзделеді.

Аса ірі жоба қаланың жылумен қамту жүйесінде іске асырылуда, оны пайдалануды жылу энергиясын жіберудің бақылау және есепке алу бойынша жылу үдерістерін оперативтік-диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесін әзірлейтін және енгізетін «Астана-Жылу транзиті» АҚ орындайды, ол 2016-2017 жылдары тұрғын үй, бюджетік және өнеркәсіп объектілерінде санитарлық-гигиеналық ыңғайлылықты, жылумен қамтудың сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

## 5-бағыт. Қолайлы экологиялық орта қаласы

### 1-мақсат. Таза қоршаған ортаны сақтау

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Нормативтік ластаушы заттардың мөлшері | | | | | | | | | ТРТПРБ |
| 1.1. | атмосфералық ауаға шығарылымдардың, мың тонна | Ведом. деректер | 61 | 91,1 | 125,1 | 132,3 | 135,0 | 135,0 | 135,0 | |
| 1.2 | су объектілеріне шығарылымдардың, мың тонна | | 40 | 14,4 | 170,0 | 180,0 | 180,0 | 180,0 | 180,0 | |
| 2. | Қатты тұрмыстық қалдықтарды жоюдың үлесі, % | Ведом. деректер | 9,2 | 5,0 | 5,0 | 5,2 | 15,0 | 30,0 | 50,0 | ТРТПРБ |
| 3. | Халықты қалдықтарды жинау және жүктеу қызметтерімен қамту, % | Ведом деректер | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | ТРТПРБ |
| 4. | Экологиялық талаптарға және санитарлық ережелерге сәйкес келетін қатты тұрмыстық қалдықтардың үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан), % | Ведом. деректер | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | ТРТПРБ |
| 5. | Елорданың бір тұрғынына шаққанда | Ведомс. деректер | 12,7 | 15,0 | 15,2 | 15,8 | 16,1 | 16,5 | 18,0 | ТРТПРБ, Алматы» |

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауапты лар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| | жасы желектердің ауданын ұлғайту, м2 | | | | | | | | | «Есіл» «Сарыарқа» аудандары әкімдерінің аппараттары |
| 6. | «Жасыл белдеу» аумағында отырғызылған желектердің саны, мың бірлік | Ве-домст. деректер | | | 200,0 | 200,0 | 200,0 | 200,0 | 200,0 | ТРТПРБ |
| 7. | Ауаның ластану индексі ИЗА$_5$ | Ве-домст. деректер | | | 5,0 | 5,0 | 5,0 | 5,0 | 5,0 | ТРТПРБ |

## Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Қойылған мақсатқа жетудің негізгі басымдықтары:

- әуенің, судың сапасын мониторингілеудің автоматтандырылған станциялар желісін кеңейту және нығайту; экологияның жай-күйіне кешенді мониторинг және бағалау жүйесін құру;
- ЖЭО шығып жатқан газдардың жану және тазалану жүйесін жетілдіру;
- қалалық көлікті – автобустарды, коммуналдық техналы газмоторлық емес отынға көшіру;
- қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жүйесін дамыту;
- рұқсат етілмеген жерлерде қоқыс үйіндісін анықтау үшін заманауи техгнологиялар пайдалану (о.і. СКОЖ), кінәлі адамдарды анықтау;
- «жасыл белдеуді» дамыту, «жасыл егіс» құру;
- орталықтандырылған жылумен қамту жүйесі жоқ жерлерде отын ретінде сұйлтылған табиғи газды қолдану;
- қалалық өзендер бойынша жағаларды нығайту және түбтерін тереңдету жұмыстарын өткізу.

Табиғи ресрустарды тиімді пайдалану, сондай-ақ елордада экологиялық жағдайды тұрақтандыру және жақсарту мақсатында Астана қаласын заманауи «жасыл мегаполис» ретінде ұсынуға бағдарланған жүйелік сипаттағы кешенді іс-шаралар қарастырылды.

«Жасыл белдеудің» орман жолақтары ұзақ мерзімді қылқан жапырақты ағаштарымен толық құнды орман алаптарына айналады, олардың негізінде жасанды бірегей экожүйе дамитын болады. Биологиялық әртүрлілікті ұлғайту жұмыстарын өткізу шеңберінде әртүрлі өнімділігі жоғары орман дақылдары, көпжылғы шөптер отырғызылады, жекелеген құстардың түрлері табиғи ортаға жіберілетін болады.

Жасыл желектерді қорғау және сақтау жөніндегі шаралар кешені мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

Қатар арасында және ықтырма арасындағы кеңістіктерді механикаландырылған өңдеу;

Стационарлық суару жүйелерін енгізу;

Қар тоқтату;

Зиянкестерден, аурулардан кеміргіштерден химиялық өңдеу;

Орманды өрттен, кесуден қорғау;

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ өртке қарсы жолақтарды жырту және дискілеу;

Өрт сөндіру-химиялық станцияларын салу.

Жұмыстың жеке басымды бағыты ретінде елорданың айналасындағы «жасыл белдеу» аумағында рекреациялық аймақтар құру белгіленді, оның шеңберінде МЖӘ тетігін негізінде белсенді демалыс тың орман-саябақ аймақтарын салу бойынша жобаны іске асыру үшін инвесторлар тарту көзделеді. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен саябақтар мен гүлзарлар, субұрқақ кешендері мен аллеялар желісін кеңейту жоспарланады. Бурабай курорттық аймағының тәжірибесін ескерумен, жол-жалғыз аяқ жол желісін құру, тамақтану және қызмет көрсету қызметтері үшін шағын және орта бизнесті тарта отырып, қысқы демалысты ұйымдастыру, спорт пен демалыстың дәстүрлі түрлерін дамыту көзделеді.

Астана қаласының Бас жоспарында Елбасының тапсырмаларын орындау және елорданың айналасында үздіксіз жасанды «жасыл белдеуді» құру және оны Щучье-Бурабай курорттық аймағының табиғи аймақтарымен біріктіру жұмыстарын жалғастыру бойынша жобалық шешімдер қарастырылды.

Астана қаласындағы жасыл желектердң алаңы – 1072 га, 2020 жылға дейін бұл аумақтар 1531 га ауданын құрайды.

Қоршаған ортаға кері антропогендік әсерді төмендету бойынша атмосфераға және су объектілеріне залалды шығаруларды қысқартуды, табиғатты қорғау іс-шараларын, ақпараттық-түсіндіру және насихаттау сипатындағы экологиялық акцияларды өткізуді қамтитын іс-шаралар кешені іске асырылады.

Бұл үшін жылыжай газдарының шығарылуын төмендету мақсатында Ғалами экологиялық қордың халықаралық кеңесшілерінің ұсынымдарына сәйкес көмірмен жылыту жүйесін газбен жылытуға ауысу есебінен жеке сектор үйлерін газдандыру бойынша жоба қарастырылды. Елорданың коммуналдық шаруашылығының шамамен 3 мың автомашинасы газмоторлық отынға көшіріледі.

Еліс өзені алабының экологиялық ортасын қолдауға төмендегі әрекет етеді:

- арнасын тазалау және гидрохимиялық мониторинг;
- түбін тереңдету және жағасын нығайту жұмыстарын өткізу;
- Вячеславка және Қоянды су қоймаларында табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру.

Келешекте сумен жабдықтаудың балама көздерін – елорданың шектес аудандарында жерасты сулар кен орындарын пайдалану мүмкіндігі бар.

Қоқысты қайта өңдеу саласын жаңғырту және қайта өңдеу тереңдігін ұлғайту жұмыстарын өткізу шеңберінде заманауи технологияларды енгізумен қалдықтарды басқарудың біріктірілген жүйесін құру көзделеді. Бұл үшін халықаралық кеңесшілерді тарту қарастырылды.

Бұл бағыт бойынша сипаттағы шаралар қарастырылды, оның ішінде:

- аулаларды, көшелер мен жолдарды уақтылы жинау есебінен қалада тазалықты қамтамасыз ету;

- құрамында сынап бар лампалар мен құралдарды жою үшін урналары бар жаңа контейнерлік алаңдар орнату және қолданыстағыларын жөндеу;

- контейнерлік алаңдарда әртүрлі үлгідегі контейнерлердің тиісті инфрақұрылымын құру есебінен тұрғын үй қорында ҚТҚ бөлек жинау жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру;

Күлді жинау жүйесін дамыту.

Органикалық қалдықтарды қайта өңдейтін биогаздық қондырғыларды кешенді пайдалану және жылу және электр энергиясын шығарумен ҚТҚ жағу бойынша жылу электр станцияларының негізінде қайта өңдеу инфрақұрылымын кеңейту есебінен оңтайлы мультипликативтік әсер қамтамасыз етіледі, ол төмендегіні қамтиды:

- елордадағы экологияның жай-күйін жақсарту;
- қалдықтарды қайта өңдеудің тереңдігін ұлғайту;
- қалдықтарды көму мөлшерінің азаюы есебінен ҚТҚ полигондарын салуға және жоюға арналған бюджет қаражатының үнемделуі;
- балама эгнергетиканы дамыту;
- жаңа жұмыс орындарын құру;
- медициналық, электронды, құрылыс және басқа да қалдық түрлерін жоюды ұйымдастыру;

Қоқыс шығаруды ұйымдастыру жөніндегі мамандандырылған техниканың паркін жаңарту.

## 6-бағыт. Қаланы басқару тиімділігін арттыру.

## 1-мақсат. Мемлекеттік құрылымдардың қызмет тиімділігін арттыру жолымен мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен анықтығы

| р/б № | Индикатордың атауы | Көзі | факт | | жоспар | | | | | Жауап тылар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2014 жыл | 2015 жыл | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | |
| 1. | Жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасымен қанағаттану деңгейін арттыру, % | Ведомст. деректер | 84 | 86 | 88 | 90 | 92 | 94 | 96 | ҚӘА |
| 2. | Мемлекеттік қатысуы бар шығынды залалды ұйымдардың үлесін төмендету | Ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін талдау | 4,8 | 4,3 | 3,9 | 3,4 | 2,9 | 2,5 | 2,0 | КММС АБ |

### Қойылған мақсаттарға жету жолдары

Мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту – азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттырудың маңызды аспектісі болып табылады.

Осыған байланысты, әлеуметтік зерттеулер қорытындыларының негізінде ақпараттық-насихаттау жұмысы жандандырылып, бірлескен әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыру мақсатында қоғамдық бірлестіктер тартылады.

2016-2020 жылдары әкімдік халықтың мемлекеттік қызметтер сапасымен қанағаттану деңгейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұсынымдарына сәйкес жыл сайын 2 %-дан кем емес мөлшерге ұлғайту, сондай-ақ мемлекеттік қызметтердің сапасына, қызмет көрсету мерзімінің бұзылуына келіп түскен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына сәйкес мемлекеттік қызметтер тізілімінде көрсетілетін шағындардың санын төмендетуді жоспарлайды.

Қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыруға қызмет көрсету сапасын кешенді бағалауды енгізу, қызметтерді электронды түрде көрсетуге ауысу, денсаулық сақтау, білім, коммуналдық шаруашылық салаларында оларды көрсету тетігінің ашықтығын қамтамасыз ету жолымен жету жоспарланады.

Рейтингтерді құру, «бақылау сатып алу» әдісімен қызметтердің сапасын бағалау бағдарламасын және бағалау қорытындыларын БАҚ-та тұрақты түрде жариялау жоспарын іске асыру, жеткіліксіз регламенттерді әзірлеу, процедураларды оңтайландыру және оларды өткізуге арналған уақытты қысқарту сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыруға түрткі болады.

Жергілікті атқарушы органдардың және Астана қаласы әкімі аппаратының қызмет тиімділігін бағалау қорытындылары көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шаралар жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарының негізінде шағындардың санын төмендетуге, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу санын қысқартуға бағытталған қала әкімдігінің барлық құрылымдарының нақты үйлестірілген жұмысы жүзеге асырылады.

Негізгі үдерістерді оңтайландыру, жобалық басқаруды енгізу, қызметтердің сапасын арттыру және шығынды төмендету үшін жаңа технологиялық шешімдерді қолдануды ынталандыру есебінен әкімдіктің тиімділігі артады.

Қоғамды маңызды және көкейтесті шешімдерді қабылдау үдерісіне тарту мақсатында өзекті мәселелерді көпшілік арасында талқылау, проблемалы аймақтарды анықтау үшін технологиялық платформа құру жоспарланады. Әкімдік қызметінің ашықтығы мен анықтығын қамтамасыз ету Қоғамдық кеңесті белсенді түрде тарту есебінен қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар саласын құру есебімен автоматтандырылған функциялар үлесін ұлғайту көзделеді.

«Интеллектуалды байланыс-орталығы» ақпараттық жүйесін («Астана Innovations» АҚ) құрудың есебімен 2016 жылы оны әкімдіктің ресми интернет-ресурсының «Халық бақылауы» айдарымен біріктіру жоспарланады, бұл барынша тиімді бақылау және халықтың проблемасын шешу үшін бірыңғай талдау жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Елбасы ұсынған Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде әкімдік орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп 2015 жылы өткізілген функционалдық шолудың негізінде жергілікті атқарушы органның штат санын және қызметкерлерінің жүктемесін тиімді қалыптастыруға бағытталған әдістемелік

тәсілдерді әзірлеу жұмысы жалғастырылады. Осының есебімен, қалалық басқарудың тиімді құрылымы құрылады.

Орта мерзімді кезеңде коммуналдық меншікті пайдалану тиімділігін арттыру, олардың қаржылық-шаруашылық қызметіне мониторинг өткізу, бәсекелік ортаға беру процедураларын өткізу бойынша шаралар іске асырылады.

Тиімділікті арттыру шаралары жекешелендіру іс-шараларын, мүлікті алып қоюды, жоюды және қайта таратуды, мүліктік жалдау шарттарының, концессияның, сенімді басқарудың талаптарын сақтау бойынша бақылауды қамтамасыз етуді жүзеге асыруды және басқа да іс-шараларды қарастырады.

Пайдасыз кәсіпорындарды қаржыландыру және қосымша қаражаттың түсуін қамтамасыз ету қажеттілігі бөлігінде жергілікті бюджетке жүктемені қысқарту мақсатында Жекешелендірудің кешенді жоспарының шеңберінде ауқымды жекешелендіру өткізу қарастырылады. Жоспарлы кезеңде ашық аукциондық сауда-саттықтарын өткізу арқылы Астана қаласының коммуналдық меншігінің шамамен 20 объектісі бәсекелік ортаға беріледі.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде пайдасыз кәсіпорындар саны барынша қысқартылады.

Қалалық даму институттарының заманауи жүйесін құру жаңа ведомстволық ұйымдардың жұмысын іске қосуға және қолданыстағылардың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қолданыстағыларды басқаруды оңтайландыруға мүмкіндік береді. 2017 жылы мамандандырылған холдингтер құру, салалық емес функцияларды жою, корпоративтік басқарудың озат стандарттарын енгізу жұмысы басталады. Әкімдік «Астана Innovations» АҚ және «ConventionBureau» ЖШС акциялар пакетін «Astana» ӘКК» ҰК» АҚ беруді жалғастырады.

Жалпы ұйымдарды бәсекелік ортаға беру:

- мемлекеттік үлесті сатудан қаражаттың бюджетке түсуіне;
- кадрларды іріктеуде сапалы тәсіл таңдауға, жекешелендірілген ұйымдар қызметкерлері жалақысының әлеуетті өсуі мүмкіндігімен қызмет көрсету нарығында ұйымды табысты ілгерілетуге;
- ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ұсынылатын қызметтердің сапасын жақсартуға;
- экономикадағы мемлекеттің ролін төмендетуге;
- нарықтық бәсекелестікті дамыту мүмкіндігіне әкеледі;

## 4-БӨЛІМ. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР

млн. теге

| | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | ЖИЫНЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1-бағыт. Заманауи бәсекеге қабілетті қала** | **236 103,7** | **178 843,3** | **196 509,2** | **204 233,5** | **240 539,9** | **1 056 229,6** |
| 1-мақсат. Елорда экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру | 104 932,1 | 34 053,9 | 37 913,1 | 29 246,6 | 32 781,6 | 238 927,3 |
| 2-мақсат. Астананың Еуразияның іскерлік | 131 171,6 | 144 789,4 | 158 596,1 | 174 986,9 | 207 758,3 | 817 302,3 |

| | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | ЖИЫНЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| орталығы ретінде қалыптасуы | | | | | | |
| **2-бағыт. Әлеуметтік-бағдарланған, мәдени және креативті қала** | **186 167,0** | **191 485,6** | **171 814,8** | **175 115,5** | **158 486,0** | **883 068,9** |
| 1-мақсат. Жеке табыстылықты қалыптастыру және тұрғындардың құзыреттілігін дамыту үшін жағдай жасау | 105 682,8 | 122 508,4 | 125 142,7 | 131 819,6 | 111 865,2 | 597 018,7 |
| 2-мақсат. Денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және сау, салауатты өмір салтын насихаттау | 49 830,3 | 42 561,0 | 24 811,7 | 20 910,9 | 22 727,4 | 160 841,3 |
| 3-мақсат. Экономиканың басымды секторларында жалақысы жоғары жұмыс орындарын құруды және халықтың атаулы топтарын әлеуметік қолдаудың сапасын ынталандыру жолымен халықтың әл-ауқатын жақсарту | 8 283,5 | 10 266,7 | 8 947,2 | 9 369,1 | 10 024,9 | 46 891,4 |
| 4-мақсат. Астананы мәдениеттің өңірлік орталығы ретінде дамыту | 22 370,4 | 16 149,5 | 12 913,2 | 13 015,9 | 13 868,5 | 78 317,5 |
| **3-бағыт. Астананы қауіпсіз қалаға айналдыру** | **2 537,7** | **2 638,8** | **1 047,6** | **940,9** | **622,1** | **7 787,1** |
| 1-мақсат. Қаланың тұрғындары мен қонақтары үшін жоғары қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету | 2 537,7 | 2 638,8 | 1 047,6 | 940,9 | 622,1 | 7 787,1 |
| **4- бағыт. Өмір сүру үшін қолайлы қала** | **710 634,8** | **702 201,2** | **572 767,5** | **616 384,9** | **683 583,4** | **3 285 571,8** |
| 1-мақсат. Байланыс пен ақпараттық коммуникациялық технологияларды дамыту | 24 122,9 | 27 534,6 | 30 329,8 | 34 396,1 | 39 012,1 | 155 395,5 |
| 2-мақсат. Қалалық ортаны өзгерту жолымен қоғамдық кеңістіктерді дамыту | 89 130,2 | 101 174,6 | 32 865,6 | 37 868,1 | 42 841,5 | 303 880,0 |
| 3-мақсат. Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру | 213 126,2 | 228 432,8 | 243 111,1 | 263 146,9 | 298 376,2 | 1 246 193,2 |
| 4-мақсат. Көлік инфрақұрыоымын дамыту | 238 694,7 | 237 825,1 | 190 436,2 | 211 581,6 | 227 865,8 | 1 106 403,4 |
| 5-мақсат. Халықты қолжетімді коммуналдық | 145 560,8 | 107 234,1 | 76 024,8 | 69 392,2 | 75 487,8 | 473 699,7 |

| | 2016 жыл | 2017 жыл | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | ЖИЫНЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| қызметтермен қамтамасыз ету үшін ТҮКШ саласы кәсіпорындарының өнімділігін ұлғайту | | | | | | |
| **5-бағыт. Қолайлы экологиялық орта қаласы** | **4 847,9** | **5 150,1** | **2 176,9** | **2 329,3** | **63,4** | **14 567,6** |
| 1-мақсат. Таза қоршаған ортаны сақтау | 4 847,9 | 5 150,1 | 2 176,9 | 2 329,3 | 63,4 | 14 567,6 |
| **6-бағыт. Қаланы басқару тиімділігін арттыру** | **1 051,8** | **758,6** | **331,9** | **348,5** | **5,0** | **2 495,8** |
| 1-мақсат. Мемлекеттік құрылымдардың қызмет тиімділігін арттыру жолымен мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен анықтығы | 1 051,8 | 758,6 | 331,9 | 348,5 | 5,0 | 2 495,8 |
| **ЖИЫНЫ** | **1 141 342,9** | **1 081 077,6** | **944 647,9** | **999 352,6** | **1 083 299,7** | **5 249 720,7** |

* - 2016-2020 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту бағдарламасын қаржыландыру көлемі бюджетті нақтылау бойынша өзгеретін болады

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

АШБ – «Астана қаласының Ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі

АИДБ – «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ББ – «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ДСБ – «Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ДІБ – «Астана қаласының Дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі

АЖБ – «Астана қаласының Автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖКБ – «Астана қаласының Жолаушылар көлігі басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖҚЕжӘҚБ – «Астана қаласының Жұмыспен қамту, еңбек және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖСмжБ – «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі

КӨБ – «Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесі

КШБ – «Астана қаласының Коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ҚӘА – «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ҚБ – «Астана қаласының Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ҚБ – «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ММжҚБ – «Астана қаласының Мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі

МКД - «Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» мемлекеттік мекемесі

СҚҚБ – «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі ІСБ – «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ТДБ – «Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ТДТСБ – «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ТЖД - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

ТМККК - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі

ТРТРБ – «Астана қаласының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ТҮБ - «Астана қаласының Тұрғын үй басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ІІД – «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Астана қаласы Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЭБ – «Астана қаласының Энергетика басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЭБЖБ – «Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ҚХАХ – Қазақстан халқы ассамблеясының хатшылығы

ББӘ – бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

ЖАО – жергілікті атқарушы орган

ІІО – ішкі істер органдары

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы

АҚШ – Америка Құрама штаттары

МТО – мемлекеттік телекоммуникациялар орталығы

ҒЗТКӘ – ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ҰК – ұлттық компания

АҚ – акционерлік қоғам

АБҰ – Автономилық білім ұйымы

АЭА – арнайы экономикалық аймақ

ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім

КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме

АХАТ – азаматтық хал актілерін тіркеу

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйым

ЖОО – жоғары оқы орны

ЖЭО – жылу-энергия орталығы

ОЭК – отын-энергетикалық кешені

ТЭН – техника-экономикалық негіздеме
МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік
РАКАЖ– республикалық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйе
НКИ – нақты көлем индексі
ЖӨӨ – жалпы өңірлік өнім
ЖІӨ– жалпы ішкі өнім
ЖБ – жергілікті бюджет
РБ – республикалық бюджет
ІҚМ– ірі қара мал
ТББ– темір-бетон бұйымдары
АЛИ – атмосфераның ластану индексі
АЛИ – ауаның ластану индексі
ЖСҚ – жобалау-смета құжаттамасы
АЕК – айлық есептік көрсеткіш
АИТВ – адамның иммундық тапшылық вирусы
ЖИТС – жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы